

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,  
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

## **ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ**

**Жалпы орта білім беретін мектептің  
3-сыныбына арналған  
оқулық**

*Қазақстан Республикасының Білім және  
ғылым министрлігі бекіткен*

**Алматы  
2018**

**ӘОЖ 373.167.1**  
**КБЖ 87.77я72**  
**I 30**

**«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру  
бағдарламасының авторы С.А. Назарбаева**

**Ізғұттынова Р.О.**

**I 30 Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің  
3-сыныбына арналған оқулық/ Ізғұттынова Р.О.,  
Мұратханова Р., Оралбекова Ә.Қ. – Алматы, 2018. –  
160 б.**

**3-сыныпқа арналған оқулықта жалпыадамзаттық  
құндылықтар мен адамгершілік қасиеттердің мәнін ашып,  
жарыққа шығаратын оқу материалдары ұсынылған.**

**ӘОЖ 373.167.1**  
**КБЖ 87.77я72**

**ISBN 978-601-7819-90-3**

**© «Бәбек» ҰҒПББСО, 2018**

## ЖАС ДОСТАР!

3-сыныптың «Өзін-өзі тану» оқулығы арқылы өзіңді, өзгелерді, айналаңды тануда көптеген жаңалықтар ашасыңдар. Оқулықтағы даналық сөздердің мәнін ұғынып, өнегелі аңыз, өсиет әңгімелермен танысып, өмірді тануға талпынатын боласыңдар. Оқулықта ұсынылған «Дана сөздер», «Бірге оқимыз», «Әңгімелесейік», «Жақсылық жасайық», «Жаңаны білеміз», «Жүректен жүрекке» атты айдарларда берілген оқу материалдарын орындау үшін іздену, зерттеу, қолдану жұмыстарымен айналысасыңдар. Түрлі сұрақтарға жауап беру, шығармашылық тапсырмалар орындау, жағдаяттарды шешу, сахналық көріністер көрсету сендердің ой-саналарыңды шыңдай түседі.

Өзін-өзі тану сабақтарынан рухани-адамгершілік білім аласыңдар. Өз бойларыңдағы адамгершілік қасиеттеріңді жақсылықтар жасау арқылы іс жүзінде көрсете аласыңдар. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін аша түсесіңдер.

Оқу материалдарын меңгере отырып, қазақ халқының мәдени мұрасымен сусындайсыңдар, кітап оқудың пайдасын біліп, оқудың, білім алудың мәнін түсінесіңдер. Отбасындағы сүйіспеншіліктің, жауапкершіліктің, өзара түсіністік пен өзара сыйластықтың мәнін ұғасыңдар. Бір-бірлеріңе мейірімділік танытуға, қамқорлық жасауға, көмек көрсетуге тырысасыңдар.

Ақжарқындық, ақкөңілділік, жомарттық, елжандылық сияқты асыл қасиеттеріңді жақсы іс-әрекеттерің арқылы көрсетуге ұмтыласыңдар.

Табиғатпен үйлесімділікте болуды, сүйіспеншілік танытуды, қамқорлық жасауды, денсаулық құпияларын ашуды, денсаулықты сақтау мен нығайтуды үйренесіңдер.

Бейбітшілік пен бірлікте өмір сүрудің маңызын түсініп, бүкіл әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау туралы түсініктеріңді кеңейтесіңдер.

Білім жолында сәт сапар тілейміз!

«Оқушы дәптері» [Ozin-ozhi-tanu.kz](http://Ozin-ozhi-tanu.kz) интернет-порталы, «Оқушыларға» бөлімі, «Электронды кітапхана» айдарына салынған.

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



– Дана сөздер



– Бірге оқимыз



– Өңгімелесейік



– Жақсылық жасайық



– Жаңаны білеміз




– Жүректен жүрекке



– Жаңа сабақ

# І ТАРАУ

## ҒАСЫРЛАР ДАНАЛЫҒЫ



## ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МЕҢГЕРЕМІЗ



Жалпыадамзаттық құндылықтар –  
өзін-өзі танудың негізі.

*С.А. Назарбаева*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.




*Ыбырай Алтынсарин*

### Таза бұлақ

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрғаны сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың су ағар жеріне жазу жазыпты:

– Әй, жолаушы, болсаң, осы бұлақтай бол, – деп. Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң, жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:




– Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді,

бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, – деді.

Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:

– Жоқ, мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы, сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді; бұлай болса, адамға да әбірет<sup>1</sup> сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек, – деді.



Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» – деп сұрады.

Жігіт айтты:

– Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай

---

<sup>1</sup> Әбірет – ғибрат.

болса, жазудың мағынасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе, күннің, шөп түссе, шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол рәуішті<sup>1</sup> сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, – деді.



- Үш жолаушы қандай бұлаққа кезікті?
- Бұлақ басындағы таста қандай жазу бар?
- Бірінші жолаушы сөздің мағынасын қалай түсінді?
- Ал екінші жолаушы қалай түсінді?
- Өзің мәтіндегі «көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта» дегенді қалай түсінесің?



### 1-тапсырма

«Ақиқат» сөзінің әрбір әрпінен басталатын адамгершілік қасиеттерді тауып жазыңдар.

А...

Қ...

И...

Қ...

А...

Т...

### 2-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Адамның әдепті істерін тізбелеп дәптерлеріңе жазыңдар.

*Ыбырай Алтынсарин*

Әдеп

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді.

Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осыншама жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты дейді.

---

<sup>1</sup> Рәуіш – сипат, рең, түр.



Сонда әкім:

– Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп,  
әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба?  
– деді дейді.

### 3-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Өлеңдегі жақсы қасиеттерді теріп жазыңдар. Олардың мағынасын түсіндіріп айтыңдар.

*Мұзафар Әлімбаев*

#### Әдептілік әліппесі

Атам маған әманда,  
Әдепті жан бол деген.  
Ата сөзі санамда –  
Жасы үлкенге жол берем.

Алдын орап кісінің,  
Кесіп өтпей көлденең,  
Ізетімен кішінің  
Сәлемдесіп қол берем.

Атам менің әманда,  
Кішіпейіл бол деген.  
Ақыл сөзі санамда –  
Мақтанбауды жөн көрем.

Өзгелерден өзімді,  
Санамаймын жоғары.  
Артық айтып сөзімді,  
Желпінгенім жоқ әлі.

Атам менің әманда,  
Әділетті бол деген.  
Ақыл сөзі санамда –  
Жүрем тура жолменен.

Қалдыратын ұятқа –  
Жалған сөзге төзбеймін.  
Жеткізетін мұратқа –  
Тек шындықты көздеймін.



Ақиқат, Сүйіспеншілік, Дұрыс әрекет, Ішкі тыныштық, Қиянат жасамау – барлық адам баласын біріктіретін, бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге көмектесетін жалпыадамзаттық құндылықтар. Жалпы-адамзаттық құндылықтар уақытқа тәуілсіз және барлық адам баласы үшін аса маңызды.

Өз бойындағы асыл қасиеттерді ашуға ұмтылу адамды жақсарта түседі. Жақсы қасиеттеріңді тек жақсы іс-әрекеттер жасау арқылы дамыта аласыңдар.


Өздеріңді үнемі ізгілікке, жақсылыққа жетелей біліңдер.



*Абай*

### **Ғылым таппай мақтанба**

Бес нәрседен қашық бол,  
 Бес нәрсеге асық бол,  
 Адам болам десеңіз.  
 Тілеуің, өмірің алдында,  
 Оған қайғы жесеңіз.  
 Өсек, өтірік мақтаншақ,  
 Еріншек, бекер мал шашпақ –  
 Бес дұшпаның білсеңіз.  
 Талап, еңбек, терең ой,  
 Қанағат, рақым, ойлап қой –  
 Бес асыл іс көнсеңіз.



- Абай атамыз нелерден сақтандырады?
- Абай атамыз нені үлгі етті?
- Адам үшін ең қымбат нәрсе не деп ойлайсындар?
- «Жақсы адам» болу үшін не істеу керек?
- Өз бойындағы қандай қасиеттерді дамытқың келеді?



### **4-тапсырма**

«Ақ» – деп басталатын адам мінезіне тән сөздерді тауып жазындар.

*Ақ...*  
*Ақ...*  
*Ақ...*  
*Ақ...*  
*Ақ...*

## 5-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Күннің жақсылықтарын топтастырып жазыңдар.

*Құрманбай Толыбаев*

### Күн кімдікі

Ұлы таулардың арасы. Жайлау түсті. Сімерлеп<sup>1</sup> таң атып келеді. Бірте-бірте жер бетінің жарығы молая түсті. Төскейді өрлеп, қой өріп барады. Сиырлар қозғалмастан, қорада күйсеп жатыр. Жылқылар биебау<sup>2</sup> басына иірілген. Сол маңдағы кісілер құлындарды ұстап, ноқта кигізген соң, желіге байлап жүр. Күннің шуағы жамырады.

Айналасын сеңгір таулар қоршаған. Суық төбенің жайпақтау бір қолатына<sup>3</sup> екі ақ боз үй қатар тігілген. Төбесінен сым қарағайлар төніп тұр. Сай табанындағы өзен жағасы сірескен өрім тал. Жотаның теріскей қапталы сыңсыған көк теректер мен ақ қайыңдар.

Үй алдындағы жерошақтан ұшқан көкшулан түтін жел жоқ болған соң, шудасы үзілмей, тіке көкке өрлейді.

Күндегісінен ертерек оянған екі бала сыртқа шықты. Тау қапталын тұтас жапқан қарағайлардың арасында діріл қаққан ақ сәуле алтын тамшыдай жылт-жылт етеді. Әлен мен Мәнен жотаның қырына иегін артып, сығалап тұрған. Күнге көздерін сығырайта қарады. Күліп тұрған секілді. Соған қызықтады ма:

– Анау күлімдеп тұрған Күн менікі!.. – деді Әлен жымия еміреніп.

Оған Мәнен көне қоймай, таласа кетті.

– Жоқ, сенікі емес, ол менің Күнім!.. Кеше сен аспандағы аппақ бұлтты менікі дегенсің.

– Ол кешегі бұлт қой, бүгінгі мына күн менікі.

– Бәрі сенікі бола бере ме? Сенің бұлтың әне, тау басында тұр. Ал Күн менікі!..

---

<sup>1</sup> *Сімерлеп* – паңданып; (сімер – паң, тәкаппар, менмен).

<sup>2</sup> *Биебау* – бие байлайтын орын.

<sup>3</sup> *Қолат* – жер бетіндегі бір бағытқа қарай төмендейтін, ұзынша келген жайпақ ойпаң.

Екі бала бірінің айтқанына бірі көнбей дауласа кетті. Ерегiскен дауыстары шiңкiлдеп, қаттырақ шықты. Ызалы дауыстарды естiген шешесi құлақ түрiп, таласының мәнісін ұқты. Жерошақтағы отты қағыстырып қойып, балаларының қасына келдi. От табына қызған қызылкүрең бетi албыраған. Екі баланың ортасына тұрып, еркелете айдарларынан сипады да, түсiндiре бастады.

– Сендер мынаны бiлiп алыңдар: көктегi Күндi жеке адамның иемденуiне болмайды.

– Неге?.. Ол менiң күнiм болуға тиiс, – дедi Мөнен жеңiлгiсi келмей.

Шешесi езу тартты.

– Өйткенi, Күн – әлемдегi жан-жануарлардың, күллi тiршiлiк иесiнiң бәрiне ортақ ырыс. Жер бетiне шуағын, жылы нұрын себелеп, жiбектей жұмсақ сәулесiмен аймалайды. Сөйтiп күллi тiршiлiкке нәр бередi. Ұқтыңдар ма?..

– Онда таласпай-ақ қоялық, Мөнен, – дедi Әлен үлкендiгiн бiлдiрiп. – Күн – саған да, маған да, анау жартастар мен тауларға да, өрiстегi малға да, жайқалған шөпке де, қарағай мен қайыңдарға да, Суық төбе сайының табанындағы суға да ортақ екен.

– Өзiң ғой таласқан, – дедi жуасыған Мөнен. Әленнiң сөзiн шешесi толықтырды.

– Шапаққа оранып, жалтырап тұрған анау Ақтас та, шуаққа жонын<sup>1</sup> тосып манаурап жатқан Жуантөбе де Күн менiкi деп таласпайды. Қайта бас иiп, табынады.

– Ендеше мен Күнге бас иемiн!.. – дедi де, Мөнен жота жақта күлiп тұрған Күнге қарай еңкейдi. – Жарқырай бер, Күн ата!..

### 6-тапсырма

Төмендегi адамгершiлiк қасиеттерге өз анықтамаларыңды берiңдер.

Мысалы: *Шыншылдық – бұл адамның шындықты бағалап, тура айта бiлу қасиетi.*

---

<sup>1</sup> *Жоны* – жотасы, арқасы.

*Адалдық  
Кешірімділік  
Мейірімділік  
Қамқорлық*



Әркім өзіне, өзгелерге, айналасына, қоршаған ортасына жақсылық жасау арқылы асыл қасиеттерін аша түседі. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп халық бекер айтпаған. Барлық ата-ана баласының адал да арлы, әділетті де шыншыл, батыл да қайсар болғанын мақтаныш етеді. Жақсы адам болудың жолы – оқу-білімге ұмтылу, жақсылық жасау, еңбекке талпыну, өнер үйрену.

Елін сүйетін, ата-анасын қадірлейтін, үлкендерді құрметтейтін, кішілерге қамқор бола алатын бала – ең бақытты адам.



**Айгөлек**

*Өлеңін жазған Нығмет Баймұхамедов  
Әнін жазған Бақытжан Байқадамов*

Көлдей шалқып жас өмір,  
Тасып жатқан шағында,  
Кемерінен шалықтап,  
Асып жатқан шағында,  
Ойын ойнап, ән салмай,  
Өсер бала болар ма?  
Күміс күлкі көрмей ол,  
Кемеліне толар ма!

*Қайырмасы:*

Айгөлек-ау, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек.  
Айгөлек деп ән шырқа,  
Ел бөбегі, кел бөбек.

Асыл сөздің ұстазы,  
Ақын болар ұрпақпыз.  
Өнер, білім, еңбекке,  
Жақын болар ұрпақпыз.  
Он саусағы майысқан,  
Шебер болар ұрпақпыз.  
Тұла бойы толған бір,  
Өнер болар ұрпақпыз.

*Қайырмасы:*

Айгөлек-ау, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек.  
Айдай толған кезімде,  
Би билеймін дөңгелеп.

## ХАЛЫҚТЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ



Мәдени мұра – халық игілігі.

*Нақыл сөз*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



**Қожа Ахмет Ясауи**  
кесенесінің салынуы туралы  
(Аңыз)

Атақты Темір өзінің жорыққа бара жатқан жолында қазіргі Түркістан жерін басып өтіпті. Маңайындағыларға әлденені айтып бұрылып жүре бергенде басындағы бас киімі жерге түсіп қалған екен. Соны иіліп ала бергенде «Япыр-ау, неге мұны иіліп өзім алдым. Өзім иілмей-ақ қасымдағылар әперер еді-ғой. Өмірімде иілмеген адам едім, сірә, мына төмпешікте сондай бір қадірлі, атақты данышпан, ғұлама біреудің жатқаны ғой», – деп ойлайды да, әскерін тоқтатып, сол жерге түнейді.



*Қожа Ахмет Ясауи кесенесі*

Түнеп жатып түс көреді. Түсіне ғұлама кіріп: «Мен Қожа Ахмет Ясауи боламын, ғылымға қызмет еттім», – дейді. «Бірақ ескерусіз жатырмын. Егер сен маған белгі орнатпасаң, осы жолы жауыңнан жеңіліп қайтасың», – дейді.

Таңертең Темір елге уәдесін береді. Қайтып келіп, мазар орнатпақшы болады. Сөйтіп жауын жеңіп келіп, қазіргі Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салған екен.



- Қожа Ахмет Ясауи туралы не білесіңдер?
- Атақты Темір қандай іс жасады?
- Оның іс-әрекетінен нені түсінуге болады?
- Адамдар бір-біріне неліктен құрмет көрсетеді деп ойлайсыңдар?
- «Ұлыдан – ұлағат» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өзің тарихи ескерткіштерді қалай құрмет тұтып жүрсің?



### 1-тапсырма

Тарихи және мәдени ескерткіштерге мұқият қараңдар, ондағы ұлы тұлғалар туралы әңгімелеп айтып беріңдер.



*Қазыбек би, Төле би,  
Әйтеке би*



*Абылай хан*



*Ұлы ақын –  
Абай Құнанбайұлы*



*Қазақтың батыр  
қыздары –  
Әлия мен Мәншүк*

## **2-тапсырма**

Халқымыздың тарихи мұрасымен таныс болыңдар. «Алтын адам» бас киімінің, бешпентінің, белдігінің суреттерін дәптерлеріңе әшекейлеп салып көрсетіңдер.





## Алтын адам

Алтын адам – сақ тайпалары өмір сүрген кезең мен олардың әдет-ғұрып, мәдениетін айрықша көрсететін тарихи мұра.

Есік обасына жерленген Алтын адам 17-18 жастағы сақ тайпасының өкілі болған. Сақ жауынгері алтынмен мол тігілген сәнді киім киген.

Қабірге металл, қыш, ағаштан істелінген ыдыстар, зергерлік бұйымдар қойылған. Алтын адам киімі төрт мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерінде жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт<sup>1</sup> тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас биік, шошақ төбелі болып келеді. Мойнында жүзік сияқты алтын алқа, ішкөйлегі, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген. Саусағында екі алтын жүзік, қамзолы құрастырылмалы белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер жапсырылған. Оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын жапсырылған қынға салынған темір қанжар-ақинақ<sup>2</sup> бар.

Алтын адам сол кездегі сақтардың жоғары мәдениетін көрсетеді.

Аспан асты мұражайына айналған қорғандар – ата-бабамыздың қалдырған ізі, тарихи ескерткіші.

Бүгінгі таңда қанатты барыспен үйлесімдік тапқан «Алтын адам» Қазақстанның ұлттық белгісіне айналды. Алтын адамның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды.

*«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясынан*

### 3-тапсырма

Өздерің тұратын аймақтағы (ауылдағы, қаладағы) тарихи және мәдени ескерткіштердің аттарын жазып, олар туралы білетіндеріңді ортаға салып айтыңдар.

---

<sup>1</sup> *Жаһұт* – асыл тас.

<sup>2</sup> *Қанжар-ақинақ* – қанжар және қысқа семсер.



Адам өміріндегі оқиғаларды, бір елдің, халықтың басынан кешкен тарихи кезеңін еске түсіретін құндылықтарды, қастерлі мұраларды ескерткіш деп атайды. Қазақ даласы тарихи-мәдени ескерткіштерге өте бай. Елімізде тарихи-мәдени ескерткіштердің түрі көп. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мемлекет қамқорлығына алынған. Тарихи және мәдени ескерткіштерді зерттеу арқылы еліміздің тарихын терең білеміз. Рухани нәр, үлгі-өнеге аламыз. Ескерткіштерді сақтау, қастерлеу ұрпаққа парыз саналады.




*Әдібай Табылды*

### Атамның өсиеті

Тарамдап күміс сақалын,  
Тақпақтап үлгі-мақалын,  
Өнеге қылып айтқаны –  
Өсиет сөзі атамның:  
– Ерлікпен туған азат күн,  
Еңбегі, салты ғажап тым,  
Дәстүрін сақта қазақтың.  
Мерейің күнмен тең болсын!  
Пейілің шалқар, кең болсын!

Әділ бол дос пен қасыңа,  
Жақсылық көрсең, тасыма,  
Жамандық көрсең, жасыма,  
Алымды тап та асылдан,  
Арыңды сақта жасыңнан!..  
Халқымның салтын сақтаймын,  
Атаның сөзін жаттаймын.  
Өнеге, тәлім, үлгісін  
Өмірде іспен ақтаймын!





- Халқымыздың қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?
- Салтты сақтау неліктен өсиет етіледі?
- Ата салтын құрметтеу қандай қасиеттерді дамытады?
- Өзің қандай салт-дәстүрлерді сақтап жүрсің?



#### **4-тапсырма**

Тыйым сөздерді оқып, естеріңе сақтап алыңдар. Оларды орындауға тырысыңдар.

#### **Тыйым сөздер**

Ақты жерге, суға төкпе.  
Аманатқа қиянат жасама.  
Адамды аттама.  
Дастарқанды аттама, баспа.  
Есікті қатты жаппа.  
Жақсылығыңды сатпа.  
Жәндікті өлтірме.  
Жатып тамақ ішпе.  
Иегіңді таянба.  
Көптің жолын кеспе.  
Малды басқа ұрма.  
Нанды жерге тастама.  
Отпен ойнама, от шығарма.  
Табалдырықты баспа.  
Тамақты сораптап ішпе.  
Үлкеннің сөзін бөлме.  
Үлкенге қатты сөйлеме.  
Үлкеннен бұрын тамаққа қол салма.

#### **5-тапсырма**

Мәтінді оқыңдар. Балаларға байланысты тағы қандай салт-дәстүрлер болатынын ата-аналарыңнан, үлкендерден сұрап біліп алыңдар.

## Бәсіре

Нартай есік алдында жүрген. Бір кезде көшенің арғы бетіндегі Ерлан ағаларының үйіне біреулердің келіп түсіп жатқанын байқады. Елең етіп тұра қалды. Тұспалы дұрыс екен, біраз күннің алдында жайлауға кеткен Ержанның әкесі Ерлан мен ағасы Ермек қайтып келіпті. Жетектеген бір тайлары бар.

Нартай тұра жүгірді. Мұны көріп Ермек те елең етті. Атын байлап болар-болмас мама ағаш басынан алыстап, шетке шықты. Өзі өте көңілді. Жайлаудан көрген-білгендері көп болса керек, үйге кіруге үлгермей, Нартайға бұрылды.

– Жайлау керемет екен, – деп бастаған әңгімесін ол: «Атам мен әжем маған бәсіре берді», – деп аяқтады.

Нартай үндеген жоқ. «Бәсіре» деген сөздің мағынасын білмесе де, «ол не?» деп жабыса кеткен жоқ. Атасының білетініне сеніп, анығын білуді кейінге қалдырды.

Жайлауда басқа да қызықтар көп болыпты. Атқа мініпті. Өзенге шомылған. Бәрінен бұрын сондағы балалармен бірге бүлдірген теруге шыққаны мықтап есінде қалыпты. Тамсана отырып айтып берді.

Түскі дастарқан басында Ерлан аға мен Ермектің келгені жайында әңгіме болды. Нартайдың есіне «бәсіре» түсті.

– Ата, бәсіре деген не? – деді атасына қарап ол.

– Бәсіре деген бе... – деді атасы мұны қалай сұрап тұрсың дегендей Нартайға бұрылып. – Бәсіре деген балаларға арнап, соның жеке өз атына меншіктеп қоятын мал. Аталар бәсіреге көбіне тай береді. Өлгі бала кейін өсіп, ержеткенде ол тай ат болады. Жігіт болған бала атты өзі мінеді деп ырымдайды. Оны неге сұрадың?

– Ержан жайлаудан бір тай жетектеп келіпті. Соны атам мен әжем берген бәсірем дейді.

– Дұрыс, – деді атасы жаймен. – Ондай да болады. Немересіне тай мінгізудің реті енді келген ғой.

– Ата, менің бәсірем жоқ па? – деді Нартай соңында.

– Бар, – деді атасы жүзін бұрып. – Жайлауда, Бейсен ағаңның жылқысының ішінде жүр. Сүндет тойында өзіңе

арнап атағам. Бейсен ағаң оны жуасытып қойыпты. Келесі жазда барып, өзің мінесің.

Нартай қуанғанынан орнынан атып тұрып, далаға жүгірді. Тезірек Ермекке барып, өзінің де бәсіресі бар екенін айтуға асықты.

### 6-тапсырма

Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы ата-аналарыңнан, үлкендерден сұрап біліңдер. Салт-дәстүрлердің аттарын тізбелеп жазыңдар.



Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай. Халықтың дәстүрі атадан балаға жетіп, жалғасып және дамып отырады. Халық дәстүрі тарихи, тәлім-тәрбиелік, рухани іс-әрекетінің көрінісі.

Мысалы: ата-ананы құрметтеу, байғазы, көрімдік беру, сүйінші сұрау, сәлем беру дәстүрге жатады.

«Салтын сүйген – халқын сүйеді» деп бекер айтылмаған. Әр ұлттың, халықтың ғасырлар бойы жинақтаған салты бар. Ол ұлттың тағылымы, өнегесі, тәрбиесі арқылы құрылған.

Қазақ халқы да өз салтын құрметтейді, сақтайды. Мысалы: той, наурыз көже, қонақасы, ерулік сияқты салтымыз бар.

Салт-дәстүрді сақтау – сүйіспеншіліктің, кеңпейілділіктің, жомарттықтың, әдептіліктің, мейірімділіктің, елжандылықтың белгісі.



### Анамның тілі – аяулы үні

*Өлеңін жазған Шона Смаханұлы  
Әнін жазған Әбиірбек Тінәлиев*

Өмірге келдім,  
Анамды көрдім,  
Деді ол: «Жаным»,  
Арайлы таңым.

Самал боп желпіп,  
Жырымен ертіп,  
Үйретті тынбай,  
Бал тілі, әнін.

*Қайырмасы:*

Анамның тілі – Айбыным менің,  
Анамның тілі – Ай, Күнім менің.  
Сүйемін байтақ елімді туған,  
Сүйемін мәңгі өмірді думан.

Мектепке келдім,  
Ұстазды көрдім.  
Тыңдадым сөзін,  
Табынып, сүйіп.

Анамның тілі –  
Аяулы үні.  
Жүрекке нұрын  
Жіберді құйып.

*Қайырмасы.*

Көңілге көрік,  
Өмірге серік.  
Әсем ән-жыр,  
Қайрат, қуатым.  
Сөйлесем мыңға,  
Өрлесем шыңға,  
Анамның тілі –  
Асыл мұратым.

*Қайырмасы.*



## КІТАП – БІЛІМ КӨЗІ



Кітап – білім бұлағы.

*Мақал*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Құрманбай Толыбаев*

### Жүз мәрте

Адам баласы тарихын зерттеп жүрген бір оқымыстының қолына Аристотельдің «Даңқ туралы» деген кітабы түседі. Тарихшы кітапты аяғына дейін ақтарып шығады. Кітаптың ең соңғы бетінен: «Мен бұл кітапты жүз мәрте оқып шықтым» деген жазуды көреді. Сөйтсе, мұны жазған Әбу Насыр әл-Фараби екен.

Әбу Насыр ылғи да қолынан тастамай Аристотельдің «Физика» аталатын кітабын оқып жүреді. Бір жолдасы:

– Бұл кітапқа неге сонша қадалып қалдың? – деп сұрайды.

Сонда Әбу Насыр:

– Бұл кітапты қырық мәрте оқып шықтым. Сөйтсе де тағы оқуым керек. Өйткені әлі толық ұғынып болған жоқпын, – деп түсіндіреді.

Әбу Насыр ешуақытта қолына алған кітапты бір не екі мәрте оқып қоя салмаған. Мағынасына толық түсінгенше ерінбей-жалықпай оқи берген. Сөйтіп, кітапта айтылған жағдайлардың мән-мағынасына ой жіберіп, жаңа ұғымдардың есігін ашып отырған. Сол есік арқылы өзі ішке кіріп, ғылым әлемінің таңғажайып сырларына қанған, гүлзарларын шарлаған.



- Кітап адамға қалайша қызмет етеді?
- Кітапты бірнеше рет қайтара оқудың пайдасы қандай?
- Оқығанын терең түсіну үшін адамға қандай қасиеттер керек?
- Өзің кітапты қалай оқисың?



### 1-тапсырма

Кітап туралы нақыл сөздерді оқыңдар.

Кітап оқу жөнінде ереже құрастырып жазыңдар.

*Жақсы кітап – ақылды адамның әңгімесімен бірдей.*

*Лев Толстой*

*Білімнің қайнар бұлағы, сенің рухани қазынаңның қайнар бұлағы – кітап. Өз кітапхананды құра біл. Кітапты бір оқып қанағат тұтпа, қайтадан оқы.*

*Василий Сухомлинский*

*Кітапты сүйіңдер! Ол сендердің өмірлеріңді жеңілдетеді. Ол сендерге адамды және өздеріңді қадірлеуге үйретеді. Ол ақыл-ойыңды, жүрегіңді, дүниеге, адамға деген махаббат сезіміне бөлейді.*

*Максим Горький*

### 2-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Өзіңнің кітап мазмұнын неше қайтара оқығанда түсінгеніңді бақылап көр. Қазіргі кезде оқып жүрген кітабыңның мазмұнын достарыңа баяндап бер. Кітаптан қандай үлгі алғаныңды айт.

### Қайта-қайта

(Аңыз)

Әл-Фараби асқан табанды адам болыпты. Әсіресе, кітап оқуға деген құштарлығы мен ынталылығы шексіз екен. Егер




ол бір кітапты оқығанда толық түсіне алмай қалса, қашан мән-мағынасын ұғынып болғанша қайыра-қайыра оқиды екен.

Бір күні бір жолдасы Әбу Насырға:

– Менің мына бір кітаптарым сіздің үйде тұра тұрсын, кейінірек алармын, – деп, кітаптарын қалдырып кетеді. Фараби кітаптарды алып, сақтап қояды.

Қолы бір босаған кезде кітаптардың біреуін алып, көз жүгірте бастайды. Сөйтсе Әбу Насырға кітап ұнап қалады. Содан кейін кітапты қайта оқып шыққан екен, тағы да онша түсіне қоймапты. Үшінші рет қайыра оқыған екен, тағы да қанағаттанбапты. Төртінші рет қайта оқыпты. Ақыры болмаған соң, қашан толық ұғынып алғанша әлгі кітапты қолынан тастамапты. Оның есесіне кітапта жазылғандарды өте айқын түсініпті. Соның нәтижесінде әл-Фараби ғылымға бой ұрып, асқан ғұлама болып шығыпты.



### **3-тапсырма**

Суретте берілген кітаптарға ат қойыңдар.

Сұрақтарға өз ойларыңды білдіріңдер.

- Бұл кітаптарда не туралы айтылады деп ойлайсыңдар?
- «Кітапты не үшін оқу керек?»



Кітап – бұл сыйлық. Кітаптың іші толған маржан сөз, үлгі-өнеге. Кітапты сүйе біл, ол саған ақылшы дос болады. Оқитын кітабыңды таңдай біл. Жақсы кітап ой-сананды өсіреді, тәлім-тәрбие береді.

Кітап оқу арқылы адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін тануға үйренесің.

Кітапты мұқият оқып, ұқыпты ұста. Кітап оқу – адамдарды, өмірді тануға жол ашады.



*Құрманбай Толыбаев*

### Қайнар

Алғаш қолына түскендей Имантай би жұқа мұқабалы бұл кітапты парақтап шолып шыққаны болмаса, толық оқымаған еді. Қаныштың құмартып сонша қадалғанын байқаған соң, балалары сабаққа кетіп, өзі үйде оңаша қалғанда қолына алды да, бастан-аяқ оқып шықты. Ия, үйрететін өнегесі көп екен. Сондықтан ересек баласы Бөкешке де оқып шығуды тапсырды.

Қаныш кітапқа үңіліп отырған. Қасына келген Бөкеш:  
– Мына кітапты қанша қайталап оқыдың? – деп сұрады.  
– Бір оқып шықтым. Енді қайта бір оқығым келіп тұр.  
– Онда кейін оқырсың. Атам мұны маған да оқып шық деп тапсырды. Айтқанын орындайын. Содан кейін оқи берерсің.

Қаныш кітапты ағасына ұстатты. Оқуға әжептәуір ысылып қалған Бөкеш ертеңінде-ақ кітапты оқып шыққанын әкесіне мәлімдеді. Имантай би баласын қасына отырғызып, кітаптағы әңгімелердің мазмұнын сұрады, желісін айтқызды. Бөкеш сынақтан мүдіріссіз өтті. Бұл оқығанды көңіліне қалай тоқығанын білудің тәсілі еді. Мұндай сынаққа балалары да дағдыланған.



Кітапты қайта қолына алған Қанышқа әкесі енді сыдырта оқыттырмай, оқыған сайын әр әңгіменің мазмұнын айтқызып отырды.

– Оқығаныңды көкейіңе тоқуың да керек. Бұл әдіс білімге бастайды. Адамның өзіне не керек екенін ұғуы – білік... – деп, Имантай би одан ары кісілік, адалдық жайлы елге айтатын насихатының сорабымен<sup>1</sup> балаларына да әдеп, кішілік, ізгілік, ізеттілік жолдарын нұсқап, бағыт сілтейді.

Көңілге қонымды басқа кітап болмаған соң ба, әлде күштарлығы ма немесе көңіліне жылы леп құйған соң ба,

---

<sup>1</sup> *Сорабымен* – бағытымен

Қаныш бұл кітапты қолынан тастамады... Сонда кітапта не жазылған?.. Баланы білім алуға нендей жолмен жетелейді?..

Кітаптағыдай өнегелі өсиеттер Қаныштың ойын ширатты, ыстық сезімге бөледі. Әкесінің айтқандарымен үйлеседі. Оқыған жақсы, білім игересің.



- Имантай би балаларының кітап оқуын қалай тексеретін еді?
- Атасы Қанышқа «Оқығаныңды көкейіңе тоқуың да керек» деп неліктен айтты?
- Кітап оқу Қанышты қандай әсерге бөледі?
- Кітап оқудың қандай пайдасы бар?
- Өзің қандай кітап оқып жүрсің?



#### 4-тапсырма

«Менің сүйікті кітабым» атты кітап көрмесін ұйымдастырыңдар. Кіші балаларға көрмені таныстырыңдар.

#### 5-тапсырма

Өз кітапшаңды жаса. Ат қой. Кітапшаңның мұқабасына сурет сал, ішкі беттерін безендір. Оған даналық сөздер жазып, достарыңа оқып бер.

#### 6-тапсырма

Кітапқа ризашылықтарыңды білдіріп, алғыс сөз жазыңдар.



Кітап – алтын қазына, онда даналықтың асыл маржандары жинақталған. Өзіңе қажетті кітапты таңдай білген жөн. Жақсы кітап саған тәлімгер ұстаз, ақылшы дос, сенімді серік бола алады. Кітап оқу ой-өрісіңді кеңейтеді, ақылыңа ақыл қосады, қиялыңды ұштайды, армандарға жетелейді. Кітапты түсініп оқысаң, өз ойыңды, мінезіңді, іс-әрекетіңді ретке келтіре аласың. Кітап адамдарға, айналаңа, әлемге сүйіспеншілігіңді арттырады.



## Мен әдепті баламын

*Өлеңін жазған Әбдірахман Асылбек  
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Мені үлкендер әдепті деп мақтайды,  
Мінезімнен теріс қылық таппайды.  
Ал, егер сен жалқау болсаң тілазар,  
Ондай әдет жақсылыққа жатпайды.

*Қайырмасы:*

Айтқан тілді аламын,  
Айтқан жерге барамын,  
Мен әдепті,  
Мен әдепті баламын.

Тілін алып кішінің де кәрінің,  
Айтқанынан шығып жүрмін бәрінің.  
Ата-ананың айтқанынан шығуды,  
Әдептілік белгісі деп таныдым.

*Қайырмасы:*

Айтқан тілді аламын,  
Айтқан жерге барамын,  
Мен әдепті,  
Мен әдепті баламын.

## ОҚУ – МЕНІҢ ЕҢБЕГІМ



Оқу – инемен құдық қазғандай.

*Нақыл сөз*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Ыбырай Алтынсарин*

**Кел, балалар, оқылық!**

Кел, балалар, оқылық.

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан,

Іздемей-ақ табылар.

Сиса көйлек үстінде

Тоқуменен табылған.

Сауысқанның тамағы

Шоқуменен табылған.

Өнер, білім – бәрі де

Оқуменен табылған.



- Оқу адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?
- «Ықыласпен тоқу» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Оқуға құштар адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек?
- «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деп неліктен айтқан?
- Білімді адамның болашағы қандай болады деп ойлайсыңдар?
- Сенің оқудағы мақсатың қандай?



### 1-тапсырма

«Екпей егін шықпас, үйренбей білім жұқпас», – деп бекер айтылмаған. Мәтінді оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша дәптерге «Қос жазба күнделігін» толтырыңдар.

*Ыбырай Алтынсарин*

### Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, аузында бір нанның уалшығы<sup>1</sup> бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

– Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет<sup>2</sup>. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттену керек, – деді.

Мәтіндегі маған ұнаған іс-әрекеттер:	Бұл іс-әрекеттер неліктен ұнады?

<sup>1</sup> Уалшығы – үгіндісі

<sup>2</sup> Әбірет – өнеге.

## 2-тапсырма

Өлеңді оқыңдар.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

- *Өскенде кім болғың келеді? Неліктен?*
- *Ол үшін не істеу керек деп ойлайсың?*

*Әдібай Табылды*

### Басты нәрсе

Басты нәрсе өмірде  
Не? – дейтұғын көңілде  
Көптен жүрген сауалдың  
Іздеді жұрт жауабын.  
Шахтер сөз қып шахтаны,  
Мақтардай-ақ мақтады:  
– Басты нәрсе кен, – деді,  
Бас маманмын мен, – деді.  
Металлург те құймасын  
Мақтады өзі құйғасын:  
– Алтын, болат, қола да  
Менсіз дайын бола ма?

Айтты диқан егінді:  
– Асырадым елімді...  
Астық – күнде мол асың,  
Аштық мүлде болмасын.  
Малшы сөзін естідік:  
– Бағып жүрмін төрт түлік,  
Сол – байлық, – деп мақтады,  
Ғалым кеуде қақпады.  
– Бәрі де жөн, дұрыс қой,  
Бәрі – байлық, ырыс қой.  
Басты нәрсе шынында,  
Оқу менен ғылымда!

## 3-тапсырма

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», – деп рас айтылған. «Білімді адам қандай болады? Тізбелеп жазыңдар.

*Білімді адам:*

- *адал да арлы,*
- *зейін-зердесі мен ой-өрісі кең,*
- *өнерге, ғылымға құштар,*
- ...



Білімді адам әлемді тануға құштар болып келеді. Жақсы мен жаманды ажырата алу үшін адамға білім қажет. Адам неғұрлым білімді болған сайын, оның адамгершілік қасиеттері жоғары болуы тиіс. Мәдениеттілік, сыпайылық, сенімділік, еңбексүйгіштік білімді адамға тән қасиеттер. Білімді адам елінің өсуіне көп пайдасын тигізеді.





*Сапарғали Бегалин*



**Бала Шоқан**  
(«Шоқан асулары» повесінен үзінді)

Қысқы үйге кіргелі Шоқандардың оқуы құнтты жүрді. Әубәкір молда да, бұрынғыдай ауыл арасының шақыруынан босап, Шоқанға парсы тіліндегі кітаптардан уақиғалы хикаяларды оқытып, білім өрісін кеңейте түсуде. Аанадағы әжесі айтқан: «Байлық та, бақыт та тиянақсыз, ең тиянақты қасиет өнер-білім. Жеті жұрттың тілін білмеген адам шалағай» деген сөзді өзінің естелік дәптеріне Шоқан жазып қойған-ды. Шоқанның күзден бергі оқуға деген ыждағатына Әубәкірдің өзі де іштей таңданатын. Ол тек жай оқып қоймайды. Оқыған кітабының уақиғасын бажайлап, түпкі мағынасын білуге ізденеді. Шоқанды аса қызықтырған Жәми ақынның «Ескендірнамасы» болды. Әубәкір өзі оқып, Шоқанға мағынасын түсіндіре, кейбір жерлерін жаздырып отырды. Ескендір Зұлқарнайын туралы шығыс елдері аузындағы аңыз әңгімелермен қатар, Жәми жырлаған дастан да сондай қызықты екен. Жас Ескендірді анасының үлкен данышпан ғалымға беріп оқытқаны Айғаным әжесінің «білім – оқуда» деген насихат сөзіне ұштасып жатты. Осыны оқығаннан кейін Шоқан бір күні әжесіне келгенде:

– Әже, сіз Жәми ақынның «Ескендірнамасын» оқыған ба едіңіз? – деді.

– Қарағым, оны неге сұрадың?

Шоқан жымиып:

– Әже, Ескендірдің шешесі ақылды болған екен. Ескендірді ең үлкен данышпан ғалымның қолына беріп оқытыпты. Сол оқу-білімнің арқасында бар әлемді билемек болып үлкен жорық жасапты, – деп Шоқан әжесінің өңіне қарады.

– Қарағым, ол дастанды мен оқығам. Сен де жақсы түсініпсің. Білімділік жақсы, мансапқорлық жаман емес пе. Ол әлемді аузына қаратам деген озбырлықтан апатқа ұшырады ғой, – деп әжесі сөзін аяқтады.

Шоқан ойланып қалды.



- Шоқанға әжесі қандай насихат сөз айтты?
- Шоқанның оқуға ықыласы қалай байқалды?
- Әжесінің Шоқанға айтқанынан нені түсіндіңдер?
- «Оқыған адам» деп кімді айтуға болады?
- Өзің оқуға неліктен қызығасың?



#### 4-тапсырма

«Білімдіге дүние жарық», – деп дұрыс айтқан. Өлеңдегі қате сөздерді табыңдар. Ол сөздерді түзетіп оқыңдар.

*Мұбәрак Жаманбалинов*

#### Әріп қатесі

Алғашқы диктанттан Ауғанбай екілік алды. Әкесі оның дәптерін көріп, әрбір сөз сайын қате жібергеніне қатты қынжылды.

– Бір сөзді де дұрыс жаза алмапсың ғой.

– Сөзді жаза алам, – деп ақталды Ауғанбай, – тек кейбір әріптерден ғана қате кеткен.

– Бірде-бір әріп қатесін жіберуге болмайды, – деді салмақпен әкесі. – Кейде бір әріптің қатесі сөздің ғана емес, бүкіл сөйлемнің немесе шығарманың да өңін айналдырып, мазмұнын өзгертіп жібереді.

– Қалайша?

– Айтайын...

– Содан кейін әкесі біраз ойланып тұрды да, бірнеше шумақ өлең айтып берді. Онда шумақ сайын жалғыз-ақ әріп қатесінен мазмұнның қалайша күлкілі болып шығатыны аңғарылады. Сол шумақтардағы әріп қателерін тауып көрейік.

Гүл бөледі даланы,  
Сыбдыр қақты жылғалар.  
Биік ұшып барады,  
Ұзын мойын тырмалар.

Аспаннан көктемде,  
Нұр төгіп күн тұрды.  
Алма да, көк тал да,  
Шақша да құлпырды.

Мін таппайсың көшеден,  
Тақтайдай-ақ жол қазір.  
Қолдың үстін кешеден,  
Тегістеп жүр бульдозер.

Мөлдір суда балықтар  
Жүреді ғой топтанып.  
Кеше сонау арықтан,  
Сүзіп алдық көп халық.

Саусағына Ауғанбай,  
Жұқтырып ап күйені.  
Бетін сипап қалғанда,  
Түйе болды иегі.

Біздің саулық семіз-ді,  
Бір-ақ туды өгізді.

Ауғанбайдың атасы,  
Ең таңдаулы мақташы.  
Осал емес әкесі,  
Шал бағатын бақташы.

Біздің байтақ арқада,  
Жақсы өседі арба да.

Менің атам үнемі,  
Жұмыс істеп жүреді.  
Жер қазуға қолайлы-ақ,  
Ұзын сапты жүрегі.

### **5-тапсырма**

«Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт», – деген нақыл сөз бар. Ертегілерді оқыңдар. Ондағы оқиғалардың шешімін тауып, айтып беріңдер.

### **Торғай мен тышқан (Ертегі)**

Торғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі егін егіпті. Тышқан жерді аяғымен қазып, торғай тұмсығымен шоқып, дән сеуіпті. Егін өте жақсы шығады. Торғай мен тышқан бітік өскен бидайды жинап алып, тең бөлісе бастайды. Бір бидай артылып қалады. Соны қайсысы аларын білмей, ақыры жанжал басталады...

### **Түлкі, қараторғай және қарға (Ертегі)**

Қараторғай бір кішкене қайыңға ұя салып, балапан шығарады. Күн өткен сайын балапандары үлкейе бастайды.

Бірде қайыңның қасынан өтіп бара жатқан түлкі биіктегі ұяны көреді. Бірақ бойы жетпейтін болған соң, қараторғайды алдап соғуды ойлайды.

– Жұрттың бәрі егін егіп бітірді, – дейді түлкі. – Менің соқам сынып қалып еді, соны жөндеуім керек, мына қайыңды кесемін.

– Кеспе, – деп жалбарынады қараторғай, – балапандарым әлі ұша алмайды, оларды қайда жіберемін?

– Олай болса, балапандарыңның біреуін бер!

Қараторғай ойға шомады. Не істеу керек?..

### Қыт-қыттың сыры (Ертегі)

Бұрынырақта тауық пен тышқан керемет дос болған екен. Күндердің күнінде тауық бір уыс бидай тауып алыпты. Досынан бидайды үгітіп беруді сұрайды.

– Мен үгіте алмаймын, – дейді тышқан.

Амалсыздан бидайды тауық өзі үгітеді. Диірменнен шыққандай мап-майда ұн жасап, одан қамыр илейді. Содан кейін ол тышқанға:

– Енді қамырды күлше етіп пісір, – дейді.

– Өзің-ақ пісіре салшы, ерініп тұрмын, – дейді досы.

Тауық бір табақты толтырып күлше пісіреді де:

– Күлшені кім жейді? – деп әдейі дауыстайды.

– Мен, мен, – деп тышқан жүгіріп келеді.

Сонда тауық:

– ...

### 6-тапсырма

Мәтінді оқып, сахналап көрсетіңдер.

*Әдібай Табылды*

### «Кім болам?»

*Қатысушылар:* Бастаушы – ұстаз, мамандар, Әділет – бала.

*Сахнаға әртүрлі мамандықты бейнелейтін суреттер ілінген.*

*«Мектеп вальсі» (музыкасы Ә.Бейсеуовтікі) ойналады. Сахнаға Әділет бастаушы шығады.*

*Әділет:* Әрбір шәкірттің асқақ арманы, алға қойған мақсаттары бар. «Мен кім болам?» деп ойланып, мақсат қойып жүрген шәкірттердің ой-арманын бейнелейтін «мамандықтар» сөйлейді.

*(«Құрылысшылар» әні (музыкасы И. Нүсіпбаевтікі) тартылады. Сахнаға Әділет шығып, әр мамандық туралы айтып тұрады. «Мамандықтар» билеп шығып, тақпақ айтып, соңынан өз орындарына тұрады).*

*Әділет:* Қуанып әр жанұя  
Алды пәтер – кең ұя.  
Ол – ең іскер елдегі,  
Құрылысшының еңбегі.

*(Құрылысшы киімін киген екі оқушы билеп шығып, «Құрылысшы болам» әнін айтады).*

*Құрылысшы:* Үлгілерге қараймын,  
Үй іргесін қалаймын.  
Өрнектерін оямын,  
Терезесін қоямын.

*Әділет:* Шаттандырып бар елді,  
Шарлаған кең әлемді.  
Ғарышкерлер кемелді,  
Нағыз ерлер келеді.

*(Ғарышкер маршпен шығады да, бәрі қол соғып, оларды қарсы алады).*

*Ғарышкер:* Тұңғиықты – ғарышты,  
Тұнып тұрған алысты,  
Орындалып арманы  
Ғарышкерлер шарлады.

*(Музыка. Металлург болып киінген оқушы, «Металлургия» тақпағын айтады).*

*Металлург:* Қорытқанмын құрышты,  
Қорғасын мен мырышты.

От жалын боп, арнаймын,  
Отаныма ұлы істі.

*Әділет:* Ақ күрішті, ақ нанды,  
Аппақ алтын мақтаны.  
Егіншілер береді,  
Елдің олар мақтаны!

*(Музыка. Диқаншы болып киінген бала «Егіншілер» бiн билейдi. Биден соң диқан сөзi деген тақпақты айтады).*

*Диқан:* Сан мәшине, комбайн,  
Сайлап іске қамдайын.  
Мерейлімін ісіммен,  
Мезгілден кеш қалмаймын.

*Әділет:* Елде сақтап амандық,  
Емдеп жұртты аман қып.  
Қуантады қашан да,  
Құт дәрігер мамандық.

*(Музыка. Дәрігер болып киінген бала сахнаға шығады. Бәрі қол соғып қарсы алады. «Дәрігер сөйлейді» тақпағын айтады).*

*Дәрігер:* Денсаулығын баланың,  
Жан саулығын ананың,  
Қал-жағдайын қарттың да  
Қамқорлыққа аламын.

*Әділет:* Іскер – ғалым инженер  
Меңгереді мың өнер.  
Оның игі ісімен  
Отанымыз гүлденер.

*(Музыка. Инженер болып киінген бала сахнаға шығады. «Инженер» тақпағын айтады).*

*Инженер:* Өндіріске көптеген  
Өрісі мол тоқ берген.  
ГРЭС, ГЭС – тер жұмысын  
Мен арқылы өткерген.

*Әділет:* Оқу – білім арнасы,  
Ұстаз – оның анасы.  
Дамытады ол адамның  
Ақыл-ойын, санасын.

*(Музыка. Сахнаға ұстаз болып киінген бала шығады.  
Оны бәрі қол соғып қарсы алады).*

*Ұстаз:* Терең ойлы ғалымды,  
Ақындарды жалынды,  
Баурадым мен біліммен,  
Алға бастап бәріңді.  
Болса кімнің талабы,  
Өмірден жол табады.  
Мақсатына лайық,  
Мамандығын алады.

*(Бәрі көрермендерге бас иеді. «Кім болам?» әуеніне билейді).*

*Әділет:* Әркімнің бар талабы:  
Әрбір кәсіп бағалы.  
Әрекетпен, біліммен  
Өстіп орнын табады.



Адам өмір бойы білім алумен айналысады. Білім – ол мол байлық, сарқылмас қазына, таусылмайтын кен. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген нақыл сөз бекер айтылмаған.

Білім алу – талмай оқумен, үнемі ізденіспен, қажырлы еңбекпен келеді. Оқып-білген сайын адамға дүние сыры ашыла түседі. Білімді болсаң, өзінді, айналаңды, әлемді тани аласың. Ең бастысы – біліміңді жақсылыққа жұмсау керек.



## Біз көңілді ұланбыз

*Өлеңін жазған Қосжан Мүсірепов  
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Біз көңілді ұланбыз,  
Ән шырқаймыз, сайраңдап.  
Бақытты елде туғанбыз,  
Жаз гүліндей жайраңдап.

Бөбектерді қуанытып,  
Құрметтейміз қарттарды.  
Өнерге біз құмартып,  
Өсіреміз бақтарды.

Шынығамыз, ойнаймыз,  
Жас ұрпақпыз талапты.  
Жаз қызығын тойлаймыз,  
Жақсы оқимыз сабақты.





## ТЕСТІЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

### 1-тест

Әжең үнемі «үлкендердің сөзін бөлме, әдеп сақта» деп айтып отыратын. Бірде сен үлкендердің әңгімесіне килігіп, қызу таласқа түсіп кеттің. Әжең бұл қылығыңды ұнатпаған кейіп танытты.

*Сенің әрекетің қандай?*

- А) Үлкеннің сөзін бөлмеу керектігі есіме түсіп, дереу тоқтай қаламын.*
- Ә) Өзімдікін дұрыс санаймын.*
- Б) Әжемнің құптамауын байқасам да, сөз таластыруды жалғастыра беремін.*

### 2-тест

Досың екеуің саябаққа серуендеп келген едіңдер. Саябақта орнатылған ескерткіштің қоршауы құлап жатқанын байқап қалдың.

*Сенің әрекетің қандай?*

- А) Бұған менің ешбір қатысым жоқ деп санаймын.*
- Ә) Қолымнан келетін іс екенін білсем де, серуендеуді жалғастыра беремін.*
- Б) Досымды көмекке шақырып, қоршауды түзетіп қоямын.*

### 3-тест

Мұғалім оқушыларға кітапханадан кітап алып оқуды тапсырды. Келесі сабақта оқыған кітаптың мазмұнын айтып беруді айтты. Ал сен болсаң, бұл тапсырманы ұмытып кеткен едің.

*Сенің әрекетің қандай?*

- А) Тапсырманы орындамағанымды мойындасам да, кешірім сұрамаймын.*
- Ә) Тапсырманы орындамағаным үшін ұялмаймын.*
- Б) Мен мұғалімнен кешірім сұрап, енді бұлай істемеуге уәде беремін.*

#### 4-тест

Кітапханадан әкелген кітабыңды оқуды кейінге қалдырып, үстелге қойып кеттің. Кітаптағы суреттерге қызыққан кішкентай қарындасың кітап беттерін шимайлап тастады.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Кітап өзімдікі болмағандықтан, ешбір әрекет жасамаймын.*

*Ә) Кітапханашыға шындықты айтамын.*

*Б) Кішкентай қарындасыма ақылымды айтамын, бірақ кітапханашыдан шындықты жасырып қаламын.*




#### «Мейірім тамшылары» жобасы

Қалай ойлайсыңдар, қандай әндерді «мейірімді әндер» деп айтуға болады? Ондағы басты нәрсе не?

Осындай әндерді іздеуді бастаңдар.

# II ТАРАУ

## ЫНТЫМАҚТЫ ОТБАСЫ



9-10

## ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ



Ата-ана – бас ұстаз.

*Нақыл сөз*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Сырбай Мәуленов*

**Ата**

Айтады ертеқ жан атам,  
Ақ сақалын салалап.  
Құмарымды таратам,  
Жер мен көкті аралап.  
Ертегілер еліне  
Бір шегетін сапарды.  
Ардақтаймын өмірде  
Асқар таудай атамды.



**Әже**

Мейірімі жел жібек,  
Күндей ыстық құшағы.  
Ет жүрегі елжіреп,  
«Құлыным» деп құшады.  
Жан жуытпай маңына,  
Ас сақтайды кәрі әжем.  
«Бес» ап келсем, алдына  
Биіктейді дәрежем.



## Әке

Атам айтса «Ұлым!» деп,  
Әжем айтар «Күнім!» деп,  
Екеуінен қаймығып,  
Айтады әкем «Інім!» деп.  
Ықыласы бір менде,  
Бір қабағын шытпайды.  
Үйде, түзде жүргенде,  
Соған ұқсап бағамын.



## Апа

Апам ыдыс жуады,  
Мінезі оңды, биязы.  
Ол барында тұрады,  
Жайнап үйдің жиһазы.  
Желдеткішті ашады,  
Мөлдір ауа кіргізіп.  
Шұғыласын шашады  
Үйімізде күн жүзіп.



## Қарындасым

Қарындасым Қарлығаш  
Тал шыбықтай талдырмаш.  
Қанатымен су сепкен  
Секілді ол қарлығаш.  
Шілде күні шыжыған  
Су тасиды гүлдерге.  
Сырттан қарап қызығам  
Қуыршақтай жүргенде.





- Ата-әженің мейірімі қандай әсерге бөлейді?
- Әке мен ананың жылылығы деп нені айтамыз?
- Отбасында қалайша татулық орнатуға болады?
- Бауырмалдық дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өзің туғандарыңа сүйіспеншілігіңді қалай білдіріп жүрсің?



### 1-тапсырма

Жұмбақтардың шешуін табыңдар.  
Жұмбақтардың шешуінің бірінші әріптерін пайдаланып, сөз құрастырыңдар.

### Жұмбақтар

Жаңа туған айды алып,  
Саптадық та қайрадық.  
Енді егінді орамыз,  
Пісіп тұрған сарғайып. (...)

Дастарқанға шуылдап  
Күніне үш жиылар.  
Жарты сағат қимылдап,  
Жарты сағат жуылар. (...)

Бөлеймін ұшсам,  
Аспанды жырға.  
Мен болам,  
Асқан,  
Сида құс ... .

Болмайды бізді,  
Ешқашан ату.  
Түсім аппақ,  
Атым ... .

Зытады менен,  
Аңдар да үркіп.  
Жез тұяқ ерен  
Қыранмын ... .

Қояды екен әр шаруа  
Қазығына құт байлап.  
Қанша құйып алсаң да,  
Сарқылмайды сүт, қаймақ. (...)

## **2-тапсырма**

Диалогты жалғастырып айтыңдар.

### **Әжесі мен немересі**

Әжесін құшақтап отырған Айдана:  
– Әже, ертегі айтып беріңізші, – деді.

Әжесі:

– ...

### **Әкесі мен баласы**

Әкесі Әлиге шахмат ойнауды үйретпекші болды.

Әкесі:

– Балам, шахмат ойыны – ой-өрісті дамытады, – деді.

Әли:

– ...

### **Анасы мен қызы**

Анасы қызы Әсемге дастарқан даярлауды үйретіп жатыр.

Анасы:

– Қызым, дастарқан жаю – халқымыздың қонақжай пейілін білдіреді.

Әсем:

– ...

### **Ағасы мен інісі**

Ағасы Мұрат пен інісі Қуат екеуі күнде таңертең жүгірмекші болып келісті.

Ағасы Мұрат:

– Қуат, сен жүгірудің қандай пайдасы барын білесің бе?  
– деп сұрады.

Қуат:

– ...

### 3-тапсырма

Ата-ана алдындағы баланың парызын жалғастырып жазыңдар.

*Ата-ана алдындағы баланың парызы*  
*Ата-анаңды құрметтеу.*  
*Ата-анаңды сыйлау.*  
*Ата-анаңа қамқор болу.*



Отбасы – тәлім-тәрбие мектебі. Адам өнеге-үлгіні отбасынан алады. Халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын отбасынан үйренеді. Үлкенді құрметтеу, кішіге қамқорлық жасау, адалдық, әдептілік, еңбексүйгіштік отбасының өнеге-үлгісі болып табылады. Отанды сүю, ана тілін құрметтеу, табиғатты аялау да отбасынан басталады.

Отбасы – сүйіспеншіліктің, шаттықтың ордасы.



*Нұрғали Қадырбаев*



### Мейірім

Айнұр көпшіл. Үнемі өзі қатарлы қыздар мен ұл балалар арасында ойнап жүреді. Олар да Айнұрдың соңынан бір елі қалмайды.

Енді, міне атасы мен әжесінің ауылымен қош айтысатын мезгіл де жетті. Әкесі – әскери қызметкер. Кезекті демалысы бітті. Жауынгерлік жаттығуларына қайта оралмақ.

Атасы мен әжесі:

– Балам, қайда жүрсең де аман бол! Еліңді, жеріңді сүй, қорға! – деді.

Айнұр қоштасар сәтте ерекше мінез көрсетті.

– Ата, әже, әке, ана, бәріміз бірге тұрайық, – деді.



– Кәнеки, ондай болса. Бірақ әкеңнің жұмысы бар. Атаң мен әжең ауылда. Мүмкін емес қой, жаным, – деді әжесі бауырмал Айнұрды кеудесіне қысып.

– Онда мен атам мен әжемнің қасында қаламын. Кетпеймін. Кім қарайды оларға? – деді төрт жасар Айнұр көзі жасаурап.

– Ендігі демалыста тағы келеміз, – деді анасы.



– Жоқ. Мен осы жерде қаламын.

– Айнұр әкесімен, анасымен беймарал қоштасты. Қолын бұлғап қалды.

Әкесі мен анасы Айнұрдың бүгінгі мінезіне қайран қалды. Әйтсе де қимай қоштасқандары жүздерінен байқалады.

Ал атасы мен әжесінің қуаныштарында шек жоқ. Айнұрдың атасы мен әжесіне кішкентай бүйрегінің бұрып тұрғанына әбден риза болды.



- Кішкентай Айнұрдың бойында қандай қасиеттер бар?
- Айнұрдың атасы мен әжесінің қасында қалғысы келуінің сыры неде?
- Жақын адамдардың арасында қандай сезім болады?
- Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өзің отбасындағы жауапкершілікті қалай атқарып жүрсің?



#### 4-тапсырма

«Отбасы» тақырыбына «Бес жол өлең» (синквейн) құрастырып жазыңдар.

Бес жолдан тұратын өлеңді жазу ережесі:

1-жолға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).

2-жолға тақырып екі сөзбен сипатталып жазылады (сын есім түрінде).

3-жолға үш сөзбен тақырыпқа қатысты іс-әрекет жазылады (етістік түрінде).

4-жолға төрт сөзден тұратын тақырыпқа қатысты бір сөйлем жазылады.

5-жолға тақырыптың мәнін сипаттайтын бір сөз жазылады.

#### 5-тапсырма

Ата-аналарыңа арнап ашықхатқа алғыс жазыңдар. Ашықхатты безендіріңдер.

#### 6-тапсырма

Мәтінді оқып, сахналап көрсетіңдер.

*Әдібай Табылды*

#### Сыйласым

*Қатысушылар:* Ғалымбек – тәрбиеші, Күлдірген – оқушы.  
*Ғалымбек көрермендермен амандасады. Күлдірген қуанып, алақайлап келеді.*

*Ғалымбек.* Сәлеметсіңдер ме, балалар!

*Күлдірген.* Алақай, алақай! Алақай, алақай!

*Ғалымбек.* Ау, Күлдірген! Ия, қуанышың құтты болсын!  
Бұл ненің қуанышы?

*Күлдірген.* Әділеттің сіңлісі Маржан бүгін мектептен «бес» деген баға әкелді. «Бес!»

*Ғалымбек.* Күлдірген, сен қуана біледі екенсің, мұның жақсы. Бірақ Маржанның Әділетке кім екенін білмей тұрсың.

*Күлдірген.* Ағай, ол Әділеттің сүйікті сіңлісі.

*Ғалымбек.* Қыз бала ағасына «сіңлі» болмайды, қарындас болады.

*Күлдірген.* Ал өзінен үлкен қыз балаға Маржан кім болады?

*Ғалымбек.* Қыз бала өзінен үлкен қыз балаға сіңлі болады.

*Күлдірген.* Ағай, оны енді білемін.

*Ғалымбек.* «Енді білемін» деп тоқмейілсу дұрыс емес, туыстық, жақындықты біліп қана қоймай, дәстүр бойынша оларды қалай сыйлауды да біліп, әдептілікті үйрену қажет, мысалы, сен атадан бастап отбасы мүшелерінің туыс, жақындықтарын айтшы.

*Күлдірген.* Ата дегеніміз ата, оның баласы оған бала... Ия, одан кейін баланың баласы, баласының баласы...

*Ғалымбек.* Міне, сен отбасы мүшелерінің туыстық, жақындық атауларын да білмей тұрсың. Бұл ұят.

*Күлдірген.* Ағай, атаның баласын баласының баласы дегенде, енді басқаша не дейміз?

*Ғалымбек.* Атаға жақындық реті былай болады: ата, оның баласы, содан соң немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жүрежат, туыс...

*Күлдірген.* Ағай-ау... Мұның бәрін кім жаттап жүреді?

*Ғалымбек.* Туыс, жақындық атаулары жаттап алатын тақпақ емес, оны білу, сезіну қажет. Ағаны інісі мен қарындасы, апаны, яғни әпкені інісі мен сіңлісі құрметтеп, сыйлай білуі керек. Өзінен үлкеннің тілін алу, оны сыйлау, құрметтеу – халықта қалыптасқан әдеп, дәстүр.

*Күлдірген.* Сонда ең кішісі басқа үлкендердің алдында құрдай жорғалап, жүруі керек пе, ағай?

*Ғалымбек.* Сыйлау деген – «құрдай жорғалау» емес. Ол әдеп пен ізеттілік көрсету. Үлкен кішіге қамқорлық көрсетсе, кіші үлкенге құрмет көрсетеді. Сөйтіп, әдептілік адамдар арасындағы ризашылықты, сыйласымды туғызады.

*Күлдірген.* Ағай, былайша да «адам – адамға дос, бауыр, туыс» емес пе? Әә?

*Ғалымбек.* Күлдірген, сен – ақылдысың. Айтқан сөзің дұрыс. Адам жалпы бірін-бірі сыйлап, жақындық, жақсылық көрсетуі керек. Ал бір отбасындағы адамдар бір-біріне бәрінен де жақын.

*Күлдірген.* Білсең, отбасындағы әрбір адамның әдептік міндеті бар. Бала әкенің айтқан ақылын орындап, оған ең жақын кеңесші, дос, жанашыр болуға тиіс, аға мен әпке өздерінен кішілерге қамқорлық жасап, оларға әдеп көрсетіп, оларды тәрбиелеуге міндетті. Әке-шешенің алдында дәрекі

сөйлеп, дауыс көтеруге болмайды. Өзіңнен кішіге үлгі-өнеге көрсете білмесең, жақсы адам бола алмағаның.

*Күлдірген.* Мұның бәрін (көрермендерді көрсетіп) мынау балдырғандар біле ме, ағай?

*Ғалымбек.* Ата-ананың тәрбиесін жақсы қабылдаған бала бәрін де білуге міндетті.

*Күлдірген.* Әсіресе, сыйласымды атадан бастау керек. Солай ғой, ағай, ө?

*Ғалымбек.* Әрине, сыйласым атадан басталады. Саған «Ата» деген тақпақты орындап берейін, қане тыңда, жаттап ал:

Атама әкем – немере,  
Атам оны сүйеді.  
Оннан астам шөбере,  
Атама бас иеді.  
Атам бізге елжіреп,  
Алып күнше қарайды.  
«Алтындарым келді» – деп,  
Ақ сақалын тарайды.  
Атам көріп ізгілік,  
Кәрілікке көнбейді.  
Күтсек, парқын біз біліп,  
«Мың жасаймын мен» дейді.

*Күлдірген.* Мен бұл тақпақты жаттап аламын да, өсиетті орындаймын, ағай.

*Бастаушы.* Бұл жақсы. (көрермендерге) Әдептілікті осылай үйрену керек, достар!



Бәрі де отбасынан бастау алады. Отбасы – алтын ұя. Отбасы – сүйіспеншілік ортасы. Адам баласы отбасында дүниеге келеді, осында тәрбие алады. Өмірге қанат қағады. Адам отбасымен бақытты, себебі отбасында аялы алақанды сезінеді, жылы, ұлағатты сөз естиді. Мейірімге бөленіп, қамқорлық көреді.

«Отбасы – татулық мекені» деп айтады. Өзара түсіністік пен келісім, қамқорлық пен сыйластық отбасын бақытқа бөлейді.



## Жан ана

*Сөзі мен әнін жазған Алтынбек Қоразбаев*

Өз балаңнан артық бала бар ма, ана,  
Мәз боласың, жарай қалсам шаруаңа.  
Теңізді де кешіп өтіп жетпей ме,  
Жан ботасын сағынғанда Аруана.

Аруанасың, мен ботаңмын, жан ана,  
Сенсіз менің бақ жұлдызым жана ма?  
Сенсіз менің айым туып алдымнан,  
Атым шауып бас бәйгені ала ма?

Асыл ана сенен қуат аламын,  
Алдым сенен атар таңның арайын.  
Сенің ғана жанарыңда тұратын,  
Мейірімді қайдан ғана табайын.



11-12

## БАСТАУЛАРДЫҢ БАСТАУЫ...



Отбасы – жылылық ұясы.

*Нақыл сөз*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Қастек Баянбай*

Үйің

Көкең бала болған,  
Жілік майын сорған.  
Үшқан біздің әулет  
Осы алтын ордаң.  
Әлди, әлди, әлди.

Келдің демей қайдан,  
Дастарқанын жайған.  
Құттыханаң осы,  
Оты шалқып жанған.  
Әлди, әлди, әлди.

Күніне бір елі  
Өсіретін сені –  
Анаңның ақ сүті,  
Туған үйдің төрі.  
Әлди, әлди, әлди.

Жастайыңнан сүйген,  
Қамсыз ойнап-күлген,  
Басталады Отан  
Осындай әр үйден.  
Әлди, әлди, әлди.





- Туған үй несімен қымбат?
- Адамға туған үйі не үйретеді?
- Туған үйге оралғанда адам қандай әсерге бөленеді?
- Туған үйіңді қалай қадірлейсің?



### 1-тапсырма

Туған үйге қатысты жылы сөздерді топтастырып жазыңдар.

### 2-тапсырма

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, мақал-мәтелдерді оқыңдар.

Өз ... – өлең төсегің.  
Туған үйдің ... де жылы.  
... үй – базар.  
Туған ... – тірегің.  
Өз үйім – кең ... боз үйім.

*Қажетті сөздер: үй, түтіні, балалы, сарайдай, үйің,*

### 3-тапсырма

Өз үйлеріңнің суретін салыңдар.



Әрбір адамның өз туған үйі бар. Әркімге өз туған үйі бәрінен де ыстық. Сондықтан адам қашан да өз үйін аңсап тұрады. Туған үй жаныңды жылытады, қуаныш сыйлайды, көңіліңді көтереді. Туған үйде өзіңді сағына күтетін адамдар бар. Туған үйдің жылуы адамға қуат береді.

Туған үй – береке-бірліктің, татулықтың ордасы.



*Қасым Қайсенов*

### Үйді сағындым

Бір жылы мені ағайым нағашыларыма апарып тастады. Нағашым – Қаршыға, оның ішінде – Итбақбасы. Туған нағашым – Ешкі ақсақалдың менің шешемнен басқа Рақымбай, Рақым деген екі ұлы бар. Рақым нағашым – сол кездегі оқыған адамдардың бірі, бала оқытады. Кейіннен ол кісіден мен де оқыдым. Қазақтың ескі әдеті бойынша өз нағашымның үйінде емес, олардың «Үлкен үй» деп атайтын Иса деген інісінің үйінде жүрмін. Иса әлді шаруа еді.

... Мен өзімнің туған нағашыларымды біліп қалған кезім, олардың бірін көрсем, жайнап кетемін. Ал мына үйдің іші маған бөтен сияқты. Өзімнің Ешкі нағашым қандай жақсы. Ол кісі орта бойлы, сақал-мұрты аппақ. Көзі бүркіттің көзіндей от шашып тұратын, бетінен нұры тамған ажарлы адам болатын. Өте күйгелек кісі еді. Оның кемпірі Ажар апам да өнді кісі. Екеуі де мені көргенде айналып-толғанып, аймалап сүйетін.

Нағашыларым киім-кешегімді бүтіндеп берген. Ол кезде қанша уақыт ол үйде жүргенімді білмеймін. Жер қарада барып едім, міне, қыс түсті. Қар қалың. Малтығып, екі үйдің арасында ойнап жүрмін. Екі үйде де мен ойнайтын бала жоқ, барлығы ересек. Сәл менен үлкен Кәмал деген Иса нағашымның қызы бар. Бірақ онымен ойнаудың сәні жоқ. Оны түмсықтан бір-ақ сүйкеп, жылатып қоямын.

Енді үйді сағындым. Ауылдың балаларын сағындым. Үйге қайтқым келеді. Кім мені үйге апарды? «Үйге қайтамын», – деп бір-екі рет қыңқылдап едім, ешкім тыңдамады. Енді ел жақтан біреулердің келгенін күттім. Ауық-ауық ел жақтан келетін жолға көзім талғанша



қараймын. Бір күні Кенже аға (Мұса – өкемнің інілерінің бірі) келе қалды. Қуанып кеттім. Жүгіріп барып, құшақтай алып жылап жібердім. Ол басымнан сипап:

– Неге жылайсың? Үйіңді сағындың ба? – деп сұрады.

– Ия, мені жібермейді. Қайтсең де, мені ала кет, – деп оның алдынан нағашылар шыққанша, Кенже ағаға айтып үлгердім.

Құдаларына мені «алып кетемін» деп ашық айтуға бата алмады ғой деймін, ол кезде Кенже аға жас жігіт еді.

– Ендеше мен шай ішіп бола берген кезде, киіміңді ки де, ел жаққа шығатын жолмен көрінбей, біраз жерге жаяу кетіп қал, – деп ақыл үйретті.

Онымен бірге өз нағашымның үйіне кірдім. Онан енді айырылғым келмейді. Ол үй-ішімен амандасып, төрге шығып отырды. Мен де оны тізерлей отырдым.

– Ана Қу қараны қарашы, туысынан айырылар емес, – деді Ажар апам күліп.

– Енді туысын, ағасын танымайтын бұған не бопты. Қу қара біледі кімнің жақын екенін, – деп қойды Кенже аға, басымнан сипап. Біраздан соң шай келді. Жұрт шай іше бастаған кезде сытылып сыртқа шығып кеттім. Ел жаққа баратын жолмен ауылдан алыстап кетіп барамын, кетіп барамын. Қуанышым қойныма сыймайды. Қуанғаннан алға қарай жүгіріп келемін. Не заматта ол кісі мені қуып жетті-ау!


– Кел, Қу қара, отыр, – деп, шанасының алдына бетімді өзіне қаратып отырғызды да, жүріп кетті. Көк ала ат алып ұшып келеді.



- Адам туған үйін үнемі сағынып тұруының себебі неде?
- Туған үйдің жылылығын қалай сезінесің?
- Туған үйге сүйіспеншілігіңді қалайша білдіресің?
- Өзің туған үйіңді не үшін жақсы көресің?



**4-тапсырма**  
Суреттерге қарап, әңгіме құрастырып айтыңдар.



**5-тапсырма**  
Отбасы ережесін құрастырып жазыңдар.

## 6-тапсырма

Өз отбасындағы жақындарыңның бойындағы жақсы қасиеттерді атап айтыңдар.



Жер бетінде туған үйге жететін орын жоқ. Адамның өзін емін-еркін, ашық-жарқын, бақытты сезінетін ортасы – туған үйі.

Өз үйің күн сияқты, жылылықты табасың. Өз үйің – мейірімділік, қамқорлық мекені. Ол – адамның әрқашан оралатын қазығы. Туған үйге сағыныш ешқашан ортаймайды. Туған үйің – қашанда құшақ жая қарсы алатын алтын ұяң.



## Қошақаным қайда екен?!

*Өлеңін жазған Сабырхан Асанов  
Әнін жазған Әсет Бейсеуов*



Жазда апамның ауылына,  
Барып едім қыдырып.  
Бір қошақан алдымнан,  
Ойнап шықты жүгіріп.

*Қайырмасы:*

Ақ маңдайы ай ма екен?!  
Шекер ме екен, бал ма екен?!  
Кеттім оны сағынып,  
Қошақаным қайда екен?!

Демалыста өзінді,  
Тағы іздеп барамын.  
Бір қошақан бәрі бір,  
Сені тауып аламын.

*Қайырмасы.*

Қозыларым жүр ме екен?  
Ерке сұлу сол ма екен?!  
Мені қашан келер деп,  
Сағынып ол жүр ме екен?!

*Қайырмасы.*

## ӨЗІНДІ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРДЫ ТҮСІНЕ БІЛУ



Сыйласаң, сыйлы боларсың.

*Нақыл сөз*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Ермек Өтетілеуұлы*

**Біздер сәлем береміз**

Қайтар жолда мектептен  
Көп танысты көреміз,  
Бәріне де ізетпен  
Біздер сәлем береміз.

Құрбы, досқа күлімдеп.  
Жақындаса кетеміз,  
Атын атап:  
Сәлем! – деп,  
Бас изесіп өтеміз.

Кездесе, егер ағалар,  
Немесе әпке-апалар:  
Сәлеметсіз бе, ағай! – деп,  
Сәлеметсіз бе, апай! – деп,  
Ұл-қыз сәлем береміз,  
Өнегелі өренбіз.

Жолықтырсақ, ал енді  
Ақ жаулықты әжейді:  
Амансыз ба, әжей! – деп,  
Есенсіз бе, шешей! – деп,  
Қолдарын біз аламыз,  
Инабатты баламыз.



- «Сәлем – сөздің анасы» деп неліктен айтады?
- Адамдар бір-бірімен не үшін сәлемдеседі?
- «Сәлемі түзу» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өзің кімдермен, қалайша сәлемдесесің?



### 1-тапсырма

Сұрақтарға жауап беріңдер.

- *Адамдармен қалай амандасу керек?*
- *Қандай жағдайда орныңнан тұрып сәлемдесу керек?*
- *Кімнің бірінші болып амандасуы керек?*
- *Сәлемдескенде кімге қандай сөздер айту керек?*

### 2-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Жақсы, жылы сөздерді тізбелеп жазыңдар.

*Өтебай Тұрманжанов*

**«Сіз», «біз» деген жылы сөз**

«Сіз», «біз» деген жылы сөз –  
Жылытады жүректі.

Жақсылық билеп жанды тез,  
Оятады игі тілекті.

Біреуге біреу жақсылық,  
Тілесөз әр кез жаны ашып,  
Осы бір шырын-тәттілік,  
Тұрмай ма жанға жарасып?!

Баршаға керек жақсылық!  
Жақсылық сүйер жанымыз,  
Баршаға жетер жақсылық,  
Қызғанбай бөліп алыңыз!

«Сіз», «біз» деген жылы сөз –  
Жақсылықтың мейірі.

Бір-біріне болып кез,  
Кең болсын адам пейілі!

### 3-тапсырма

«Сәлемдесе білемін» тақырыбында сахналық көрініс дайындап, көрсетіңдер.

1. *Ата-әкелерге сәлем беру.*
2. *Әже-апалармен сәлемдесу.*
3. *Қыз баламен сәлемдесу.*
4. *Таныс емес адаммен сәлемдесу.*



«Сәлем – сөздің анасы» деп бекер айтылмаған. Адамның әрбір күні, әңгімесінің басы сәлемдесуден басталады. Сәлемдесу – ол басқа адамдарға өзіңнің достық пейіліңді, құрметіңді, тілектестігіңді білдіру. Сәлемдескенде сөзді анық, сабырмен айту керек. Жылы шыраймен, ақжарқын амандасу адамның жақсы мінезді екенін көрсетеді.

Сәлемдесіп жүру, сәлемге жауап қайыру адамның жоғары мәдениеттілігін білдіреді.



*Шәкен Күмісбайұлы*

## Гүл

Ойда-жоқта Тоты апай ертеңгісін балаларды жиып ап, сапқа тұрғызды. Қолдарына алқызыл, көк гүлдерден бір-бір бумадан ұстатты.

– Балалар, сендер қазір мектепке барасыңдар. Өздеріңнен үлкен тәтелерің мен ағаларыңның мектеп бітірулеріне арналған салтанатты мәжіліс болады. Соңғы қоңырау соғылады. Тақпақ айтып, ән шырқайсыңдар, билейсіңдер. Оларды құттықтап гүлдеріңді сыйлайсыңдар.

Сапта тұрған ақ бантикті қыздар мен балалар гүл ұсынған бөбектерді өздерімен бірге салтанат біткенше ертіп жүрді. Балаларға сырты көк дәптер мен қарындаштар сыйлады. Бәрі бірге суретке түсті.

Содан бері Асқардың мінезі күрт өзгерді. Таңертеңгісін ерте тұрады. Үйдің артындағы бақта гүл атызы бар-тын. Ерінбей бұлақтан су әкеп суғарады. Ішінен күбірлеп:

– Өс, тезірек, өс! – дейді. Асқардың бұл өтінішін орындағандай алқызыл гүлдер қауызын ашып, күн нұрын төге ғажайып түске енеді, құлпырып кетеді. Асқар тіпті гүл шоғына қонақтайтын қызыл-жасылды көбелектерден қорғаштайды.

Сөйтіп, көптен күткен күз айы да жетті. Таңертеңгісін шешесі Асқарды киіндіріп, қапшығын қолына ұстатты да, мектепке алып бармақ болды.

– Апа, – деді сол сәт ол. – Мен қазір келемін.


Асқар жүгірген бойы бақшаға кіріп, алқызыл гүлден бір бумасын үзіп алып келді.

– Апа, мектепке гүл алып бару керек. Біз Тоты апаймен барғанда сөйткенбіз. Гүлсіз мектепке кіргізбейтін болар, – деді келген бойда. Шешесі қуана күлді.

– Балам, мектепке гүлсіз де баруға болады. Гүлді ең құрметті адамға сыйлайды.

– Онда саған сыйласам қайтеді? – деді Асқар.

– Маған сыйлағаның болсын, гүліңді бүгін мұғаліміңе сыйла! – деп Асқарды құшақтап сүйді шешесі.



- Асқар салтанатты мәжілістен не ұқты деп ойлайсыңдар?
- Адамдарды қалайша қуантуға болады?
- Сезімтал, мұқият болудың қандай пайдасы бар?
- Өзің басқаларды қуанту үшін не істей аласың?



#### 4-тапсырма

Адамдармен өзара қарым-қатынаста түсіністік болуы үшін сөзді ұға білу қажет. Мәтіндерді оқып, сөз сырын ұғып алыңдар.

*Фариза Оңғарсынова*

#### Сөз сыры

##### «Жібі түзу»

Балалар мысықты таспен ұрып қуалап жүрді. Біреуі мысықты ұстап алды. Екіншісі оның мойнына жіп байлап, сүйремекші болады. Бәрін көріп тұрған Әлима әже балаларға ұрсып, мысықты босаттырды. Сосын бәріне:

– Іштеріңде жібі түзу бала болсайшы, – деп кейіді.

*«Жібі түзу» деп, дұрыс жүретін, тәртіпті, адамгершілігі бар адамды айтады.*

##### «Бас десе, құлақ дейді»

Марат сабақтан келсе, анасы үстелдің тартпасын ақтарып жатыр екен. Мұны көріп:

– Ә, келдің бе? Анальгинді көрдің бе – деп сұрады.

– Анальгин деген кім? Ондай адамды танымаймын, – деді. Анасы:

Балам-ау, бас десе, құлақ дейтінің не. Анальгин адамның аты емес, ол – дәрі, – деп күліп жіберді.

*... Бұл сөз сөзді жөнді ұқпайтын, түкке түсінбейтін, басқа жаққа лағып сөйлейтін кісіні келеке ету мағынасында қолданылады.*

##### «Жүрек жұтқан»

Бір топ бала мектептен қайтып келе жатқан, кенет биік үйдің артынан бір дәу ит арсылдап шыға келді. Балалар қаша жөнелді. Асан қалып қойды. Себебі, үйдің алдында тұрған кішкентай қыз иттен қорқып, шырылдап жылап қоя берген еді. Асан қабағын түйіп итке қарсы жүрді. «Кет!» – деп айқайлады. Гүр-гүр еткен ит кенет кілт тоқтады. Сосын бір-екі рет үрді де, бұрылып кетті.



Қызының даусын естіп далаға жүгіріп шыққан анасы мән-жайға бірден түсінді. Асанның басынан сипап:

– Өзің жүрек жұтқан бала екенсің! – деп алғыс айтты.

... *Еш нәрседен қорықпайтын, батыл, ержүрек адамдарды «жүрек жұтқан» деп атайды.*

### **5-тапсырма**

Мәтінді оқыңдар. Әпкесі мен інісі бір-бірін түсіну үшін не істегендері дұрыс деп ойлайсыңдар. Айтып беріңдер.

*Нұрғали Қадырбаев*

### **Түсінісу**

Жомарт күні бойы ашуланып жүрді. Көңілі көншімеді. Қабағы ашылмады. Әпкесі Сәуле есік алдын сыпырып жүрген.

– Жомарт азырақ су әкеп берші. Есік алдына су шашайын, – дегеніне:

– Өзің әкел, – деді зілденіп. Сәлден соң:

– Күрек әкелші, – десе де:

– Е-е, керек болса, өзің ал, – деді Жомарт мүлдем ашуланып.

Атасы Жомарттың көңілі соқпай отырғанын әлгінде-ақ байқаған. Оған әпкесі Сәуле де кінәлі секілді.

– Сәуле, кітабымды әперші, – дегенде:

– Қолым тимейді. Көрмеймісің, есік алдын сыпырып жүрмін, – деген...

### **6-тапсырма**

Мәтінді оқыңдар. Оқиға кейіпкерлерінің ісіне баға беріңдер. Олардың бойынан қандай қасиеттерді байқадыңдар. Айтып беріңдер.

*Жақсылық Кенжалиев*

### **Жас шыбық**

Адам көп. Олардан бөлініп екеуі оңаша шықты. Бірі алда, екіншісі – артта. Алғашқысы жерді қаза бастады.

Көктем мезгілі. Бір кезде жер қазып жатқан екеудің бірі күрекке үлкендеу кесектің іліккенін байқады. Десе де, ол

күректегі үлкен кесекті сындыруға аса мән бере қоймады. Тек, «кәдуілгі топырақтың бірі де» деп лақтыра салды.

Кенет оны байқап қалған екіншісі сол кесектің жанына келді. Келді де қолымен ұстап әрі-бері байқап көрді. Сосын:

– Әрі қарай қазбай-ақ қояйық, – деді әлдекім. Бұл әлгі жер қазып жатқан баланың әкесі еді. Бала әкесінен: «неге?» деп сұраған да жоқ. Бірақ кесектің жанына ол да таянды...

– Мынау жер құмырсқалардың илеуі екен... Бұзылып қалмасыншы, – деді.

Әкелі-балалы екеуі отырғызылатын жас шыбыққа деп қазылатын жерді енді басқа жерден таңдауға бет бұрып тұрған еді.



Ел арасында адамды «түсінігі мол, түсінігі кең, түсінігі бар» деп айтып жатады. Өзін және басқаларды түсіне білу адамға көптеген мүмкіндіктер береді. Адам алдымен өзін-өзі түсіне білгені жөн. Сезіну, қабылдау, ұғыну, пайымдау, бағалау түсіне білу үшін қажетті. Түсінігі кең адам сезімтал, ақылды, білімді, саналы болып келеді.

Басқалардың жан дүниесін түсіне білу аса маңызды. Түсінігі мол адам кез-келген нәрсенің мәнін ұғынып, ой елегінен өткізе алады. Түсінігі бар адам оқиғалар мен жағдайларды қабылдай алады, істің мәнін ұғады, шешім шығара біледі.



### Әрқашан дайынбыз

*Өлеңін жазған Серікбай Оспанұлы  
Әнін жазған Әшірхан Телғозиев*

Сенеміз еңбектің күшіне,  
Қайда да алда боп дәйім біз.  
Үлкенге, құрбыға, кішіге,  
Көмекке әрқашан дайынбыз!

Гүл егіп, дән сеуіп қойнауға,  
Тек жақсы оқимыз дәйім біз,  
Туған жер өзіңді қолдауға,  
Қорғауға әрқашан дайынбыз!

Құрыштай ініміз, ағамыз,  
Нұрлы Отан, күніңбіз, айыңбыз.  
Аяулы, ардақты анамыз,  
Ісіңе әрқашан дайынбыз!



## БӘРІ ДЕ СҮЙІСПЕНШІЛІКТЕН БАСТАЛАДЫ



Сүйіспеншілік – жүректе.

*Нақыл сөз*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Ғарифолла Есім*

### Ақ жауын

Шөлді кесіп өтпекші болған жолаушылар әбден арып-ашты. Бағыт теріс болса керек, барар жерге жететін мезгіл болса да, бұйрат құмдар бір-бірімен жарысып таусылар емес. Көлік еткен түйелер зорығып жолда қалды. Шөл дала өз дегенін жасады. Жолаушылардан әл кетті. Шөл қысып барады. Тым құрыса бір жұтым су. Арман осы. Жолаушылардың қойын-қонышы сусыған құмға толды. Бүкіл әлем тек құмнан тұратын сияқты, көз жетер жерде құмнан өзге ешнәрсе жоқ. Жолаушылар төртеу: жас жігіт Барақ, қарындасы және бұлардың әкесі мен шешесі. Күн болса тас төбеде, жан сауғалар бір тал көлеңке болсайшы!

Өзгелерге қарағанда Барақтың бойында әл-қуат сарқылмаған тәрізді. Есесіне бір-бірінен көлеңке іздеп отырған мына үшеуінің, енді орындарынан тұратын шамалары жоқ. Өттең, бұларға бір жұтым су табылса, біраз жер жүріп, кеш түсе көлеңке қуып, мүмкін барар жерге жетер ме еді.

Барақ жолдың қашық емес екенін сезеді, бірақ мына үшеуіне қарға адым жер мұң болып тұр. Жігіт ойланып отыр. Соңғы сәтке деп сақтаған құтысында бір жұтым суы бар. Оны өзгелер білмейді. Егер ол суды өзі ішіп, жүріп кетсе, өз басы аман қалмақ. Бірақ әкесін, шешесін, қарындасын шөл далаға тірідей тастап кетіп, қалай өмір сүрмек?

– Ол өмір емес, өмірлік азап, – деді Барақ өзіне-өзі күбірлеп.

Барақ қолындағы құтысын шешесіне ұсынды. Анасы ыдыстың ішінде су барын түсініп басын шайқады.

– Балам, саған өмір берген, менің бақытымды ашқан мынау әкең, соңғы тамшы суды сол ішсін, ол аман болса, менің амандығым, – деді.

Барақ құтысын әкесіне ұсынды. Ол:

– Балам, шешең екеуміздің соңғы арманымыз, анау қара көз қарындасың, қыз бала әлсіз болады, суды соған бер, – деді.

Барақ құтысын қос қолдап ұстап, қарындасына ұсынды.

Қарындасы:

– Аға, менің табиғатым сол, өзге жұртта гүл шашатын жанмын. Әкемнің ұрпағын жалғастырушы сенсің, аға, суды өзің іш, аман бол, – деді.

Барақтың көзіне жас үйірілді. Оны әкесі де, анасы да, қарындасы да көрді.

– О, тәңірі, егер тағдыр жазуы осы болса, көрдім оны сіздермен бірге, – деп, Барақ соңғы бір жұтым суды аспанға шашып жіберді.



Керемет! Кенет айлап тамшы тамбаған шөл далаға ақ жауын шелектеп құйды да кетті. Төрт жолаушы толассыз жауған ақ жауынның астында қалды.



- Жолаушылардың қиналу себебі неде?
- Олар бір жұтым судан неліктен бас тартты?
- «Сүйіспеншілік адамға қуат береді» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өмірдегі басты нәрсе не деп ойлайсыңдар?
- Өзің жақсы көретін адамдар үшін не істей алар едің?



### 1-тапсырма

«Сүйіспеншілік» сөзіндегі әріптерге сәйкестендіріп, қажетті сөздерді орналастырыңдар.

*Қажетті сөздер: ой, білім, еңбек, өмір, алғыс, кәсіп, достық, үміт, сенім, мінез, тілек, әдеп, шабыт.*

		с			
		ү			
		й			
		і			
		с			
		п			
		е			
		н			
		ш			
		і			
		л			
		і			
		к			

### 2-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Өз сүйіспеншілігің туралы ой-толғау жаз.

### Жақсы көру!

Жақсы көру деген бір ұлы қасиет.

Жалпы адам баласын жақсы көру бар да, жеке адамды жақсы көру бар. Жалпы адам баласын жақсы көріп, оның бақыты үшін күресу – ол үлкен жүректі алыптардың ісі.

Ал жеке біреуді жақсы көру, сол үшін барыңды аямау бәріміздің де қолымыздан келетін ерлік.

*Ілияс Есенберлин*

### **3-тапсырма**

Мәтінді оқыңдар. Табиғатта тағы нелердің риясыз сүйіспеншіліктің үлгісі болатынын анықтаңдар.

#### **Ағаш**

(Мысал әңгіме)

Ағаш тамырын тереңге жібереді, ал жапырақтары және гүлдері көкке қол созады. Ол қозғалмастан, өз бетінше тұрады. Түзу, биік, тәуелсіз, ешкімге бағынбайды, ешкімді қажетсінбейді. Кейде бір бұтақтары мен жапырақтарының желге тіл қатқаны болмаса, ол үндемей тұра береді. Оның үнсіздігі қасына келіп, тыңдағанның бәріне тыныштық әкеледі.

Ол тіптен ешкімге бағынбаса да, ешкімді қажетсінбесе де, бәріне көлеңкесін түсіреді, жаңбырдан қорғайды, жапырақтары мен гүлдері көз қызықтырады, жемісін жегізеді.

Ағаш тек қана береді, қайтарымын сұрамайды. Ол өзінің бар сыйын қалай жұмсағанымызға қарамастан риясыз төгеді. Ол риясыз жемісін береді, оны адам жей ме, аң-құс, жан-жануар, жәндіктер жей ме, болмаса, сәндік үшін пайдалана ма, жоқ әлде шіріп кете ме, әлде басқа ағаштарға өмір сыйлай ма – оған бәрібір. Ағаш ешкімге байланып қалмайды. Ол жемісін өсіру үшін күні-түні еңбек етеді. Ал жемісі піскенде, оларды сыйға тартады және де жемісін басқалардың қалай қолдануын талап етпейді.

Ағаш тәрізді сабырлы, әсем әрі жомарт болайықшы.



Адамның жүрегі сүйіспеншілікке, жаны жақсылыққа толы. Шынайы сүйіспеншілік пен риясыз жақсылық адамды ізгілікке бастайды. Адамдардың бір-біріне жақсы тілек тілеуі, жылы сөз айтуы, қамқорлық жасауы жақсылықтың белгісі.

Сүйіспеншілік таныту, жақсылық жасау арқылы адам басқа адамдарды түсіне алады, сыйлауға үйренеді, қадір тұтады.



*Зейнел-Ғаби Иманбаев*

## Достар

Зейін бақта жүр. Қарақат бұталарының сыртына мойын созып қарап қояды. Бұқпантайлап ілгері жылжиды да, кіп-кішкентай денесімен бүрісіп отыра қалады. Бұтаның арғы бетінде, бастарында қара тебетейлері бар қызыл төс шымшықтар жеміс ағаштарының жел қағып түсірген бүршіктерін шоқып жүр.

Әнеугүні Зейін осылардан аумайтын ойыншығын сындырып алған. Ал мыналар болса – тірі шымшық. Өздері қандай әдемі, жерді шұқыған сайын құйрықтары шошаң-шошаң етеді. Жақындап барып ұстап алмақ еді, шымшықтар пыр етіп ұша жөнелді. Әрірек барып, алма ағашының көлбеу бұтағына қызыл маржандардай тізіліп отырды. Көпті көрген кәрі торғай балаға мойын созып «шиқ-шиқ» деп үн қатты.





– Зейін, сен не істеп жүрсің? – деген менің даусыма балам жалт қарады да:

– Шымшықтардың екеу-үшеуін үйге апарғым кеп еді, ұстатпайды! – деді. Мен күлдім де:

– Олар ұстатпайды, қолға үйретудің басқаша жолы бар. Бері кел, – дедім.

Зейін қуанып кетті. Екеуміз ағаштың төменгі жағына жем шашатын тақтай орнаттық. Айтқандай-ақ, қызыл торғайлар әлгі жерге үйір болып алды. Шашқан бидайды тақтай үстінен шоқи бастайды.

Кейін алақандағы жемге де келетін болды.

– Көремісің, торғайлар сенен жем сұрап тұр. Олар аш. Күн сайын өз қолыңнан жем беріп тұрсаң, ешқайда кетпейтін болады, – дедім мен Зейінге.

Енді Зейін баққа шықса-ақ болғаны, құстар шиқылдап қуана бастайды. Қаптап келіп қолына, басына, иығына қонады. «Шиқ-шиқ!» – дейді. Онысы «Көп рақмет саған, Зейін!» – дегендей.

Бала торғайлардың бақтан кетпегенін ұнатады. Олар ертең жаз шыққан соң, бақтың зиянды күрттарын аулайды. Өйткені, құс адамның айнымас досы ғой!



- Зейін неліктен құстарды ұстап алмақшы болды?
- Әкесі оған қандай ақыл айтты?
- Зиян келтірмей жақсылық жасау дегенді қалай түсінесіңдер?
- Құстар адамға қалайша дос бола алады?
- Өзің құстарға қандай жақсылық жасар едің?



#### 4-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Досжанның жасаған жақсылықтары мен адамгершілік қасиеттерін тізбелеп жазыңдар.

*Әбді Шынбатыров*

#### Құдық басында

Досжан шелекті қолына ұстап, қорадағы атқа беттеді. Құдық басында кісі көп екен. Жетпістегі Қалтай қария

бүкшеңдеп су тартып жатыр. Бір-екі бала состиып анадайда қарап тұр. Досжан оларға алара бір қарады. Ол шелекті сұрап алды. Қарт кісі емес пе, еңтігіп қалыпты. Досжан қарияның атын суарып берді. Бір кезде Бағила әжей суға келді. Досжан су құйып берді. Шағын екі шелек суды әжейдің үйіне жеткізді. Әжей Досжанға рақмет айтты.

### **5-тапсырма**

Мәтінді өз ойларыңнан аяқтап, айтып беріңдер.

*Ныгмет Абдуллин*

### **Бозша торғай**

Ерте тұрған Омар атай үй сыртындағы бақшаны аралап келе жатты. Түні бойы жаңбыр жауған. Жер саз. Омар атай бір топ жусанның ығында бүрісіп отырған кішкентай құсты көрді. Ұшуға жарап қалған бозторғайдың балапаны. Тұмсығының жиектері сап-сары. Өзіне әбден жаңбыр өткен. Екі қанаты салбырап, дір-дір етеді.

Балапан Омар атайға жасқана қарады. Қорқып кетті. Салбыраған қанатын жиюға шамасы келмей, сүйреткен бойы бір топ жусанды сырт айнала берді. Бірақ жүгіріп кете алмады. Жығылып қалды. Омар атай бозша торғайды жерден көтеріп алды. Алақанына қойып аз ғана уақыт қызықтай қарады. Әрі тоңған, әрі қорыққан кішкене құс қалшылдап тұр...

### **6-тапсырма**

Өздерің жақсы көретін адамдарға арнап сурет салыңдар.



Отбасын жасайтын және нығайтатын күш – сүйіспеншілік. Әке мен шешенің, ана мен балалардың өзара, сенімді, адал, шын берілген сүйіспеншілігі. Алайда сүйіспеншілік басқа бір жақтан, сырттан келетін шабыт немесе таң шапағы емес. Сүйіспеншілік дегеніміз – орасан зор еңбек.

*Василий Сухомлинский*



## Анашым

*Өлеңін жазған Әбдірахман Асылбек  
Әнін жазған Ескендір Хасанғалиев*

Айналайын анашым –  
Әлемдегі жан асыл.  
Болса маған не керек,  
Бәрін іздеп табасың.

Айналайын анашым,  
Асқар таудай панасың.  
Күн көзіндей күлімдеп,  
Құшағыңа аласың.



## ТЕСТІЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

### 1-тест

Әкең мен анаң жұмыстан шаршап келді. Сен дауыстап сөйлеп компьютерде ойын ойнап отырсың. Анаң саған ақырын сөйлеу керектігін ескертті.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Анамның айтқанын орындаймын.*

*Ә) Анамның айтқанын естісем де, ойынды жалғастыра беремін.*

*Б) Анамның айтқанын мүлдем орындамаймын.*

### 2-тест

Әпкең екеуің бақша суғаруға бардыңдар. Әпкең сені шелекпен су әкелуге жұмсады.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Әпкемнің тілін алмаймын.*

*Ә) Әпкемнің айтқанын бірден орындаймын.*

*Б) Әпкемнің айтқанын орындай бергім келмегендіктен, сылтау табамын.*

### 3-тест

Анаң жұмысқа кетерде саған гүлдерге су құюды тапсырды. Ал сен балалармен доп қуып, үйді ұмыттың.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Анамның тапсырмасын міндетті түрде орындаймын.*

*Ә) Анамның тапсырмасы есімде болса да, ойынның қызығын тастап кетпеймін.*

*Б) Анамның тапсырмасын мүлдем орындамаймын.*

### 4-тест

Әпкең үйдің ішін мұнтаздай етіп жинап қойды. Ал сен ойыншығыңды алуға төргі бөлмеге аяқ киіміңмен кіріп кеттің. Әпкең саған ескерту жасады.

Сенің әрекетің қандай?

А) Әпкемнен кешірім сұрап, аяқ киімімді шешемін.

Ә) Өз ұйым болғандықтан, әпкемнің ескертуіне көңіл бөлмеймін.

Б) Әпкемнің ескертуін мүлдем тыңдамаймын.



### «Мейірім тамшылары» жобасы

Жобамен жұмыс кезінде жалпыадамзаттық құндылықтар туралы әндерді іздеуді жалғастырасыңдар.


Әндер жинағының беттерін безендіруді бастаңдар.

# III ТАРАУ

## АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ



## АҚЖАРҚЫНДЫҚ ЖӘНЕ ОПТИМИЗМ



Адам – өз өмірінің суретшісі.

*Баубек Бұлқышев*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Мәншүк Шәжімова*

### Күн мен бұлт

Терезеден үңіле далаға қарап отырғалы қашан. Бүгін де жаңбыр жауып тұр. Ағаштар жел екпінімен теңселіп, жапырақтар дір-дір етеді. Өне, бірнеше сары ала жапырақ көбелек секілді ұшып барады.

Балконның есігін сәл ашсам болды, әжем:

– Қарағым-ай, жапсаңшы, шаншу қадалар. Салқын тиер, бол, енді, жап, – деп зілсіз ұрса жөнеледі.

– Әже, әжетай, есік алдына шығып, кішкене ойнап келейінші.

– Қой, қарағым, үстінді бүлдіріп, аяғыңды былғайсың. Мамаң да келгесін ұрсып жүрер. Әрі есіктің алды шұбырған мәшине. Күн де бұзылып, таң атқалы жаңбыр жауып тұр емес пе?! Күн ашылғасын да ойнауға үлгересің. Аспан тесіліп кеткен бе, күні бойы жауды ғой.

Осы менің әжем қызық! Мен сурет салсам, не балалар бақшасындағы Дина төтейден естіген қызықты әңгімені айтып берсем:

– Менің қарағым үлкен оқымысты болады, міне, енді үлкен жігітсің, – деп маңдайымнан иіскеп, бетімнен сүйеді. Ал, енді қазір ше, әжемді түсініп көр. Үлкен адамдар неге тез өзгереді екен? Әжем де бір кезде, қайда баяғыда мен сияқты кішкентай болыпты.

Кенет әжем менің жаныма келіп:

– Сұлтан, сенің ертегі тыңдағың келе ме? – деді.

– Ия, әже, әрине! Қандай ертегі?

– Күн, күннің құдіреті туралы...

– Айтшы, әже, тезірек, айтшы.

– Ал, онда мына жерге отыр да, тыңдай бер, – деп, әжем ертегісін бастап кетті: ...Баяғы ерте заманда Аспан-ананың Күн деген қызы, Бұлт деген ұлы болыпты. Күн ұйқысынан оянып, сыртқа шықса болды, неше алуан сәулелер мың құбыла күлімдеп, бүкіл әлем жап-жарық боп кетіпті. Айналадағы гүл біткеннің бәрі әп-сәтте құлпыра қалыпты. Бәрі де: «Сәлеметпісің, Күнсұлу?» – деп бастарын иіп, төжім етіпті.

Тіпті сонау алыста тұратын адамдар, әсіресе бала біткеннің бәрі «Күн шықты!» – деп мәз болып, жоғарыдан бұларға күлімсірей қараған күнге қол бұлғапты. Ормандағы жан-жануарлар да мәз болып, өз тіршілік әрекеттеріне кірісіпті. Бәрі де бұған риза. Күн оларды одан әрі қуантқысы келіп, мың құбылған сәулесін аямай төгіп, Жер-ана төсін шуағына бөлепті.

Ал інісі Бұлт оған қарағанда мазасыз, ашуланшақ әрі қызғаншақ екен. Күн өзімен бірге ойнауға қанша шақырса да, бармапты. Үнемі ештеңеге риза болмай, түнеріп жүріпті. Күнді дүние біткеннің бәрі жақсы көріп, Күнсұлу атағандары оған онша ұнамапты. Достарымен тіл табысып ойнай да білмепті. Оған ешкім ұнай қоймапты. Бір күні Күнмен бірге ән сап, би билеп, ойнап жүрген әдемі балаларға сүйкімді көжек пен лақ, қонжыққа қызғана қарап тұрған ол кенет ызадан қатты жылап жіберіпті. Сол, сол-ақ екен, Күнсұлу да, өзгелер де тым-тырақай үйлеріне тығылыпты. Кейбір үйлер тасыған сумен бірге ағып кетіпті. Күннің жақсы көретін гүлдері үзіліп түсіп жатыр. Жылаудан Бұлт жалығып, сәл саябырси бастайды. Дәл осыны пайдаланған балалар сыртқа жүгіріп шығып, ойындарын жалғастыра берді.

Олар:

– Әне, Бұлт кетіп барады, көшіп барады, қазір Күнсұлу шығады. Күн-сұлу! – деп қуана айқайлайды.

Осының бәрін, үнсіз бақылап отырған Аспан-ана Бұлтты шақырып алып:



– Қарағым, мұның дұрыс емес. Құр босқа ызалану, жылау, долылық өзіңе абырой әпермейді. Апайың Күннен үлгі ал. Екеуің ұрыспай, керіспей, дос болыңдар. Адамдардан жақсылықтарыңды, шапағаттарыңды аямаңдар! – деп, ақ батасын беріпті. Содан бері Күн мен Бұлт тату-тәтті өмір сүріпті. Тек кейде Бұлт әпкесіне еркелеп, сәл-пәл жылап алатын болса керек, – деп, әжем ертегісін аяқтады.

Сол мезетте бұлт арасынан жарқ етіп күн шыға келді. Дүние қайта құлпыра жөнелді. Лезде көше балалардың көңілді күлкісіне бөленді.

Үйге енген мамам:

– Сұлтан, күн ашылды ғой. Таза ауаға шығып, бой жазсаңшы, – дей бергенде-ақ, мен жедел киіне, далаға ата жөнелдім.

Далаға шығысымен, күнді көрмек болып, көзімді сығырайта аспанға қарадым. Шынында да, күн әжем айтқандай мың құбыла сәуле шашып, маған күлімдеп қарап тұрғандай болды.





- Балалар неліктен Күнсұлуды жақсы көрді?
- Күннің іс-әрекетінен не үйренуге болады?
- Аспан-ананың айтқанынан қандай ой түйдіңдер?
- Күн сияқты адамдардың ақжарқын болуы неге байланысты деп ойлайсыңдар?
- Адамдардың ашық, көңілді болуы қандай қасиеттерінен көрініс табады?
- Өзіңді ақжарқын адаммын деп ойлайсың ба? Неліктен?



### 1-тапсырма

«Мінез төлқұжатын» дайындаңдар.

1. «Менің мінез төлқұжатым».

2. «Досымның мінез төлқұжаты»

Оны дәптерлеріңе төмендегі үлгі бойынша толтырыңдар.

### «Мінез төлқұжаты»

\_\_\_\_\_ сынып оқушысы

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

1. Туған жылы \_\_\_\_\_

2. Туған жері \_\_\_\_\_

3. Менің (досымның) ұнататын ісім: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

4. Маған (досыма) ұнайтын ойыншықтар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

5. Менің (досымның) сүйікті ертегілерім \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

6. Менің (досымның) ұнатып оқитын кітаптарым \_\_

---

---

7. Менің (досымның) бойымдағы жақсы қасиеттер:

---

---

8. Менің (досымның) мінезім: \_\_\_\_\_

---

---

9. Мен (досым) қандай болуға тырысамын: \_\_\_\_\_

---

---

## 2-тапсырма

Ойынның шартын оқындар. Ойынды топтасып немесе сыныппен бірлесіп ойнауға болады.

### Сиқырлы таяқша

Ойын шарты:

Балалар дөңгеленіп отырады. Жүргізуші «Сиқырлы таяқшаны» отырған оқушылардың біріне ұсынады. Ол жанында отырған баланың жақсы жақтарын айтып мадақтайды да, таяқшаны оған береді. Ол таяқшаны осы тәртіппен келесі балаға ұсынады. Ойын осылай жалғаса береді. Айтылатын жағымды сөздер мынадай болуы мүмкін: Айгүл, сенің мінезің қандай көркем! Гүлнар, сенің жүзің сондай мейірімді! Марат, маған сенің ақкөңілділігің ұнайды.

Соңында балалар бір-біріне рақмет айтысып, ойынды аяқтайды.

### 3-тапсырма

Төмендегі сұрақтарды басшылыққа ала отырып, адамның ақжарқындығы жайында шағын эссе жазу арқылы өз үйіңді құрастыр.



Ақжарқындық – адамның жақсы қасиеті. Ақжарқын адамның жүрегі жылы, жаны таза, сезімтал, адамгершілік қасиеттерімен айналасына нұрын шашады, қуат береді.

Ақжарқындық – бұл көңілдің кеңдігі, мінездің ашық-жарқындығы. Ақжарқын адамның көңіл күйі көтеріңкі болып, бәрінен жақсылықты көре біледі.



*Шәкен Күмісбаев*

### **Жарты құрт**

Әжемнің мінезі қызық. Менің атамды кәдімгідей баласынып отырады, бәрінен де дастарқан басындағы тірлігін көрсең. Міне, бәріміз – әжем, атам, апам дастарқан басына отыра қалдық дейік. Сонан соң-ақ әжемнің әрекетіне ұрлана көз тік. Әжем үстел бетіне бір қарап алды. Бұл – алғашқы бақылауы. Сәлден кейін-ақ ол атамның алдына кеп:

– Ал, тамақ алыңдар, – дейді сонан соң. Бұл сәтте атамның алдына қарай қызыл қоңыр бауырсақтар легі сырғып бара жатады.

Менің атам биыл жетпіске толды. Ел болып той өткізген.

– Пау, апа-ау, Мына балалар не жейді? – дейді атам күйініп.

– Бар дәмді менің аузыма тосатын әдетінді қойшы.

Әжем айтқан бетінен қайтпайды.

– Ата болсаң, балалардың атасысың. Менің құдайдан бір, адамнан бір сұрап алған жалғыз ұлымсың. Сен үшін мен не көрмедім? – дейді ол.

Шындығында, әжем тоқсанның бірінде, атам жетпісте, апам алпыста, ал ең кішкентай әжемнің немересі Гүлім екіден жаңа ғана асты.

– Әй, құлындарым. Мына аталарыңды менің тілеуіме құдай берген. Соғысын да, ашаршылығын да бастан өткердік қой, – деді бірде әжем бізге қарап.

– Мына құртты шетінен тістеңдер.

Әжем жартыкештеу майлы сары құртты маған ұсына берді.

– Осы апаң қызық. Бірақ не дерсің?! Адам жасында бір, кәрісінде де бір бала, – деді атам жымыып.

Біз әңгімеге ден қойдық. Сонау көрінген үшкіл төбенің бауырын жағалап керуен жол өтеді. Соғыс басталған жылы «Жаңатұрмыс» колхозы отыз үйлі ғана шағын шаруашылық екен. Осы мекеннен жасы бар, кәрісі бар отызға жуық жігіт майданға аттаныпты.



Біреудің әкесі, біреудің бауыры, біреудің ағасы. Соның ішінде менің әжемнің жалғыз ұлы Бекетбай атамыз да бар екен. Түнімен кетер жолдың қамын жасап, мал атап сойып, көпті, қауым жігіттерді, майданға шығарып салғанда шабдар биеге әжем де мініп жөнеліпті. Әскери комиссариатқа айтып әскерге бірге бармақ болған екен. Бірақ әжемнің айтқанына олар көнбепті. Вокзал басы ығы-жығы жұрт, жылап-сықтаған бала-шаға, қатын-қалаш.

– Соғыс деген нағыз қарғыс атқыр кесапат қой, – деді әжем әңгіме арасында сөзіне мән бере, қабағын түйіп. Әупірімде не істерін білмей сасқан әжем ары-бері жүгіріп, ақыры атамның арқасына байлап алған дорбасын жерге түсіріп, ішінен майлы сары құртты алып шығады.

– Әй, жалғызым, – дейді әжем ұлына – біздің атамызға қарап.

– Мынау – елдің дәмі. Олар сенің амандығыңды тілейді. Олай болса, мына құрттың жартысын тісте!

**Жан-жағындағы жігіттерден атам ұялса керек:**

– Апа, қойыңызшы, – десе, әжем бұйыра сөйлейді.

– Апаң ырым жасап тұр. Менің сенен басқа ұшар қанатым да, сүйенер тірегім де жоқ. Қапелімде ойыма түскен шығар. Жақсылық болсын. Тісте. Қалған жартысын өзің майданнан оралғанда беремін.



- Әженің іс-әрекетінен не түсінуге болады?
- Өмірге үмітпен, сеніммен қараудың маңызы қандай?
- Оптимист адамның әрекеттері қандай болады деп ойлайсыңдар?
- Оптимист болу адамның бойында қандай қасиеттерді дамытады?
- Өзіңді оптимистпен деп ойлайсың ба? Неліктен?



#### 4-тапсырма

Көрнекті адамдардың айтқан пікірлерін оқыңдар.

Ізденсе, талаптанса, қолдан жасалмайтын шарт жоқ. Құнттамаған, ізденбеген, соңына түспеген адамның жұмысы еш уақытта берекелі болмақ емес.

*Жүсіпбек Аймауытов*

Қуанышсыз тән саулығы мен жан саулығының үйлесімді болуы мүмкін емес.

*Василий Сухомлинский*

Көңілді адам – әрқашан ажарлы адам.

*Максим Горький*

Үлгіні пайдаланып, пікірлер туралы өз ойларыңды жазыңдар. Ақжарқын және оптимист болу үшін қандай іс-әрекеттер жасау керектігін ойланыңдар.

Үлгі:


«Бұл пікір туралы мен бұрын ойланғаным жоқ, бірақ бұгін ...».

«Менің ойымша, бұл пікірде ең маңыздысы болып ...».

«Барлық пікірлермен таныса отырып, мен ойландым ...».

### 5-тапсырма

Сабақта меңгергендеріңді баспалдақтағы сөздердің тұсына қорытындылап жазыңдар.



### 6-тапсырма

Мәтінді оқып, мұндағы адамгершілік қасиеттерді тауып жазыңдар.

*Константин Ушинский*

### Жел мен Күн

Бірде Күн мен Солтүстіктің үскірік Желі бірінен бірі күштімін деп, айтысып қалады. Олар ұзақ уақыт дауласты, ақырында, сол мезетте үлкен жолмен өтіп бара жатқан жолаушыны көріп қалады да, өз күштерін соған жұмсап, сынамақ болады.

– Бері қара, – деді Жел, – менің күшімді көр, қазір мен анау жолаушының үстіндегі шекпенін кірпік қаққанша ұшырып түсіремін!

Сөйтті де, екпіндете ышқынды-ай келіп. Жел екпіні неғұрлым күшейген сайын, жолаушы да қасарыса ерегескендей шекпенін мықтап қымтай түсті де, әрі қарай кете барды. Жел құтырына ызаланып, байғұс жолаушыны жаңбыр мен қарға көмді. Желге зығыры қайнаған жолаушы белін мықтап буынып, шекпеннің етек-жеңін қаусырынып алды. Енді Жел жолаушының шекпенін ұшырып түсіре алмағанына өзі таңданып қалды.

Қарсыласының айналасы құрығанына Күн күлді де, бұлт арасынан сығалап, жер бетін қыздыра жалын атты, қатты



жаураған байғұс жолаушыға да жылу төкті. Күн сәулесінің ыстығын жаудырды. Сонан соң шекпенін шешіп, ерінің артына бөктеріп алды.

– Көрдің бе? – деді сол кезде жайдары Күн ызаға булығып тұрған Желге. – Қаһар төгіп, босқа ашу шақырғаннан гөрі мейірімділік пен қайырымдылық көрсету жүз есе артық!



Оптимизм бұл дүниеге үміт көзімен, сеніммен қарау дегенді білдіреді. Оптимист адам өмірдегі алуан түрлі құбылыстарға жақсылық көзімен қарап, жағымды қабылдай алады. Ол – болашаққа мейірімділік сезіммен ұмтылатын жан. Жағымды ойлар мен өмірге деген оптимистік көзқарас басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатудың, табысқа жетудің көзі болып табылады.



**Дос болайық, бәріміз!**

*Өлеңін жазған Хасенхан Талғаров  
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Әрқашан дос, біргеміз,  
Ажырамас іргеміз.  
Ілгері жүріңдер,  
Достық жырын біліңдер,  
Туғып ұстап бірлікті,  
Еңбекті сүйіңдер!

*Қайырмасы:*  
Дос болайық, бәріміз!  
Жарасып тұр әніміз.  
Тыныштықты сақтаймыз,  
Атсын күліп таңымыз.

Қайраттанып қарышта,  
Озып шыққан жарыста,  
Батыл бас, жас ұлан!  
Самға биік, алысқа,

Жұлдыздарға, ғарышқа,  
Бойда күш тасыған.

*Қайырмасы.*

Отан біздің панамыз,  
Аман жүрсін анамыз,  
Нұрлы күн сөнбесін.  
Бақыт болып жанамыз,  
Жарық біздің санамыз,  
Қара бұлт төнбесін.

*Қайырмасы.*



## АҚКӨНІЛДІЛІК ТУРАЛЫ



Ақкөңілділік – адам ойының тазалығының көрінісі.

*Жүсіп Баласағұни*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Ермек Өтетілеуұлы*

### Рақым

Сағаттың апасы көп жылдардан бері шағын бекетте кезекші болып жұмыс істейді. Күні-түні ерсілі-қарсылы өтіп жатқан пойыздарды қарсы алып, шығарып салады. Жұмысы өте қызықты. Үйлері бекеттің дәл түбінде. Сағат күнде кешкілік апасының қасында болады.

Алыстағы астанаға бара жатқан жолаушылар пойызы бұл бекетке аз уақыт тоқтап, әлгінде ғана жүріп кеткен. Аптығып, кемсеңдей жылаған бір кішкене бала Сағат пен апасы отырған бөлмеге жүгіріп келді.

– Тәте, мен пойыздан қалып қойдым, – деді ол көз жасына ие бола алмай.

– Енді қайтемін?

– Әуелі жылауыңды қой, балақай, – деді Сағаттың анасы оны басынан сипап. – Кел, мына жерге отыр.

– Атың кім?

– Ертай.

– Ал, Ертай, пойыздан қалай қалып қойдың? Қай вагонда едің? Үлкендерден кім бар еді қасыңда? Асықпай-саспай бәрін айт, жылама, – деп Сағаттың апасы оның жөнін сұрай бастады. Анда-санда бір өксіп қояды, Ертай болған оқиғаны түсіндіріп жатыр. Өзі тоңып қалыпты. Вагоннан сол жеңіл отырған қалпы жейдешең шығып кетіпті. Қазір болса, күздің қара суығы түсе бастаған кез.

Баланың мына жағдайын байқап қалған Сағат:

– Апа, мен қазір келемін, – деп асығыс шығып кетті. Баланың мән-жайын қағазға жазып алған разъезд кезекшісі – Сағаттың апасы:

– Қазір тиісті жерге хабарлаймын, келесі пойызбен атаң мен әпкенді қуып жетесің, – деп, телефонның құлағын көтерді.

Осы кезде қолында әлдебір заты бар Сағат та келді. Ол телефонмен сөйлесіп жатқан апасының қасына келіп, тықырши күтіп тұрды. Ол кісі босасымен, құлағына бірдеме деп сыбырлай бастады.

– Дұрыс, балам, – деп көңілденіп сала берді апасы. – Рақымдылығыңнан айналайын, жаным. Бере ғой құрбыңа. Сағат артына ұстап тұрған қолындағы жүннен тоқылған кеудешесін алып, Ертайға ұсынды.

– Мынаны киіп ал, тоңасың, – деді.



– Жоқ, жоқ, тоңбаймын, – деп қысылған Ертай алғысы келмеп еді, Сағат:

– Ала бер, менде тағы біреуі бар, ия, апа? – деп шешесіне құптатып қойды.

– Рас, рас. Сағаттың екінші кеудешесі бар. Сен ұялма, айналайын. Киіп ал, әйтпесе, суық тиіп, ауырып қаласың, – деп апасы да қостады оны.

– Сіздерге көп рақмет, – деп, Ертай жылы кеудешені кие бастады. Сағат пен апасы бір-біріне күлімсіреп қарады.

«Шын жақсыда тарлық жоқ», дейді халық рақымды жандар жөнінде.



- Сағаттың кеудешені ұсыну себебі неде?
- «Шын жақсыда тарлық жоқ», дегенді қалай түсінесіңдер?
- Сағаттың іс-әрекетінен қандай үлгі алуға болады?
- Ақкөңілділікті адамның бойындағы тағы қандай қасиеттермен теңеуге болады?
- Өзіңнің ақкөңілділік танытқан кезің болды ма? Қалайша?



### 1-тапсырма

Ақкөңілділік қасиетін қандай сөздермен сипаттауға болатынын анықтаңдар. Осы ұғымға сәйкес сөздерді табыңдар.



### 2-тапсырма

Қажетті сөздерді пайдаланып, жұптасып диалог құрастырыңдар.

*Қажетті сөздер: ақкөңілділік, ақниеттілік, адалдық, ақжарқындық, ақпейілділік.*

Мысалы:

- Ақкөңілділік не үшін керек?
- Жаныңдағы адамдарды түсіну үшін.
- ...

### 3-тапсырма

Сөйлемдерді өз ойларыңмен жалғастырып, дәптерге жазыңдар

- Ақкөңіл адам әрқашан ...*
- Ақкөңіл адамның бойында ...*
- Ақкөңілділік дегеніміз ...*
- Ақкөңілділіктің маңызы зор, өйткені ...*
- Ақкөңілділік басқа адамдар үшін ...*



Ақкөңілділік адамгершілік қасиет болып табылады. Көңілі таза, пейілі ақ, ниеті адал, ықыласы мол адамды ақкөңіл дейміз. Ақкөңіл адам басқаларға тек жақсылық тілейді. Ол – әрдайым сезімтал, жанашыр, мейірімді.

Айналасындағыларға үнемі көмек беруге, қолдау көрсетуге даяр тұрады. Адамдарға қуаныш, шаттық, бақыт сыйлайды.



*Ермек Өтетілеуұлы*

### **Мейірбан**

Апасы үйге кіріп, Мақсатқа:

– Дүкенде алма сатылып жатыр екен, сен барып кезекке тұра берші, мен қазір барамын, – деді.

Шалғайдағы ауылда бұл мезгілде алма, алмұрт, жүзім сияқты жемістер сирек болатын. Мақсат велосипедімен зымырап отырып, дүкенге тез жетті. Алушылар көп екен. Мақсат кезекке тұрды. Тез арада өзінен кейін талай адамның кезекке тұрғанын көріп, таң қалды. Апасы: «Мен келгенше өзің өлшетіп ала бер?» дегенді.

Мақсаттың кезегі жете бергенде, кенет сатушы жұртқа:

– Жолдастар, алма бітті. Мына баладан кейінгілеріңіз тұрмай-ақ қойыңыздар! – деді айқайлап. Кезектегілер абыр-дұбыр өкініш сөздерін айтысып, амалсыз тарай бастады. Қолында дорбасы бар бір әжей алға ұмтылып:

– Шырағым, алмаң бітіп қалды ма? – деді сатушыға қинала сөйлеп. – Қап! Ауылдан әдейі ауруханадағы немереме келіп едім. Соған аздап тауып берсеңші.

– Жоқ, шешей, бітіп қалды, – деді сатушы қалған алманы Мақсатқа өлшеп жатып. Мақсат таразыдағы алмаға бір, әжейге бір қарап қояды, әлденеге ойланып, толқып тұр. Кенет ол бір шешімге келгендей:

– Әже, – деді әлі де кете алмай отырған әлгі әжейге. – Мына алманы алыңыз, мен апама бәрін түсіндіріп айтармын, ол ұрыспайды, алыңыз. Немереңізге апарыңыз – деді асығыс, біреу көріп қоятындай. Аузын ашып, аң-таң қалған әжей бір кезде есін жиып:

– Ой, өркенің өскір, көп жасағыр балам, не деген мейірімді едің... Рақмет, айналайын! – деп алғысын жаудыра бастады.

Мақсат кетуге ыңғайланып, артына бұрылса, апасы тұр екен. Бала сасқалақтап қалды да, ақталғандай:

– Білесің бе, апа... – дей беріп еді, оның сөзін бөліп:

– Білем, білем, балам айтпай-ақ қой. Тек әрқашанда осындай бол! – деді күлімсіреп.

«Мейірбандық – жүректен, қайырымдылық – білектен» дейді халық.



- Адамның бойындағы мейірімділік қайдан туындайды?
- Ақкөңіл, мейірімді болудың маңызы неде?
- Ақкөңілділік қандай іс-әрекеттер арқылы көрініс табады?
- Өзің айналадағы адамдарға ақкөңілділігіңді қалай білдіріп жүрсің?



#### 4-тапсырма

«Ақкөңілділік» сөзіне ребус құрастырыңдар.

#### 5-тапсырма

Суреттерге қараңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер. Сурет бойынша өңгіме құрастырып айтыңдар.

Сұрақтар:

1. Аулада балалар не істеп тұр?
2. Кішкентай қыз неге жылап қалды?
3. Оның қасына кім жақындап келді?
4. Қыз неліктен жылағанын қойды?
5. Баланың іс-әрекетінен нені көруге болады?



### 6-тапсырма

Өлеңді оқыңдар, ондағы жақсы қасиеттерді теріп жазыңдар.

*Мұзафар Әлімбаев*

### Досым және мен

Досым бар жуас, момақан,  
Мінезін мен де ұнатам.

Ол дағы зерек-зейінді,  
Оқиды кітап бас алмай.  
Білмейді қажып, кеюді,  
Болып ал біздің Досандай!

Ол дағы мендей тәлімді  
Байсалды жүріс-тұрысы.  
Сабырлы десең – сабырлы  
Құдды бұл үлкен бір кісі.  
Қызықпай қарар кім бізге,  
Бекерге дос боп жүрміз бе?!





Ақкөңілділік – адамның жақсы қасиеті. Ақкөңіл адам басқаларға тек жақсылық ойлап, жақсылық жасауға дайын тұрады. Ақкөңіл адамның жүрегі жұмсақ, жаны нәзік, көңілі дарқан. Ондай адамдарды өзара сыйласымынан, ақ ниетті әрекеттерінен, жақсылыққа құштарлығынан, жанашырлығынан тануға болады.



### Жас дәуірдің гүліміз

*Өлеңін жазған Ермек Өтетілеулы  
Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Бау, бақша, белдер,  
Орман, тау, көлдер –  
Көрікті шексіз даламыз.  
Дәулеті тасқан,  
Сәулеті асқан –  
Көңілді ауыл, қаламыз.

*Қайырмасы:*

Жадырап күндей,  
Жайнаған гүлдей –  
Бақытты біздер баламыз!

Өзіміз туған,  
Көбелек қуған –  
Өлкеде өсіп, толамыз.  
Жалықпай оқып,  
Көңілге тоқып –  
Білімді адам боламыз.

*Қайырмасы:*

Жадырап күндей,  
Жайнаған гүлдей –  
Бақытты біздер баламыз!



## ЖОМАРТТЫҚ ПЕН КЕҢПЕЙІЛДІЛІК



Адамның қадірлісі – жомарт кісі.

*Жүсіп Баласағұни*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Бібырай Алтынсарин*

### Жомарт

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, дәулетіңіз бар, ақшасызға – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы неде?

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар.

1) Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.

2) Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер үлгі алсын деймін.

3) Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен.

4) Төртіншісі: берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.



- Атымтай жомарттықты қалайша түсіндірді?
- Жомарт адамдардан қандай үлгі алуға болады?
- Жомарт адам болу үшін қандай іс-әрекеттер жасау керек деп ойлайсыңдар?
- Сеніңше жомарттықты тағы қалай көрсетуге болады?



### 1-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен түйінді сөздерді теріп жазыңдар.

Көңілді кең ұстау, барға қанағат ету, шүкіршілік қылу. Қызғаншақтық пен орынсыз бәсекеден аулақ болу. Барлық адамдарға жақыным деп қарау. Кеңпейіл, кешірімді болу. Басқаларға үнемі жақсылық, қуаныш, бақыт-байлық қонса екен деп ойлау. Басқаларға жол беру, қол беру сияқты ізгі қасиеттер «көңіл жомарттығы» деп есептеледі.

Өнегелі кісілер перзенттеріне: «Кең болсаң – кем болмайсың», «Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды» деп көңілі жомарт адамдардың ешқашан жамандық көрмейтіндігін жанды мысал, жарқын бейнелер арқылы мұқият түсіндіріп отырған. Ұрпақтарының ақкөңіл, ашық, жомарт азамат болып өсулеріне көңіл бөлген. Көңілі кең, жомарт адамның досы көп болады.

### 2-тапсырма

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді жазыңдар.

**Қажетті сөздер:** жомарт, кең, сыйлық, жолы ашық, жомарт, кеңпейілдік, жомарттық.

... бергенін айтпайды.

... жолыңды ашады.

... адам аш болса да, тоқпын дейді.

Сыйлықтың жақсысы – шын көңілмен берген.

... болсаң – кем болмайсың.

Қолы ашықтың – ... ..

... .. ішінде кен жатады.

### 3-тапсырма

Мәтіндерді оқыңдар. Екі мәтіннің ерекшеліктері мен екеуіне ортақ тұстарын тауып, дәптерге жазыңдар.

#### Жол жомарттығы

Барша адам баласы жүрген-тұрған жерлерінде елге жақсы қылық, жарасымды мінез, жылы шырай көрсетеді. Үлгі-өнеге таратып, өзгелерге жол беріп, басқаларға жақсы әсер етеді. Жолда жатқан бір кесек тас болса, ерінбей алып тастап, басқа адамдардың жамандық көрмеуіне мүмкіндік тудырады. Мұны қазақ халқы «жол жомарттығы» деп атайды.

Жол жомарттығына жолда жатқан мысық, ит, тышқан, құс және басқа жан-жануарлар мен жәндіктердің өлексесін алып тастау жатады.

Адам сүрініп жығылатын тасты, томарды, табанға кіретіндей тікенді, көзге тиетіндей ағаш сияқты заттардан тазалау керектігі саналады.

#### Қол жомарттығы

Жомарттық ең ізгі, ең асыл қасиеттер қатарына жатады. Қазақ халқы «қол жомарттығын» адамгершілік пен ізгіліктің нақты көрінісі деп бағалаған. Әрдайым ұрпақтарын қолы ашық, жомарт, ақкөңіл, ашық-жарқын болуға баулыған.

Өнегелі ата-аналар перзентінің бойына «қол жомарттығын» сіңіруде өзінде барымен бөлісуге, қолындағы барын аямауға, қиналғандарға қол ұшын беруге; қамқорлық жасауға, сұрай келгендерді құр қол қайтармауға үйреткен.

Қол жомарттығы адамдарды ізгілікке жетелейді.

Адамдар арасындағы достықты, татулықты, береке-бірлікті нығайтады.



Кеңпейілділік – бұл ниеті түзулік, мінезі ашықтық, жүрегі жұмсақтық. Кеңпейіл адам ешкімнің ала жібін аттамайды, барлық адамдарға қол ұшын беруге даяр, жомарттыққа бейім болады.

Кеңпейілділік туралы қазақ халқы «Кең болсаң, кем болмайсың» деп тауып айтқан.



*Ермек Өтетілеуұлы*

## **Жомарт**

Нұрландар кеңшарға қаладан кеше ғана көшіп келген. Өлі ешкімді танымайды. Ол есік алдына ойыншықтарын шашып тастап, жеке өзі зерігіп отыр еді. Қасына бір бала келді. Бойы да, жасы да бұдан кішілеу.

- Кел, атың кім? – деді оған Нұрлан үлкендік білдіріп.
- Ержан.
- Қайда тұрасың?
- Мына көрші үйде.
- Менімен ойнайсың ба?
- Ойнаймын.

Нұрлан қасында жатқан ойыншық мәшинені кілтпен бұрап-бұрап, жерге қоя беріп еді, онысы зыта айналып, жүгіре жөнелді. Одан соң Нұрлан қолына ойыншық автоматын алды да, Ержанды көздеп, дырылдатып ата бастады. Кәдімгі шын мылтық сияқты; тарс-тұрс тықылдаған кезде ішінен қызыл шоқ жалт-жұлт етеді. Бұрын мұндайды көрмеген Ержан аузын ашып, біресе шыр айналған мәшинеге, біресе дыр-дыр атып тұрған автоматқа қарайды.

Мұны байқаған Нұрлан оған:

– Қалай, жақсы ма? – деп одан сайын қызықтырып қойды.

- Ия, – деп басын изеді Ержан.
- Қайсысы жақсы?
- Мәшине... Жоқ, мылтық,... Жоқ... – Ержан қайсысын айтарын білмей қалды.

Нұрлан күліп жіберді.

– Онда екеуімен де сен ойнай тұр, мен велосипед алып шығайын, – деп қораға кіріп кетті.

Ержан қуана, ойыншықтарды бас салды. Осы кезде көрші тұратын тағы екі-үш бала келді. Бәрі таңырқасып, жаңа ойыншықтармен ойнауға кірісті. Нұрлан олардан алысқа ұзамай, велосипед теуіп жүрді.

Кішкентайлар кезекпен мәшине жүргізіп, автоматтан атысып, кешке дейін ойнады.

Нұрлан велосипедін қайтадан қораға апарып, олардың қасына келді.

– Ойнап болдыңдар ма? – деді ол Ержанға.

– Болдық, – деді бір бала.

– Ертең тағы келіңдер, ойнаймыз.



– Келеміз, – десіп кішкентайлар тараса бастады. Тек Ержан кеткісі келмейтіндей, автомат мылтықты қолынан түсірмейді.

Нұрлан сәл ойланып тұрды да, Ержанға:

– Осы ойыншығымды саған сыйладым, үйге апарып ойна, – деді мылтықты ұсынып. Ержан сенер-сенбесін білмей, сәл дағдарып қалды да, кенет үйіне қарай жүгіре жөнелді.

«Ақылды десе болар – сұрамай білгенді, жомарт десе болар – сұрамай бергенді».



- Нұрланның кеңпейілділігін қандай іс-әрекетінен байқауға болады?
- Кеңпейілді болудың мәні неде?
- «Ақылды десе болар – сұрамай білгенді, жомарт десе болар – сұрамай бергенді» деген нақыл сөзді қалай түсінесіңдер?
- Жомарт адамды қандай қасиеттерінен тануға болады?
- Өзіңнің жомарттық көрсеткен кезің болды ма? Айтып бер.



#### 4-тапсырма

Мәтінді оқындар. Мәтінді негізге ала отырып, өз күнделіктеріңді жасандар. Онда өздеріңнің жомарттық іс-әрекеттеріңді түйіндеп жазындар.

*Әнуарбек Дүйсенбиев*

#### Күнделік жазасың ба?

Сенің бір күнің бір күңіңе мүлдем ұқсамайды. Кеше мектептен қуанып қайтсаң, бүгін кейіп қайттың. Жолдас-жораларыңның арасында қандай әңгіме болды, ол туралы сенің тұжырымың, ой-пікірің қандай? Қай күні қандай кітап оқыдың, нендей кино көрдің, ондағы кейіпкерлер туралы пікірің не? Міне, осы сипатта өз басыңнан күнделікті өткізген уақиғаларды, ой түйіндерін, пікір сарабын қағазға түйіп түсіріп отыруды күнделік жүргізу дейді.

Көптеген ғұлама ғалымдар мен жазушылар өмірін біздер олар қалдырып кеткен күнделіктерді парақтап отырып білеміз. Олар өздері өмір сүрген заманның көпшілікке беймәлім көптеген құпия сырын, ел билеген қолбасшылар қаракеті туралы, тарихи өзгерістер жайында, тіпті табиғат туралы мәліметтер жазып кеткен.

Мысалы, күнделікте сен бір адаммен танысып, әңгімелессең, ол жөнінде алған әсерің қандай? Бір күнде қандай қызық оқиғалар бастан кешірдің? Достарыңның арасында қандай тақырыпта әңгіме айттыңдар? Мұның бәрі

сенің күнделігіңде анық та айқын орын алсын. Тек байқампаз, сезімтал, зерек бала ғана күнделікті жақсы жаза алады.

### 5-тапсырма

Түймедақ жапырағындағы сұрақтарды оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.



### 6-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің негізгі ойын анықтаңдар. Мәтінге байланысты сұрақ құрастырыңдар.

### Атымтай Жомарт (Аңыз әңгіме)

Атымтайдың ата-анасының азан шақырып қойған есімі – Атым екен. Тай шаһарында туып-өскендіктен «тай» сөзі жалғанып, Атымтай атаныпты. Өзі әрі есепсіз бай, әрі қолы ашық мәрт, жомарт кісі болыпты. Осындай мырзалық



мінезіне орай ел ішінде айтылатын әңгімелерде «Атымтай Жомарт» атанып кеткен екен.

Тай шаһарында жақын маңда түлкідей қу бір адам болыпты. Бірде ол Атымтайдан қарызға жүз ділдә сұрап келеді. Жомарт оның аты-жөнін білмесе де, сұрағанын беріп жібереді. Тай шаһарынан ұзап шыққан қу адам орамалға оралған ділдәсына қарап, өз қулығына масаттанады. Сол кезде бір қарға ұшып келіп, түйіншекті іліп әкетеді. Оны далбақтап қуып жете алмай, әбден шаршаған қудың салы суға кетіп, опынып қала береді.

Арада бір жеті уақыт өтеді. Сол қу адам өзін танытпайын деп бойын қоқырайтып, киімін өзгертіп, дауысын құбылтып, Атымтайға тағы келеді. Жомарт оны бар сый-сияпатымен күтіп алып, сұраған ділдәсін тағы береді. Осы жолы да ойлағаны іске асқан қу ділдәні енді таяғына түйіп алып, бұрынғыдан басқа жолмен жүреді. Сол арада алдынан өзен кездесіп, одан өтіп келе жатқанда, ділдә түйген орамалы суға түсіп кетеді. Қудың діңкесі құрып, тағы да жер сипап қалады.

Қу адамның Атымтайдан үшінші рет ділдә сұрауына тура келеді. Бұл жолы ол ақ ниетімен сұрап, үйіне аман-есен жетеді. Сауда-саттық жасап, шаруасы оңалады. Бір-екі жылда байып, тіпті қызметші ұстайды. Бір күні ол жомарттан алған үш жүз ділдәсін түйіп, басқа да сый-сияпат әзірлеп, Тай шаһарына келеді. Атымтай қонағын күтіп, ертеңінде кетер жолында ділдәсінің жүзін ғана алып, екі жүзін өзіне қайтарып береді. Қонақ бұл іске таңданып, аузы аңырайып отырып қалады. Сонда жомарт оған:

– Алғашқы екі рет келгеніңде сенің ойың жаман еді. Сондықтан сол кездегі саған берген екі жүз ділдәм өзіме қайта оралды. Алғашқысын қарға әкеліп тастаса, келесісі сумен ағып келді. Үшінші рет адал көңіліңмен келдің, осы рас па?– деп сұрады.

Өзінің бұрынғы қылығы есіне түсіп, сол қылығынан ұялған қонақ бұдан былай адал жолдан таймауға уәде береді.



Халықтық салт-дәстүр тәрбиесінде әрбір ата-ана ұрпағына жомарттықты ұғындырып отырған. Жомарттықтың бірқатар қыры болады. Мысалы: қол жомарттығы, көңіл жомарттығы, жол жомарттығы. Бұл қасиеттер адамның басқа адамдарға деген риясыз мейірімділігі мен қамқорлығының көрінісі болып табылады.

Жомарттық – көңіл байлығы. Жомарт болу үшін міндетті түрде бай, дәулетті болу қажет емес. Жомарт адам – қолындағы барымен бөлісуге даяр, көңілі мөлдірдей таза адам.



### Біз өмірдің гүліміз

*Өлеңін жазған Әнуарбек Дүйсенбиев  
Әнін жазған Бекен Физатов*

Зеңгір көктен  
Нұрын төккен,  
Ортақ біздің күніміз.  
Жайнап өскен,  
Жайдары өскен  
Біз – өмірдің гүліміз.

Бал достыққа,  
Жолдастыққа  
Шақырады өніміз.  
Тыныштықта,  
Нұр құшақта  
Бақыттымыз бәріміз.

## ӨЗ ЕЛІҢНІҢ ПАТРИОТЫ БОЛУ



Адал адам Отанын сүйеді.

*Ахмет Байтұрсынұлы*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Құрманбай Толыбаев*

### Менің Отаным

Әлі мектепке бармағанымен, Бекжан әріптердің қарасын түгел таниды. Дене бітімі ашаңдау, бірақ жанары отты. Жеке сөздерді ежіктеп оқи да алады. Атасының еркесі, артынан қалмайды. Кітап оқытып тыңдайды. Өзі асқан ұғымтал.

Үлкен кісілердің өсиеттерін есінде сақтағыш. «Тәтті жеме, көп жесең, тісің ауырады. Қайнамаған суды ішпе. Қолыңды жумай, дастарқан басына отырма...» деген сияқты ескертпелерге шын сеніп, мойынсынады да, бұлжытпай орындайды.

Бірге ойнататын балалардан да соны талап етеді. Біреуі тәтті жесе немесе су ішсе, қолма-қол ескерту жасайды. Сондықтан құрбылары оны білгір санайды, өнеге етеді. «Бекжан айтты» деп, кәдімгідей ес тұтады.

Атасы Бекжанның білуге құштарлығына айрықша ден қояды. Ылғи да жөн сілтеп отырады да, жиі пысықтайды.

– Бекжан, сен кімнің баласысың?

– Атамның баласымын.

– Өзің кімсің?

– Қазақпын.

– Қайда тудың?

– Алматы қаласында.



- Отаныңды білесің бе?
- Білемін, менің Отаным – Қазақстан!
- Сен қай елдің азаматысың?
- Қазақ елінің азаматымын.
- Отаныңды жақсы көресің бе?
- Отаным – жаным – төнім.
- Ер жеткенде Отаныңа қызмет етесің бе?
- Барлық күш-жігерімді Отаныма арнаймын!..

Сұрақтарға жауап бергенде Бекжанның жанары нұрланып, алма беті албырап кетеді. Бейне аса игі істі тыңдыратындай жайсаң сезімге бөленеді. Бұған атасы да марқайып қалады. Үміті ұшқындай түседі.



- «Отан» деген сөзді естігенде қандай әсерде боласың?
- Отанын сүйетін адамның бойында қандай қасиеттер болады?
- «Отан – оттан да ыстық» деген нақыл сөзді қалай түсінесіңдер?
- Отанға деген сүйіспеншілігіңді қалай білдіріп жүрсің?



### 1-тапсырма

Қажетті сөздерді пайдаланып, мақал-мәтелдерді жалғастырып жазыңдар.

**Қажетті сөздер:** бұлбұл, ыстық, ел болмас, ыстық, сүйкімді, алтын бесік.

*Отан оттан да ... .*

*Отансыз адам,*

*Ормансыз ... .*

*Туған жердің күні де ыстық.*

*Түні де ... .*

*Туған жердей жер болмас,*

*Туған елдей ... ..*

*Туған жер – ... ..*

*Туған жердің торғайы да ... .*

## 2-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында фотоколлаж құрастырыңдар.

*Мәриям Хәкімжанова*

Отан жерім, Отан – суым,  
Отан – қуат, Отан – нәр  
Отан – ұран, Отан – туым,  
Отан мәңгі гүлденер.

## 3-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Өзің тұратын өңірдегі Отанын қорғаған батырлар туралы мәліметтер жинап, баяндап беріңдер.

*Әдібай Табылды*

### Отанға қорған боламыз!

Өсірген халқым аялай,  
Өртелді бақ пен саяжай...  
Сол үшін батыр ағалар  
Жайратты жауын аямай.  
Соғыста қырғын кешегі  
Ажалдан сақтап неше ерді,  
Төлегендей ағалар

Кеудесін оққа төседі.  
Жанындай сүйген халықты  
Ерлерді мәңгі даңқты –  
Өнеге тұтып өсеміз:  
Әлия, Мәншүк, Мәлікті!  
Отанды сүйген баламыз,  
Отанға қорған боламыз!



Отан – адам баласы үшін ең киелі ұғым. Адамзаттың ең асылы да, ардақтысы да, тіреуіші де, сүйеніші де, сүйіспеншілік атаулының бәрі – өз Отаны. Батырлардың елі, жері үшін күресуі, ақындардың туған жері, Отаны туралы жырларын жазуы, суретшілердің өз атамекенін суреттеуі, барлығы да еліне, жеріне, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігінен туындайды.

Отан – адам үшін тек туылған жерімен ғана құнды емес, сонымен қатар орманымен, нуымен, суымен, топырағымен, ата-анасы, шаңырағы, тілімен құнды.



*Әзілхан Нұршайықов*

### Мәншүк әні

Бұл жылдың көктемі еді. Алматыда жасақталып, майданға келген Жүзінші бригада Великие Луки мен Невель деген екі қаланың аралығында тұрған. Фашистермен бірнеше рет бетпе-бет шайқасқан бригада бұл жерге таяуда ғана келіп, тынығуға тоқтаған. Біз бүгін майдан шебінде баспасөз күнін атап өттік. Кешке қарай топ-топ болып бөлімдерімізге қайттық. Ортамызда Мәншүк келе жатты. Ол бұл кезде даңқты пулеметші болып алған. Біз Мәншүктен өз өмірінен әңгіме айтуын өтіндік.

– Жоқ, алдымен сендерге қазақша ән айтып берейін, – деді ол. Қоршап тұра қалдық. Мәншүк асынған автоматын сырғытып алдына әкелді. Домбыра тартқандай ствол темірін сүйрік саусақтарымен басып-басып қойып, ағаш дүмін қағып-қағып жіберді. Содан соң өзінің нәзік те асқақ әуенімен «Қараторғайды» шырқата жөнелгенде, сілтідей тынып, тыңдай қалдық. Жабыққан орман жаңғырықты, жапырақтар жабыла қол соққандай. Көз алдымызға қызғалдағы жайнаған кең дала елестеді. Біз сағынған, бізді сағынған дала.

Ән аяқталғаннан кейін біразға дейін үнсіз аяңдап келе жаттық.

Сол жағымызда өзен күркіреді. Әр жерден киіз үйдің орнындай бомба шұңқырлары үңірейеді. Снаряд жамсатып, айқыш-ұйқыш сұлап жатқан ағаштар көрінеді. Осының бәрі қазір тып-тыныш мүлгіп тұрған мына дүниеде соғыс барын еріксіз еске түсіреді.

Кенет біреу Мәншүктен:

– Сен неге пулеметші болдың? – деп сұрады.

– Мен жасымда әжемнен көп ертегі тыңдап едім, – деді Мәншүк, – Соның бірі мынадай... Бір жас батыр ауылға

келген аждаһаны өлтірмек болып, екі жағының да сабы бар алмас қылыш соқтырыпты. Сосын оны алдына көлденең ұстап, аждаһа жатқан жерге барады. Аждаһа адамды көре сала аузын арандай ашып, лебімен ішіне тартып алады екен. Жас батырды да сөйтпек болып, дедектеткен бойда жұтып кеп жөнеледі. Кере ұстаған қылыш аждаһаны ұзыннан-ұзақ қақ бөліп түседі...

Мәншүк өзіне сұрақ қойған жауынгерге күлімдей қарады.

– Фашистер де сол аждаһадай екен, – деді ол майдан шебін саусағымен нұсқап. – Оны жеңу үшін менің де жаңағы жас батырдың қылышындай өз қаруым болуы керек. Мен сол үшін пулеметші болдым!..

Мәншүктің батальоны тұрған жерге жақындадық. Мәншүк енді өзінің Алатауын, Алматысын сағынғанын айтты. Қоштасарда біз Мәншүкке тағы бір ән айтып бер дедік.

– Айтсам айтайын, – деді ол.

Тағы да ән басталды. Оның қайырмасын бәріміз бірге шырқадық:

«Асқақтаған Алатау,  
Бауырың толы бақша-бау!  
Май айында майысып,  
Иісің жұпар аңқиды-ау...»

... Қараңғы түнде, қалың орман ішінде келе жатып мен Мәншүк шырқаған әндерді тынбастан ыңылдап айтумен болдым. Елінің өнерін, ән-күйін сүйген ержүрек те болады екен. Кеңес Одағының Батыры Мәншүк өмірі соның дәлеліндей.



- Мәншүк еліне деген сүйіспеншілігін қалай танытты?
- Мәншүк халқының өнерін қалай асқақтатты?
- Отанды сүю, риясыз қызмет ету парыз ба? Неліктен?
- Отанды сүю қандай іс-әрекеттерден бастау алады деп ойлайсыңдар?
- Өзің «Отан отбасынан басталады» дегенді қалай түсінесің?



#### 4-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрыңдар.

*Тұманбай Молдағалиев*

#### Батырмен алғашқы кездесу

1956 жылы қаңтар айында жастар газетіне қызметке тұрдым. Өзім ҚазМУ-дың филология факультетінің бесінші курсына оқимын. Сол газетте Бауыржан батырдың жары Жамал апай қызмет істейді екен. Өте сұлу, өте сүйкімді, өте қарапайым апай маған бірден ұнады. Батырдың жары осы кісідей болуы керек деп ойлаймын ішімнен. Жамал апайға өзім де жақсы көрінгім келді. Тіпті ол кісіге туған бауыр болсам-ау деген арманым да жоқ емес. Сол арман бір күні Жамал апайға менің Бауыржан аға туралы әңгімемді айтқызды.

– Ағаң жақында әскерден біржола босанып келеді. Келген соң мен сені ертіп барып ағаңа таныстырам, – деп уәде етті Жамал апай.

Қыс айының соңы. Бір күні Жамал апай:

– Бала, кешке жақын мына адреске кел. Ағаң келді, – деді. Жұмыстың бітуін асыға күттім. Сағат алтыдан кеткенде мені іздеп келе қалған кластас досым Әуелбай Салтбаевты ертіп Фурманов көшесіндегі Бауыржан ағаның пәтерінің қоңырауын бастық.

Есікті Жамал апайдың өзі ашты. Екеуміз дәлізге аяқ киімімізді шешіп, ағаның қонақ қабылдайтын бөлмесіне кірдік.

– Сені көргісі кеп жүрген, әзір студент, бірақ болашағы үміт күттіретін інің – Тұманбай. Сені көрсетем деп уәде бергеніме бірталай уақыт болып еді, – деп күлді Жамал апай. Бауыржан аға бізге қолын ұсынды. Біз:

– Ассалаумалейкүм! – деп ағаның қолын алдық.

– Әскерден біржола босандым. Запасқа шықтым. Пенсия береді маған. Енді қалған өмірімде көрген-білгенімді, соғыста өзіммен бірге болған ерлер жайлы жазсам деймін. Соғыста өлгендердің бәрі де атын мәңгі ардақтауға тұрарлық ерлер.



Олар туралы біз жазбасақ, кім жазады? Ерлікпен қаза тапқандардың есімін ардақтау – тірілердің парызы, – деп тоқтады Бауыржан аға.

Біз ағаның уақытын алып, көп отыруға хақымыз жоқ екенін іштей сезініп, ол кісімен қоштасып сыртқа шықтық.

Қыстың соңғы айының суық күні батып бара жатты. Бірақ біздің ішімізде бір күн оянғандай. Бауыржан ағамызды көргенімізді, ол кісімен сөйлескенімізді достарымызға айтуға өзіміз тұрып жатқан жатақханаға жетуге асықтық.

### **5-тапсырма**

Өздерің тұратын аймақта Отанын қорғаған, батырлық көрсеткен адамдармен сұхбат жүргізу үшін сұрақтар дайындаңдар.

Сұхбатты дұрыс жүргізу үшін алдын ала жоспар жасап қою маңызды. Сұрақ қою да шеберлікті қажет етеді. Қоятын сұрақтарыңды ұмытып қалмау үшін, дәптерге немесе диктофонға дауыстарыңды жазып алсаңдар болады.

### **6-тапсырма**

Мәтінді оқыңдар. Рөлдерге бөлініп, сахналап көрсетіндер.

*Шәкен Күмісбайұлы*

### **Ата, ол не?**

Асқар мен Әсет газет-журналды аша қалса да, теледидарды қоса қалса да, радио нүктесін баса қалса да ең жиі кездесетін сөз – Тәуелсіздік екен. Бірақ екеуі де бұл ұғымның нені білдіретінін түсінбей дал болды. Ақыры Әсеттің атасының үйіне келді.

Қария немерелерінің сөздің мағынасын түсінбегеніне налыды ма, кім білсін, қабағын түйіп, сұрақты қарша боратты.

- Есімдерің кім? – деді бірден.
- Асқар, Әсет.
- Қай ұлтсыңдар
- Қазақпыз.
- Мемлекетіміздің аты қалай аталады?

- Қазақстан Республикасы.
- Астанамыз қай қала?
- Астана.
- Мемлекетімізді кім басқарады?
- Президент ата. Үшқоңырда туып, Шамалғанда оқыған.

Украинада институт бітіріп, Теміртауда болат балқытқан.  
Нағыз қазақтың баласы.

- Әлі де ештеңе түсінген жоқсыңдар ма?

Қос бала үнсіз қалды.

– Әр мемлекеттің өз астанасы болуы, елді өз ұлтының өкілі басқаруының өзі тәуелсіздік. Қазақстан басқа елдерге тәуелді емес. Бұрыңғыдай көрінгенге бас иемейді. Өз елімізге, өз жерімізге өзіміз ғана иеміз. Ия, өзіміз... Тәуелсіздікті намыспен қорғау әрқайсыңның парызың. Түсінікті ме?

...Асқар да, Әсет те басын изей берді.

- Мен Тәуелсіз елдің баласымын, – деді Әсет.



Отан – адамның туып-өскен жері, атамекені, ел-жұрты, табиғат байлықтары, халқы, қоғамдық және мемлекеттік құрылысы, тіл, мәдениет, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ерекшеліктері бар белгілі бір халықтың тарихи тұрағына айналған аумақ.

*Бауыржан Момышұлы*



## Атамекен

*Өлеңін жазған Қадыр Мырза-Әлі  
Әнін жазған Ескендір Хасанғалиев*

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем.  
Маңдайымнан сипап өткен самалды,  
Қазағымның алақаны деп білем.

*Қайырмасы:*

Қайда жүрсең, атамекен,  
Көкейіңде жатады екен.  
Күннің өзі ұясына,  
Қимай оны батады екен.

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем.  
Асқар тауым аспаныммен таласқан,  
Қазағымның мәртебесі деп білем.

*Қайырмасы.*

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.  
Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін,  
Қазағымның махаббаты деп білем.

*Қайырмасы.*



## ТЕСТІЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

### 1-тест

Сен досыңның анасы сырқаттанып қалғанын және досыңның жүдеу жүргенін байқадың.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Бұл жағдайдың маған қатысы жоқ болғандықтан, үндемей жүре беремін.*

*Ә) Досыма мейірімділігімді, қамқорлығымды көрсетемін.*

*Б) Қолым тиген кезде көмек көрсетем деп ойлаймын.*

### 2-тест

Атаң мен анаң көрші үйде тұратын қарт апаға көмектесіп қайтқаныңды қалап, сені сол үйге жіберді. Бірақ сол күні сен достарыңмен компьютер ойынын ойнауға келісіп қойдың.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Ата-анама достарыммен компьютер ойынын ойнауға келісіп қойғанымды айтып, кетіп қаламын.*

*Ә) Ата-анамның айтқанын бұлжытпай орындаймын.*

*Б) Ата-анама компьютер ойынын ойнап болғаннан кейін баратынымды айтамын.*

### 3-тест

Әкең мен анаң сенің туған күніңе әдемі доп сыйлады. Сен доппен ойнау үшін аулаға шықтың. Аулада ойнап жүрген бір топ бала сенің жаныңа жинала кетті. Олар допқа қатты қызығып қарап тұр.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Добымды алып ауладан кетіп қаламын.*

*Ә) Балалармен бірге ойнағым келсе де, әдемі добымды қимаймын.*

*Б) Балаларға «доп ойнайық» деп, ұсыныс жасаймын.*

#### 4-тест

Сен ата-анаңмен үлкен қалаға қыдырып бардың. Онда басқа балалармен таныстың. Олар сенен туған ауылың туралы сұрай бастады.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Туған ауылым туралы көп нәрсе білмегендіктен, үндемеймін.*

*Ә) Туған ауылымның сұлулығын мақтанышпен айтып беремін.*

*Б) Ауылым шағын болғандықтан, ол туралы айтуды жөн көрмеймін.*



#### «Мейірім тамшылары» жобасы

Әндер жинағын құрастыру жұмысын жалғастырыңдар. Өздерің де мазмұны жағынан мейірімді әндердің авторы бола аласыңдар.

Өздерің құрастырған әндер жинағын кімдерге сыйға тартуға болатынын ойланьңдар.

Қорытынды мерекеге дайындық жұмыстарын бастаңдар.

# IV ТАРАУ

## ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ



## СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ЖАҚСЫЛЫҚ ЖОЛЫ



Ағаш көркі – жеміс,  
Адам көркі – жақсы іс.

*Саиф Сарай*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



### Райымбек бастауы (Аңыз)

Ертедегі бір кездерде жер бетінде Райымбек батыр өмір сүріпті. Ол өзінің сарбаздарымен бірге қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан қорғаған болатын.

Ауыр шайқастар жүріп жатқан. Бір кездері жауды қуып келе жатып, Райымбектің жауынгерлері шөл далаға тап келеді. Олар сусап, шөлдейді. Сөйтіп олар су іздеуге кіріседі. Ұзақ шарлайды, бірақ еш жерден бастау таппайды.

Сарбаздар әлсірей түседі. Сонда Райымбек бар күшімен ұрып, найзасын жерге қадайды. Ал найзаны қайта суырып алғанда, сол жерден су шапшып шығады.

Сонау бастау осы уақытқа дейін Алматы облысының Қарақастек ауылында мөп-мөлдір болып тұнып ағып жатыр.

Халық сол бастауды қасиетті деп санайды. Оны «Райымбек бастауы» деп атап кеткен.



- Райымбек батыр еліне қалай қызмет етті?
- Батырдың жауынгерлері қандай жағдайға тап болды?
- Райымбек батырдың ғажап ісін қалай түсінуге болады?
- Жақсылық жолында жасалатын қандай істерді білесіңдер?
- Өзің жақсылықты қалай көрсетер едің?



### 1-тапсырма

Жақсылық істердің тізбесін жасаңдар.

Өзіме жақсылық	Өзгелерге жақсылық	Отаныма жақсылық

### 2-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Өлеңде сипатталған баланың жақсы істерін теріп жазыңдар. Өзіңдерің тағы қандай істерді қосар едіңдер, айтып беріңдер.

*Қастек Баянбай*

#### Жақсы

Бәрі жақсы баланың  
«Беске» оқиды сабағын.  
Айналайын баладан  
Көгершінді аяған.  
Адал болса досына,  
Азаматың осы да.  
Ойнатса кім інісін,  
Мақұлдаймыз мұнысын.  
Әділ болсаң ойында,  
Жақсы мінез оның да.  
Күтсе бала әжесін,

Жақсы дейміз дәл осың.  
Өскен бала ауылда  
Ойнар аттың жалында.  
Өзі түйме қадаса,  
Мұндай бала тамаша.  
Барын берсе қолдағы,  
Бала жомарт болғаны.  
Уәдесін сақтаған  
Баланы жұрт мақтаған.  
Болады бәрін санауға,  
Жақсылық көп қалайда.

### 3-тапсырма

«Жақсылық» сөзіне ребус құрастырыңдар.



Өмір адамға жақсылық жасау үшін берілген. Жаны таза, жүрегі жұмсақ адам әрдайым жақсылық жасауға бейім тұрады. Жақсылық іс жасауға барлық уақытта, барлық жерде, барлық жағдайда мүмкіндік бар. Ол үшін адамның шынайы ниеттеніп, көңілін бөліп, назарын аударып, сезімтал, мұқият болғаны абзал.

Жақсылық адамның өзін де, өзгелерді де қуанышқа, шаттыққа бөлейді.






## Қайырлы іс (Өсиет әңгіме)

Бір жолаушы қарт адамның жеміс ағашын отырғызып жатқанын көріп:

– Қария, бұл отырғызып жатқан ағашыңыздың жемісін сіз көре алмайсыз ғой, несіне бейнеттеніп жатырсыз? – деп сұрайды.

– Бізден бұрынғылар да осылай ағаш отырғызды, олардың жемісін біз жедік. Енді біздің еккен ағашымыздың жемісін кейінгілер жесін. Сол үшін еңбектеніп жатырмын, – дейді қарт.

Әлгі кісі бұл сөзге риза болып, алғысын жаудырады.





- Қарт адам қандай іс атқарды?
- Жолаушы оған неліктен таңғалды?
- Қарт адамның бойында қандай қасиеттер бар?
- Қарттың жасаған ісін қалай бағалауға болады?
- Жасаған жақсылығыңның шарапатын көру міндет пе? Неліктен?
- Өзің қандай қайырлы іс жасап көрдің?



#### 4-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Ұрпақ парызын ұғып алыңдар. Өздерің толықтырып айтыңдар.

#### Ұрпақ парызы

Ата-ананы құрметтеп, сыйлау.  
Ата-анаға қолқанат болу.  
Айтқанын екі етпей орындау.  
Ата-анаға қуаныш пен шаттық әкелу.  
Қарапайым, еңбексүйгіш болу.  
Мейірімді, қанағатшыл болу.  
Оқу, өнер-білім игеру.  
Ана тілін білу, қадірлеу.  
Салт-дәстүрді сақтау.  
Адал, елжанды болу.

#### 5-тапсырма

Аңызды оқыңдар. Ондағы іс-әрекеттерге баға беріп, кестені толтырыңдар.

#### Диқан баба (Аңыз)

Сонау атам заманда Диқан баба жаңбыр орнына арпа-бидай, қар орнына аппақ ұн жаудырған екен. Сонан соң егін бейне жердің шөбі сияқты жыл сайын өзі өніп-өсіп, мезгілімен пісіп тұратын болыпты. Ол замандағы ел-жұрт «сенікі-менікі» демей, дайын астықты жинап алып, шетінен жей береді екен. «Ашаршылық» дегенді білмепті. Бір жылы егін қалың шығыпты да, аста-төк болып, ішуге ауыз, қоярға

жер табылмапты. Мұндай молшылықты көтере алмаған адамдар Диқан бабаға астамшылық сөздер айтыпты. Көл-көсір астықты қорлапты.

Мұны естіген Диқан баба үш жыл бойы жер бетіне бір түйір дән өсірмей тастапты. Ашаршылыққа тап болып, тентіреген жұрт Диқан бабаға жалынып-жалбарынып, кешірім сұрапты. Диқан баба жұрттың білместігін кешіріпті.

Бірақ бұрынғыдай аспаннан арпа-бидай, ақ ұн жаудырмай, оның орнына жазда жаңбыр, қыста қар жаудырыпты.

Сөйтіп Диқан баба:

– Жауын-шашынның суына өздерің егін егіп, тер төгіп, керектеріңе жарайтын қоректі алып отырыңдар, – депті.

Ашаршылықтың зардабын тартып, ас қадірін білген жұрт маңдай терін төгіп, өз қолымен егін егіп, күндерін көріпті.

Маған ұнаған іс-әрекеттер	Маған ұнамаған іс-әрекеттер	Менің ұсынысым

## 6-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Сахналап көрсетіңдер.

*Әдібай Табылды*

### Әдеп

*Қатысушылар:* Білдірген, Күлдірген.

*Күлдірген.* Білдірген әуелі, «әдеп» деп, «әдептілік» деп қандай мінез бен іс-әрекетті айтамыз, соны біліп алайық.

*Бүлдірген.* «Әдептілік» деп, үлкенді сыйлауды, достарды, айналадағы адамдарды құрметтеуді айтамыз.

*Күлдірген.* Айттым ғой, Білдірген білдің бе? Сен мені сыйлап, құрметтеуің керек.

*Білдірген.* Сен ше? Сен де мені сыйлауың керек (көрермендерге) Солай емес пе, достар? Сыйласым екі жақтан бірдей болуы керек. Әдепті жан басқадан сыйласым күтпей-ақ, алдымен өзі басқаны құрметтеп, ардақтай біледі, көпшілікке өзінің әдептілігін көрсетеді.

*Күлдірген.* Енді білдім: әдеп, ізет, инабат, сыйласым, құрмет, қамқорлық деген сөздер әдептілікті білдіреді екен.

*Білдірген.* Мен бұл сөздерді баяғыда жаттап алғанмын. Сен де жаттап ал, Күлдірген.

*Күлдірген.* Сөзді құрғақ жаттау пайдалы емес. Оны түсініп жаттау керек. Сөзді іспен орындау керек.

*Білдірген.* Тағы да бір нәрсе айтайын ба? Кім кімге де кешірімді болу бар ғой, ол да – әдептілік.

*Күлдірген.* Жас-кәріге Сіз деген,

*Білдірген.* Жақсы үлгі іздеген,

*Екеуі (қосылып).* Дос боламыз, біз деген

Ізетті үлмен, қызбенен!



Қандай адам болмасын оның өмірі бөтендердің өмірімен байланысты. Дүние солай жаратылған. Күн, Ай, Жер, Су – бәрі бірімен бірі үзілместей болып шиеленіскен. Күнсіз Жер жоқ. Жерсіз Су жоқ. Бұл – табиғат үйлесімділігі. Адамды адам етіп жаратқан да сол – сүйіспеншілік үйлесімділігі. Кісі бірін-бірі жек көруден емес, жақсы көруден көркейеді, өрісі кеңиді. Бұл – адамзаттың бақытының негізі.

*Илияс Есенберлин*



**Құттықтаймын мама, туған күніңмен!**

*Өлеңін жазған Мұқағали Мақатаев  
Әнін жазған Нұрғиса Тілендиев*

Нұрын төккен маған  
Шуағымсың – сен!  
Айналайын мама,  
Қуанышыңмен!

Аялаған мені,  
Ән қанатымен.  
Құттықтаймын сені,  
Салтанатыңмен!

Шаттандырған мені  
Жұбанышым – сен!  
Құттықтаймын сені  
Туған күніңмен!

Бақытты ғой заман,  
Қандай көңілді!  
Мен тілеймін саған,  
Ұзақ өмірді!

## ТАБИҒАТПЕН ҮЙЛЕСІМ



Табиғат тал бесігің – аялай біл.

*Нақыл сөз*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Спандияр Ақаев*

**Жақсы ата – орман,  
Жақсы бала – қорған**

Бір кісі зейнетке шығысымен ауыл жанындағы ну жыныс тоғай ағаштарының қураған бұтағын аралап, сыртқа шығарыпты. Майысқанын түзеп, ағаштары сиреген жерлерге шыбық отырғызып, қалған-құтқан тақтайдан құстарға ұя жасап, қысы-жазы сол тоғайды күтуді әдет қылыпты. Бұдан бұрын қураған, шіріп құлаған ағаштары айқасып-ұйқасып жататын, бір жері алаңқай тақыр, бір жері ну жынысты алақұла тоғай бірте-бірте кішкентай ғана әдемі орманға айналып кетіпті.

Сол кісінің қалада тұратын немерелері, оқу біте сала ауылға келіп, қарақат, бүлдірген жеп, аң, құсын қызықтап, жаз бойы сол орманнан шықпайды екен. Және олар құр ойнап қана қоймай, ормандағы ағаштардың, аңдардың тізімін жасап, суретін салып, көрген қызықты оқиғаларды суреттеп, жазып жүретін болыпты.

Олар аталарының айтуы бойынша, орманға мал түсіп, жас талдардың қабығын кеміріп тастауынан, бұзық балалардың бұтақты орынсыз сындыруынан, құс ұяларын бұзып, жұмыртқасы мен балапанын ұрлауынан да қорғап жүреді екен. Орманға ниеті бұзық мылтықты адам келсе, бір жерден шыққан от көрсе, оны тез өшіріп немесе аталарына хабарлап, орманды өрттен, аңдарын ашкөз аңшыдан сақтап қалуға үлкен үлес қосады екен.

Атасы мен немерелерінің табиғатқа жасаған осы қамқорлығынан ба, ел ішінде «жақсы ата болса, орман болады, жақсы бала болса, сол орманға қорған болады» деген сөз қалыпты.



- Тоғайдың бастапқыда жағдайы қалай еді?
- Зейнеткер кісі тоғайға қандай қамқорлық жасады?
- Атайдың немерелері қандай істермен шұғылданды?
- Ел ішінде қандай нақыл сөз қалыпты?
- Табиғатқа неліктен қамқор болу керек деп ойлайсыңдар?
- Өзің табиғатқа қандай қамқорлық жасап жүрсің?



### 1-тапсырма

Өлеңді оқыңдар.

Табиғатқа қамқорлықтарың туралы айтып беріңдер.

*Мұзафар Әлімбаев*

### Табиғаттың панасымыз

Елік қырда ауырса,  
Жоқ қой ауруханасы.  
Қос өкпесі қабынса,  
Қайдан табар дауасын?!

Ағаш өзін қиғанды  
Ат сияқты тебе алмас,  
Гүл де жұлқып-жұлғанды  
«Неге өйтті?» – деп сөге алмас.

Аю байғұс аяғын  
Алса жырып, қанатып,

Жарасын кім таңады,  
Кім бар бағып-қағатын?

Қыста бар ма шымшықтың  
Жемге толы қоймасы?!  
Дала кезген тұмсықты  
Достар жайын ойлашы...

Түйіп айтар сөзіміз:  
Табиғаттың панасы –  
Біздің мына өзіміз –  
Адамзаттың баласы!

### 2-тапсырма

Аңызды оқып, сурет салыңдар.

## Құс жолы (Аңыз)

Ашық түнде жұлдызды аспанға қарашы: күллі көк күмбезімен көлбеп, бір шетінен екінші шетіне дейін жетіп – ақ шаңқан жол созылып жатыр. Міне, соны «Құс жолы» деп атайды.

Күндіз жыл құстары жер бетін түгел көріп ұшады, сондықтан олар ешқашан адаспайды. Ал түнде дүние түгел түнекке бөккенде, олар не істей алған болар еді? Түнгі мезгілдерде – көктем мен күзде – жыл құстарының ұя салатын орындарына апаратын бағытын Құс жолы көрсетіп тұрады.

### 3-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтырыңдар.

*Мәдіхат Төрежанов*

### Табиғат тәрбиесі

Шорман қаракерін аяндатып тоғайды жағалады. Тау болып үйіліп жатқан құмырсқаның илеуіне келді. Атын тоқтатып, Орманбек қызықтасын дегендей қарап тұрды. Құмырсқаның бірі кіріп, бірі шығып, үлкен той үстіндегідей сапырылысып, құжынап жүр. Бәрі қимыл, қарекет, қауырт іс үстінде.

- Әке, мынау не төбешік? – деп сұрады Орманбек.
- Бұл құмырсқаның илеуі.
- Илеу деген не?
- Илеу – құмырсқаның үйі, мекені деген сөз.
- Бүкіл құмырсқа бір-ақ үйде тұра ма?
- Тату болмаса, бір үйде тұра алмаған болар еді ғой...

Енді біраз жүргеннен кейін араның омартасына кезікті. Мұнда да аралар қаптап, біреулері алысқа шырын теруге кетіп жатса, екіншілері «ұзақ» сапардан келіп жатыр екен. Орманбек біраз қызықтап қарап тұрды да:

- Аралар да бір үйде тұра ма? – деді.

– Бір үйде тұрады.

– Әке, мен бұлардың неге бір үйде тұратынын білемін, өйткені олар – бір-бірімен тату.

Әкесі мырс етіп күліп жіберді.

«V» Мен білемін	«+» Мен үшін жаңа	«-» Мен басқаша ойлаймын	«!» Мені таңғалдырды

### Күл-қоқырды аулаққа төк



Кейбіреулер ошақтың күлін, қорадағы малдың қиын судың жағасына төге салады. Ол арыққа түсіп, суды былғайды. Осылайша таза су жарамсыз болып шыға келеді. Төменгі ел де, мал да сол суды ішуге мәжбүр болады.

Соның салдарынан өсімдіктердің өсуі нашарлайды, мал азады. Бұлақтың бас жағында тұратындар аяққы елді де ойлауы керек. Суға көрінген нәрсені тастай бергеннің де түбі зиян. Сондықтан бабаларымыз: «Күл-қоқырды, көң-қоқысты бұлақ басынан аулақ төк!» деп өсиет айтқан.

Су таза болсын десеңдер, судың ішіндегі балығы мен бақасы уланбасын десеңдер, ағын суға лас нәрселерді тастамаңдар, тастатпаңдар.

*Спандияр Ақаев*





*Айса Хамзаұлы*

## Обал

Жаз күні. Таңертең Әсет інімді ертіп, бұзауларды өріске айдап тастап, үйге беттеп келе жатқанбыз. Алдымыздан қанаты сынған ба, әлде, топшысы үзілген бе, бір үйрек жерден көтеріле беріп, таяқ тастам жерге барып құлап түсті. Тұра қудық. Біз жақындағанда ұша жөнеледі де, ұзамай қайта қонады. Үйректі қуалап жүріп, ауылдан ұзап кетіппіз. Үйрек аспанға көтеріліп, алғаш ұшқан жеріне қайта барып қонды. Балапандарын өзенге апара жатқан құс екенін сонда білдік. Бізден балапандарын қорғау үшін қолданған амалы екен.

– Жүр, балапандарын ұстап алайық, – дедім Әсетке.

Жүгіріп отырып үйрек қонған жерге келдік. Балапандар өзеннің жарқабағына таяп қалыпты. Бізді көрген үйрек: «Өлтіріңдер, мені өлтіріңдер, балапандарыма тие көрмендер!» дегендей жолымызды бөгеп, қалшиып тұр. Әсет жерден тас алып, жіберіп қалып еді, үйректің басына тиіп, құлап түсті. Үйректі ұрып алғанымызға қуандық. Үйге келген соң екеуіміз жарыса сөйлеп, апамызға айттық. Апам қынжыла сөйледі:

– Байғұс ана-ай!.. Баласы үшін отқа да, суға да түсіп, өлімге де барады-ау. Мына үйрек те балапандарын қорғау үшін өлімге басын тігіп, тайсалмаған. Бұл қылықтарың бекершілік болған. Шешесінен айырылған балапандар қалай күн көреді, қайтіп жан сақтайды?..



Қателігімізді мойындадық. Балапандарды аяп, мұңайып қалдық. Қап өттеген-ай!.. Обал болды-ау...



- Үйректің үркіп қашу себебі неде?
- Балалар балапандарға қандай қатер тудырды?
- «Обал болады» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Құстарды неліктен қорғау керек деп ойлайсыңдар?
- Өзің құстарға қандай қамқорлық жасайсың?



#### 4-тапсырма

Мәтінді оқыңдар. Таңғы мезгілді, күннің шығуын бақылаңдар. Байқағандарыңды, әсерлеріңді жазыңдар.

*Марат Қабанбаев*

#### Таңғы тыныштық

Есікті ашысымен, жарқылдап кеп құшақтап алған Күн кірпік сәулесін тіктеп көзіме қадады.

Әбден таңқылдап піскен сап-сары қауын – Күн шеңбірек<sup>1</sup> атып, Қоқай шалдың аласа үйінің төбесінен табан үзіп, долдана көтеріліп келеді. Ауыл таңғы ұйқыдан талықсыған, жым-жырт. Майлыаяқ үрмейді: тұмсығын бауырына тыға шарбақ қораның түбінде дөңгеленіп, үлкен О әрпін құрапты.

Қорадағы қоқиған қызыл өтештің қанаттарын жігерлене қаққаны, шібилерді<sup>2</sup> басынып: «Қоқоқ, қо-қоқ!» деп, қоқиып бүгінге жетерліктей қысқа әрі нақты әмірлер таратқаны ғана шырықты бұзып тұр. Мұзтаудың конус шоқылары таңғаларлықтай айқындалып, қиыла қалыпты. Тура тұсқа іліп тастаған кілем секілді. Маздаған сәулені жайлап сіңіріп, маңқия бортиып, бортиып жатыр.

Тамаша таңғы тыныштық!

<sup>1</sup> *Шеңбірек* – дөңгеленіп.

<sup>2</sup> *Шіби* – тауықтың өсіп қалған балапаны.

Үй артына шықсақ, көкем арбаларды жегіп, айдау қара жолға шығарып қойған екен. Қызыл биелісінде өзі отыр. Қара аттылы ырдуанға<sup>1</sup> Қоқай екеуміз міндік. Сөйттік те, арба соңынан домаланған Күнді ерте, ауылдың батысындағы шабындыққа қарай жүріп кеттік.

### 5-тапсырма

«Табиғат» тақырыбына «Бес жол өлең» (синквейн) құрастырып жазыңдар.

Бес жолдан тұратын өлеңді жазу ережесі:

1-жолға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).

2-жолға тақырып екі сөзбен сипатталып жазылады (сын есім түрінде).

3-жолға үш сөзбен тақырыпқа қатысты іс-әрекет жазылады (етістік түрінде).

4-жолға төрт сөзден тұратын тақырыпқа қатысты бір сөйлем жазылады.

5-жолға тақырыптың мәнін сипаттайтын бір сөз жазылады.

### 6-тапсырма

Қажетті сөздерді пайдалана отырып, табиғатты аялаудың ережесін құрыңдар.

*Қажетті сөздер: жан-жануар, өсімдіктер, топырақ, су, бұлақ, аң-құстар, қя, жұмыртқа, балапан, ағаш, өзен-көл, гүл, көк шөп.*



«Дала көшпелілерінің поэзия мен шынайы сезімге бейім болуына өмір бойы табиғат құшағында жүруі – жасыл майса дала, ашық мөлдір аспан, көші-қоны көп тұрмыс әсер етпесіне кім кепіл?»

*Шоқан Уәлиханов*

<sup>1</sup> *Ырдуан* – көп жүк сиятын арбаның қорабы.



## Қос қарлығаш

*Өлеңін жазған Бақытжан Ауданбаев  
Әнін жазған Нұрлан Еспанов*

Бір күн келіп алмастырып бір түнді,  
Көктем келіп айналамыз құлпырды.  
Қос қарлығаш тыным таппай тағатсыз,  
Жөндеп жатыр ескі ұясын былтырғы.

*Қайырмасы:*

Қос қарлығаш көктемде,  
Сағындырып жеткенде,  
Қандай сезім жетеледі туған мекенге?  
Тағып алып ақ тұмар,  
Жұлдыздай боп ақтыңдар.  
Ерте өшкен үмітімді,  
Қайта жақтыңдар.

Қос қарлығаш, қияқ қанат достарым,  
Қанатымен тілгілеген аспаным.  
Тілгіленіп қалар еді-ау жүрегім,  
Ұя салса ауласына басқаның.

*Қайырмасы.*

Қос қарлығаш тағдырларын тең бөлген,  
Тірліктерін туған жерге өңделген.  
Әрбір адам туған жерін сүюді,  
Үйренсе екен, үйренсе екен сендерден.

*Қайырмасы.*



## ДЕНСАУЛЫҚ ҚҰПИЯЛАРЫ



Денсаулық – зор байлық

*Нақыл сөз*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Әдібай Табылды*

### Аппақ бала

Асан ойыннан асығып келді. Оның жүзі анардай қызарыпты. Мамасына тартқан танауы таңқиып, тершіп тұр.

– Мама, тамақ ішем! – деді ол аптығып.

– Ас дайын, балам. Жуынып кел, – деді ақжарқын ана.

– Беті-қолымды кеше жуғанмын! – деді Асан абыржып.

Асыл ана Асанның шашының өскенін, тырнағының алынбағанын енді байқады. «Кеше жуынғанмын» деп, керігіп тұрған баласын аяп:

– Балам үсті-басыңды таза сақта, – деді ана.

– Тазамын ғой, мама!...

– Балам, таза болсаң, денің сау болады.

– Денім сау ғой, мама...

– Асантай, ерте тұр, шынық, жуын! – деп едім ғой саған.

– Мақұл, маматай! Енді ерте тұрамын, шынығам, жуынам...

– Міне, мұның дұрыс. Шынықсаң, сымбатты жігіт боласың.

Асан қабырғадағы айнаға қарап, кір қожалақ екенін көрді. «Ұят-ай», – деді ішінен.

– Маматай, кешіріңіз, қазір жуынам, – деді ол. Жуынатын бөлмеге барып жуынып-шайынып келді.

– Өстіп әдепті де, әдемі бол! – деп мамасы қуанып қалды.

Асан енді күнде шынығып, таза жүретін болды. Мамасы оны «аппағым» дейді. Ал ағайындары Асанды «аппақ бала» деп жүр.



- Үсті-басыңды таза ұстаудың денсаулыққа қандай пайдасы бар?
- Денені шынықтыру не үшін қажет?
- Сымбатты болу үшін не істеу керек?
- «Жаны саудың – тәні сау» деген нақыл сөзді қалай түсінесіңдер?
- Сен өз денсаулығыңды сақтау үшін қандай іс-әрекеттер жасап жүрсің?



### 1-тапсырма

Адам денсаулығына жақсы әсер ететін іс-әрекеттерді жалғастырып жазыңдар.

Адам денсаулығына жақсы әсер ететін іс-әрекеттер:

- күн тәртібін сақтау;
- көп қозғалу;
- жақсы көңіл күйде болу;
- ...

### 2-тапсырма

Суреттерге қараңдар. Сурет бойынша әңгіме құрастырып айтыңдар.





### 3-тапсырма

Денсаулықты сақтау туралы сөйлемдерді аяқтап жазыңдар.

*Егер денің сау болсын десең, ...*

*Егер мұрның сау болсын десең, ...*

*Егер көзің сау болсын десең, ...*

*Егер құлағың сау болсын десең, ...*

*Егер тынысың сау болсын десең, ...*



Тазалық сақтаудың денсаулыққа тікелей қатысы бар. Әр адам күнделікті жақсы әдеттерді ұстануға дағдылануы керек. Жуынып-шайыну, үсті-басыңды таза ұстау, таза ауада серуендеу, денені шынықтыру, дұрыс тамақтану – бұл денсаулық кепілі. Денсаулыққа зиянды нәрселерден аулақ болған жөн. Денсаулығыңды сақтау өзіңе байланысты екенін ұмытпа.



## *Әдібай Табылды*

### **Табиғат – емші**

Балақай сезімді,  
Тыңдаған сөзімді:  
Болуға төзімді  
Шыңдағын өзіңді.  
Денсаулық байлығың,  
Онда жоқ қайғы-мұң.  
Амандық үшін де  
Адамдық ісіңе  
Қолданып, ел сынар  
Табиғат емші бар.

### **Ауа**

Жер шары – «дәу» әлем,  
Қоршалған ауамен.  
Шығып кең алаңға,  
Шынық сен әманда.  
Керемет ауа – бұл,  
Кең тыныс ала біл.  
Демге күш, дауа да,  
Емдегіш ауада.

### **Күн**

Сәулелі, шуақты,  
Сәулетті, қуатты,  
Күн – емші анамыз,  
Күннен күш аламыз.  
Нұрлана қыздырынып,  
Нұрына жүздіріп,  
Абайсыз суып тән,  
Ауырсаң суықтан,  
Күн-ана шуағы  
Дертінді қуады.

### **Су**

Су – өмірдің жүрегі,  
Денсаулық тірегі.  
Шөлдесең, азасың,  
Жуынсаң, тазасың.  
Өзен су... бәрісі –  
Өмірдің дәрісі.  
Сусыз жоқ дәрілер,  
Су – нағыз дәрігер.





### Дәм

Нан, сүт, ет – тағамдар,  
Нағыз күш, тағам-нәр.  
Жеміс пен көгөніс  
Жегенге берер күш.

Ас – адам арқауы,  
Аспен күш артады.  
Тағам іш жағымды,  
Тазартар жаныңды.  
Дертiңдi қуатты  
Денеңнен қуады.

### Асқазан

Ас ішсең сіміріп,  
Асқазан сіңіріп.  
Жақсартып қаныңды,  
Жаңартар жаныңды.  
Асқазан жұмысын  
Аяла!  
Бұл үшін  
Ас ішсең, аптықпа,  
Ал кейде «аш тұт та»,  
Талға да бір сәтті,  
Тазала «құрсақты».



## Спорт

Жанға құт – шынығу,  
Жаттығу, тынығу.  
Сымбатты болу да  
Спорттық жолыңда.  
Күнделік ойын да  
Күш берер бойыңа.  
Шынығу – ем болар,  
Шынықсаң, ем қонар.

## Демалыс

Еңбекпен шынықтың,  
Енді сен тыныққын.  
Серги біл, құр жатпа,  
Сейілде гүл бақта.  
Көп жатпа, қоя тұр,  
Көр кино, театр.  
Жаназық болмаса,  
Жан күту – далбаса!  
Ой салып ақылға,  
Оң істі мақұлда.  
Ел біліп, сайлаған  
Емші – бұл, пайдалан.  
Қуантып еліңді  
Қуатты, көңілді,  
Құрыштай адам бол,  
Құрыспай, аман бол!




- «Күн – емші анамыз» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Таза ауамен демалудың пайдасы қандай?
- «Су – нағыз дәрігер» деп неліктен айтылған?
- «Ас – адамның арқауы» деудің себебі неде?
- Спортпен шұғылдану неліктен қажет?
- Өзің денсаулығыңды нығайту үшін қандай талаптарды орындап жүрсің?



#### 4-тапсырма

Дәптердегі «Денсаулық құпиялары» текшесін қиып жасаңдар. Текшенің ішіндегі тапсырмаларды орындаңдар.



#### 5-тапсырма

Өлеңді оқыңдар. Өлеңнен түйін сөздерді теріп жазыңдар.

*Тұрысбек Еділбай*

#### Денсаулық

Денсаулықты, балалар,  
Сақта ерте жасыңнан.  
Күтінбеген баланы,  
Көп ауру басынған.

Өзіңе-өзің қарасаң,  
Істегенің тәуір іс.  
Жалқауларға қарасаң,  
Әлсіз келер ауырғыш.

Деме айтқан өзілім,  
Өмір өтер басыңнан.  
Денсаулықтың қадірін,  
Білген абзал жасыңнан.

### 6-тапсырма

Қажетті сөздерді пайдаланып, денсаулық сақтау ережелерін құрастырып, дәптерге жазыңдар.

*Қажетті сөздер: қимыл, жаттығу, шынықтыру, ауа, су, күн, күн тәртібі, дұрыс тамақтану, серуендеу, ұйықтау.*



### Денің сау болсын десең ...

1. Сау болу үшін таза ауа, күннің шуағы өте керек екенін ұмытпа.
2. Тұла бойыңды мойныңды, көкірегіңді, арқанды күнде салқын сумен жуып тұр. Денеңді таза ұста.
3. Жылы мезгілде таза суда көбірек шомыл. Ең артығы күннің шуағымен суға түссең, тіпті жақсы. Тал түсте, күн қызып тұрғанда суға түспе. Тоқ қарынға суға шомылма. Қызынып, терлеп тұрып суға түспе. Суға жүгіріп келіп, қарғып немесе секіріп түспе. Су ішінде көбірек қимылда.
4. Өзіңді, тамағыңды таза ұста. Ішкен-жеген сайын және ертеңгісін, кешкісін ауызыңды тазалап, шайып отыр. Аузыңды таза ұстасаң, тіс ауруының көбінен құтыласың. Тамақ жеген сайын тісіңді жақсылап тазала.
5. Таза ауада көбірек қимылда, серуенде, ойна, жүгір.
6. Денеңді тар киіммен, белбеумен, түрлі баумен байлап қыспа.
7. Аяқ киімнің ұлтаны табаныңа лайық болсын, өкшесі жалпақ, аласа болсын. Биік өкше өте зиян болады.
8. Бөгделердің киімдерін, әсіресе бет орамалын, қол орамалын пайдаланба.

9. Өте көп ішіп-жеме. Бұзылған астан, сіңімсіз тамақтан, әсіресе тәттіден бойыңды аулақ сал. Тамаққа отырар алдында қолыңды жу.

10. Ұйқы адамға күш-қуат береді. Сондықтан ерте жат, ерте тұр.

*Халел Досмұхамедұлы*



### **Көңілді күн**

*Өлеңін жазған Арман Дүйсенбі  
Әнін жазған Ұлықпан Жолдасов*

Теріп едік жемісін сезім бақтың,  
Сыйластықтың алауын өзің жақтың.  
Сенің думан тойыңның әнін естіп,  
Есігіңді шыдамай өзім қақтым.

*Қайырмасы:*

Бүгін қандай тамаша  
Көңілді күн!  
Сені қуанышыңмен құттықтаймын,  
Бақытты бол, жан досым!

Бір тамаша отырдың өмірге еніп,  
Жүзің бал-бұл жадырап көңілденіп.  
Есігіңнен мен кіріп келгенімде,  
Қуандың-ау балаша мені көріп.

*Қайырмасы.*

## ЖЕР – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ



**Жер – адамның бесігі.**

*Халық даналығы*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Қоғабай Сәрсекеев*

**Жер – анамыз**

Бейбіт бақша ішінің топырағын қопарып, оңды-солды шашып ойнап жүр еді, өтіп бара жатқан бір қария:

– Әй, бала! Жерді мұнша неге қорлайсың? Қайта қадірлеп күтпеймісің? Ол сенің асыраушы анаң ғой, – деді.

Балшықты «анаң» дегенінен аң-таң болған Бейбіт:

– Менің анам үйде, аты – Зейнеп, – деді.

– Балам, онда сол Зейнеп келінге айта бар, түсіндірер, – деп қария ұзай берді.

Бейбіт үйге келді. Анасы баласының үсті-басын көріп кейіді. Тамағын ішіп, көңілі жайланған соң, Бейбіттің есіне қарияның айтқаны түсті.

– Апа, – деді ол, – мына бір шал «жерді босқа қопарма, ол сенің анаң!» – деді, – ол не дегені?

– Сен не дедің? – деп сұрады Зейнеп.

– Менің анам үйде дедім.

– Балам-ай, неге сонша кір, балшық болып келгеніңді енді білдім. Ол кісі саған дұрыс айтқан. Жер – бәріміздің анамыз. Онсыз тіршілік жоқ.

Бейбіт әлі аң-таң. Шешесі де қарияның сөзін айтады.

– «Жер – анамыз» дейтін себебіміз, – деді анасы, – ішетін суымыз, жейтін нанымыз – жердікі. Дұрыстап ұғып алғын, тіпті, адамға қажеттінің бәрі жерден өнеді. Қағаз, қарындаш, мәшинелерді жасайтын темірді де жер береді. Мысалы:

жаңағы жеген қаймағың сиырдың сүтінен алынады. Сиыр жердің шөбін жемесе сүт бермейді. Сүт болмаса, қаймақ қайдан келеді? Солай, балам солай. Сондықтан да Жер – бәріміздің асыраушы анамыз.

Бейбіт анасының әр сөзін зейінменен тыңдады. Түстен кейін бақшаға кіріп, қопарып, шашып ойнаған топырақты тегістеді. Тіпті, ақырын ғана алақанымен аялап, сипап қойды.



- Жерді неліктен қадірлеп күту қажет?
- «Жер – асыраушы анаң» дегенді қалай түсінесіңдер?
- «Жер – жомарт» деп неліктен айтады?
- Жер мен адамның арасында қандай байланыс бар?
- Өзің жерге қамқорлығыңды қалай көрсетер едің?



### 1-тапсырма

«Менің туған өлкем» тақырыбында өз туған өлкелеріңе қатысты коллаж құрастырыңдар.

### 2-тапсырма

Мәтінді оқып, кестені толтырыңдар.

*Ахмет Байтұрсынұлы*

### Жер беті

Бір күні мұғалім бізді ертіп, ауыл жанындағы төбеге шықты. Төбенің басына шығып болған соң айтты: «Жан-жаққа қараңдар! Жер беті қандай көрінеді? Тегіс пе?» – деді. Біз: «Тегіс емес, ойлы-қырлы дедік. Ой деп нені айтасыңдар? Қыр деп нені айтасыңдар?» – деді. Біз: «Ой деп аласа жерді, қыр деп биік жерді айтамыз», – дедік. «Аласа жерлердің бәрі ой деп атала ма?» – деп сұрады.

Біз оған жауап бере алмадық. Сонан соң мұғалім өзі айтып берді. Аласа жерлердің бәрі ой болатыны рас, бірақ

түріне қарай түрлі атанады. Мәселен, ойпаң, аңғар, баурай, үңгір, қуыс, табан, етек дегендердің бәрі аласа жерлердің аттары, биік жерлердің аттары да түріне қарай түрлі болады.

Мәселен, тау, үстірт, жон, жота, төбе, оба. Бұлардың бәрі де биік жерлердің аттары деді. Мұнымен де жер аттары тамам болмайды, ой болсын, қыр болсын ағашты жерлер орман деп, бұталы жерлер тоғай деп, шөпті жерлер шалғын деп, жазық жерлер дала деп, сулы жерлер сала деп, сусыз жерлер шөл деп аталады деді. Түрлі жерді саялайтын түрлі мақлұқтар бар, түрлі жердің бетіне шыққан түрлі түктер бар. Түрлі жердің ішінде жатқан кендері бар. Солардың қайсысын пайдалана білеміз, қайсысын пайдалана білмейміз. Пайдалана білсек, дүниеде пайдаға аспай қалатын нәрсе жоқ. Сондықтан білімі көп жұрттар дүниедегі нәрселердің көбін пайдаға асырады, білімі аз жұрттар азын пайдаға асырады. Білім үйренумен, оқумен табылады деді.

Білемін	Білгім келеді	Білдім

### 3-тапсырма

Сөйлемдерді жалғастырып жазыңдар.

*Жер – біздің ортақ үйіміз, өйткені...*

*Мен өз туған өлкемді сүйемін, өйткені...*

*Мен үшін Жер-ана...*

*Табиғатпен тіл табыса білу керек, себебі...*

*Жер-ананы аялау керек, өйткені...*



Жер – біздің ортақ үйіміз. Ол адамдардың тіршілік мекені. Орман-көл, тау-тас, жан-жануарлар, өсімдіктер, құстар – барлығы жер сыйы. Жер бізді асыраушы анамыз. Жер – жалғыз панамыз. Жерді көздің қарашығындай сақтау, қадірлеп аялау бәріміздің міндетіміз.

Жер бетінде өмір сүріп жатқан адамдардың барлығының тілегі – бейбітшілік.





*Құрманбай Толыбаев*

### Ақ гүл

Гүлдер өз бойындағы келісті әдемілікпен сезімді баурай алатын әсемдігін мақтаныш ете маңғазданады. Арман арқалатқан үміт әсеріндей құбылады сары гүлдер. Көңілдің көл-көсір тұңғиығындай көлбеңдейді көк гүлдер. Солқылдаған өрімтал, сылаңдаған ақ қайың, сұңғақ қарағай, әсем терек сыпайы жарастықпен сыбырласады, сырласады. Самал лебіне билеп, даланың күмбірлеген сазына балқығандай ырғалады. Бәрі тіршілігіне риза. Күлімдеген күнге де, ескен желге де, найзағайлы нәсерге де асқақ еркелейді.

Шүпірлеген жапырақ жайып, сойдақ-сойдақ бұталарын бүрлендіре шешек атқанымен, итмұрынның бармақтай-бармақтай ақ гүлдері ғана мұңды тәрізді. Төңірегіне жаутаңдай қарап, күйіне түседі.

– Тасты жарып шыққан бұтада өстім. Күш-қайраттың тамыры бар менде. Жел шайқаса бұралып, жай тұрғанда сыланған мынау сары гүл мен шілтиген көк гүлдің де менсінгісі келмейді. Әлде, көз тояттар әсемдік кем бе менде?.. Жо-жоқ... Бір бұтаның мақтаныш тұтар көркімін ғой...

Итмұрынның ақ гүлі өзін-өзі демейді. Әлгі ойынан медет табады. Бірақ, өңі басқа гүлдердің өзін тосырқайтынын ойлағанда еріксіз күйінеді. Өзінен-өзі мұңға басып, басын төмен салбыратады. Содан өзі нәр алатын қара қошқыл топыраққа мейірлене қарайды.

– Жер – күллі жан-жануардың анасы. Мені де өсірген жер. Еш уақытта өгейсімейді ол мені. Анам менің – жер. Ана құшағы маған ыстық. Ол менің кіршіксіз аппақ реңімді сүйеді. Мені де өзінің келісті көркі есептейді. Мүмкін, басқа түсті гүлдер соны қызғанатын шығар.

Ақ гүл қатарындағы солқылдақ құрайдың сабағында тұрған қызыл гүлге көзінің қиығын салады. Онда ешбір уайым жоқ. Жүзі бал-бұл жайнап, күн сәулесіне ентелейді. Көк гүл көкпеңбек аспанға құштарлана телміреді.

– Қарашы, бәрі де мені мазақтайды. Жайнаң қағулары сонан болар. Неге ғана ақ түсті болдым екен...



Ақ гүлдің наласына ешкім де құлақ аспайды. Ол өзінен-өзі күйзеледі. Басқаның әдемілігін өзінен таппаған соң, олардың бәрі өзін қорлайды, менсінбей кемітеді, деп ойлайды. Итмұрынның да сары гүлі болады ғой. Ең болмаса сол реңнің де өзіне бітпегенінен құсаланады. Бірақ, табиғат дастарқанына тастар пайдалы қасиетінің бар-жоғын өзі де білмейді. Қамыққан сайын осыны ойлайды. Сонда да мынау қопсыған қара топырақ түгін аямайды.

Ақ гүлдің мұңы меңдей береді. Жайнаңдаған қызыл гүл оның бозарған солғын жүзінен күйінішін сезініп, жұбата бастайды.

– Ұрпақ өсіру – ананың арманы. Жер бөрімізді өсірді. Ендеше өсіп-жетілген ұрпақ тіршіліктің бір қажетіне жараса болғаны да. Сонда ғана өмірден өгейлік көрмейсің. Біреудің жақсысын өзімде жоқ деп қызғансаң, ол – өзінді-өзің қорлағаның.

Қызыл гүлдің кеңесін ақ гүл алдарқату деп ұғады. Қызғаныш басылмайды. Сонда да күн нұрын гүлдің бәріне түгел себеді. Көкжиектен көтерілген бұлт жөңкілеп аспанның төріне шоғырланады. Үйіріліп қалған бұлттарды найзағай отты қамшысымен осып-осып жібергенде, қара көк бұлт мөлдір маржанын төге салып, асқар таудың биік шыңына барып шөге кетеді. Сылқылдай күліп самал сырғиды. Нөсерден кейін тұнық ауа әлемді рақатқа бөлейді. Ақ гүл де сергіп, құштарлана тыныс алады. Жер-ана тіршілікке құшағын кең ашып, күлімдейді.



- «Жер – тіршіліктің бастауы» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Жер-анадан қандай үлгі алуға болады?
- Жерді сақтаудың маңызы неде?
- Жер-анаға қандай тілек айтар едің?



#### 4-тапсырма

Адамгершілік қасиеттерді жермен байланыстыра отырып, өз ойларыңды түйіндеп айтыңдар.

*Жер – мейірімді, өйткені ...*

*Жер – жомарт, өйткені ...*

*Жер – шыдамды, өйткені ...*

*Жер – қамқоршы, өйткені ...*

*Жер – кеңпейіл, өйткені ...*

*Жер – қадірлі, өйткені ...*

#### 5-тапсырма

Кестеде келтірілген нақыл сөздерді оқыңдар, олардың жанына өздеріңнің тұжырымдарыңды жазыңдар.

Жер-ана, туған жер туралы нақыл сөздер	Өз тұжырымым
Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас. <i>Әйтеке би</i>	
Жері байдың – елі бай. <i>Жамбыл Жабаев</i>	
Барша байлықтардың анасы – жер. <i>Ыбырай Жақаев</i>	
Дүниеде туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ. <i>Ғабит Мүсірепов</i>	
Сүй еліңді үйіңдей, сүй үйіңді еліңдей. <i>Қасым Аманжолов</i>	

## 6-тапсырма

«Жер – бейбітшілік мекені» тақырыбында сурет салыңдар.



Ел мен жер – оның көгілдір орманы мен мөлдір көлдері, байтақ даласы мен асқақ таулары – біздің басты байлығымыз. Жер, су, ауа, адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына.

Міне, осы қазынаны аға ұрпақ өкілдері, жас ұрпақ – сендер де, барлығымыз да көз қарашығымыздай сақтап, ел игілігіне жұмсауымыз қажет.

Мен рақметті алдымен, жерге айтар едім, өзімді дүниеге келтірген, маған бақыт әперген, жомарт төсінде дән-дариясын тасытқан, о қасиетті Жер-ана, сенсің, менің ардақтым!

*Ыбырай Жақаев*



## Тыныштық

*Сөзін жазған Әдібай Табылды*

*Әнін жазған Ибрагим Нүсіпбаев*

Бейбіт күн – тыныштық!

Біз үшін тым ыстық,  
Тыныштық тұтқасы –  
Ынтымақ, туыстық!

Жер ана – бағымыз  
Туыстық сәніміз.  
Тыныштық әнін біз  
Шырқайық бәріміз.

Алапат болмасын  
Жаумасын қорғасын!  
Тыныштық сән құрып,  
Мәңгілік орнасын!

Нұр тұнсын қырымыз,  
Құлпырсын гүліміз.  
Жайқалсын бағымыз,  
Жайнасын күніміз.



## ТЕСТІЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

### 1-тест

Сен ағаш басында отырған мысыққа тас лақтырып жатқан балаларды көріп қалдың.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Балалардың қылығы дұрыс еместігін айтып, оларды тоқтатамын.*

*Ә) Балаларға ештеңе айтпаймын.*

*Б) Балалардың қылығы дұрыс еместігін білсем де, оған араласуды жөн санамаймын.*

### 2-тест

Апаң сені мектепке мұнтаздай етіп киіндіріп жіберді. Ал сен болсаң, жол-жөнекей доп қуып, үсті-басыңды кірлеттің. Апаң сені көріп, аң-таң болып тұрып қалды.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Апамнан кешірім сұрап, себебін айтамын.*

*Ә) Үндеместен қарап тұрамын.*

*Б) Апамды ренжітпеу үшін, сылтау айта саламын.*

### 3-тест

Апаң сені аулада ойнап жүрген жеріңнен тамаққа шақырды. Сен жүгіріп келген бойы дастарқанға отыра қалдың. Дастарқан басындағылар саған аң-таң болып қарап қалды.

*Сенің әрекетің қандай?*

*А) Мен ештеңе болмағандай отыра беремін.*

*Ә) Дереву барып қолымды жуып келемін.*

*Б) Қарным ашып тұрғандықтан, тамақ ішуге кірісемін.*

### 4-тест

Сен топырақты бекерге қопарып, жан-жаққа бей-берекет шашып ойнай бастадың. Мұны көрген анаң неліктен бұлай істегеніңді сұрады.

Сенің әрекетің қандай?

А) Жерді бекер қопарғаным үшін анамнан кешірім сұраймын.

Ә) Бұл ісімді дұрыс деп есептеймін.

Б) Мұның дұрыс емес екенін түсінсем де, үндемей тұра беремін.

### «Мейірім тамшылары» жобасы



Жоба бойынша жұмыс қорытындысын шығарыңдар. Мерекеге кімдерді шақыратындарыңды ойланыңдар.

Мерекені ұйымдастырарда сендердің ілтипаттарың мен қамқорлықтарыңды ерекше қажет ететін жандар барын естеріңнен шығармаңдар.

## БАЛАЛЫҚ ШАҚ МЕЙРАМЫ



Азат елдің аспаны ашық.

*Нақыл сөз*

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.



*Әдібай Табылды*

**Бақыт деген немене?**

Атасынан немере:

– Бақыт деген немене?  
Деп сұрады бір күн кеп.

Қарт:

– Ойланғын, – ұлым, – деп,  
Ақ сақалын тарады:  
– Бақыт деген, қарағым,  
Оңай келмес адамға,  
Арманына қалаған

Жету үшін әр адам,  
Еңбек етіп әманда,  
Өз ісіне сенеді,  
Қиындықты жеңеді...  
Пайдалы өтсе уақытың,  
Ол да сенің бақытың!  
Бақыт – іске сенгенің,  
Денсаулық пен еңбегің.





- Бақыт дегенді қалай түсінесіңдер?
- Адам не үшін еңбек етеді?
- Арманға қалай жетуге болады?
- Өмірдегі басты нәрсе не деп ойлайсыңдар?
- Сенің мақсатың қандай?



### 1-тапсырма

Мақал-мәтелдерді жалғастырып айтыңдар.

*Қажетті сөздер: егіз, еңбекте, ер бақытты, ел бақытты, береке, бақыт бар.*

Өзін-өзі білген – ...

Өзін-өзі билеген – ... .

Ынтымақ бар жерде – ... .


Бақыт кілті – ... .

Еңбек түбі – ... .

Еңбек пен бақыт ... .

### 2-тапсырма

Сурет бойынша әңгіме құрастырып айтыңдар.





### 3-тапсырма

Сұрақтарға жауап жазыңдар.

Нені білдім?	Не үйрендім?	Нені білгім келеді?



Өзіңді өзің тану – бұл өзіңді өзің сезіну, түсіну, ұғыну. Өзіңді және өзгелерді, қоршаған дүниені тану арқылы өзіңді өзің тани аласың. Өзіңнің ойыңды, сөзіңді, іс-әрекетіңді талдау және бағалау арқылы өсе түсесің.

Жағымды ойлауға, жақсылық жасауға, мінезіңді жақсартуға ұмтылу ізгілікке бастайды.



\*\*\*

- Ең құнды не ұлым?
- Ол ғаламат ғылым!
- Тозбайтын не күнім?
- Ол өнер мен білім!
- Парыз ба шұлық тоқу?
- Парыз – адамға оқу!
- Не қымбат дейді атаң?
- Ол – туған жер, Отан!
- Бөлейтін не сыйға?
- Ол – әдеп пен иба!

- Бақыт қалай келмек?
- Оны әкелер – еңбек!
- Жаңбыр неге себелер?
- Онымен жер көгерер!
- Күн болмаса, хош енді?..
- Бүкіл тіршілік өшеді!
- Болмаса егер жер-жаһан,
- Мен де мүлде болмас ем!



- Өнер-білім неліктен тозбайды?
- Өз парызыңды қалай түсінесің?
- Әдептілік дегеніміз не?
- Туған жер, Отан неліктен қымбат?



#### 4-тапсырма

Сөйлемдерді жалғастырып жазыңдар.

*Мені жақсы көретін адам – ол ...*

*Менің жақсы қасиетім – ол ...*

*Менің жақсы көретін сөзім – ол ...*

*Менің жақсы көретін ойыным – ол ...*

*Менің жақсы көретін ісім – ол ...*

*Менің мақсатым – ол ...*

*Менің арманым – ол ...*

#### 5-тапсырма

Өзін-өзі тану сабақтарын естеріңе түсіріңдер.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

• Өзін-өзі тану сабақтарынан өзіңе қандай жаңалықтар аштың?

• Өз бойыңдағы адамгершілік қасиеттерді қалайша дамыттың?

• Өзін-өзі тану сабақтарынан не түйдің?

## 6-тапсырма

Өзін-өзі тану сабақтарынан алған жақсылықтарды естеріңе түсіріп, сахналау, концерт, ойын түрінде презентация жасаңдар.



Адам өмір бойы өзін-өзі танумен айналысады.  
Өзін таныған адам өмірді де таниды.

Өзіңнің тілек-қалауларыңның орындалуы,  
жетістіктерге қол жеткізуің, бақытты болуың өз  
қолыңда.

Ол үшін өзіңе өзің есеп беру, өзіңді өзің  
бақылау, дамыту, басқару, тәрбиелеу аса маңызды.



## Бала тілегі

*Өлеңін жазған Сержан Молдасанұлы  
Әнін жазған Фарида Жолдасова*

Бал-балалық, балдырған шақ сан арман,  
Барлық бала армандауға жаралған.  
Кел, достарым, әндетіндер, билеңдер,  
Гүлденсін деп атамекен – қара орман.

Болашақтың иесіміз бәріміз,  
Туған жердің түрлендірер нәріміз.  
Алтын бесік – ұлан байтақ елімде,  
Жарқын болсын шырқап айтар әніміз.

Қалықтаған көгершіні көгінде,  
Мұңаймасын ешбір бала елімде,  
Ата берген батаменен көркейсін,  
Ұлы Отаным, тілегім сол менің де.



# МАЗМҰНЫ

## I тарау. ҒАСЫРЛАР ДАНАЛЫҒЫ

1-2 сабақтар.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгереміз.....6

3-4 сабақтар.

Халықтың мәдени мұрасы ..... 14

5-6 сабақтар.

Кітап – білім көзі ..... 23

7-8 сабақтар.

Оқу – менің еңбегім..... 30

## II тарау. ЫНТЫМАҚТЫ ОТБАСЫ

9-10 сабақтар.

Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті ..... 44

11-12 сабақтар.

Бастаулардың бастауы ..... 54

13-14 сабақтар.

Өзінді және басқаларды түсіне білу..... 60

15-16 сабақтар.

Бәрі де сүйіспеншіліктен басталады..... 68

## III тарау. АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

17-18 сабақтар.

Ақжарқындық және оптимизм..... 79

19-20 сабақтар.

Ақкөңілділік туралы..... 91

21-22 сабақтар.

Жомарттық және кеңпейілділік ..... 98



23-24 сабақтар.  
Өз еліңнің патриоты болу..... 107

#### **IV тарау. ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ!**

25-26 сабақтар.  
Сүйіспеншілік пен жақсылық жолы ..... 119

27-28 сабақтар.  
Табиғатпен үйлесім..... 125

29-30 сабақтар.  
Денсаулық құпиялары ..... 133

31-32 сабақтар.  
Жер – біздің ортақ үйіміз ..... 142

33-34 сабақтар.  
Балалық шақ мейрамы..... 151

Оқу басылымы

## ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

Ізғұттынова Рабиға Отарбайқызы  
Мұратханова Райхан Мұратханқызы  
Оралбекова Әлия Құрбанқызы

*Жалпы білім беретін мектептің  
3-сыныбына арналған оқулық*

*Редакторы: Изғұттынова Р.О.  
Компьютерлік беттеу: Цвиренко Л.Н.  
Суретші: Ширшина Н.В.*



Компьютерде беттеген 23.05.2018. Басуға 07.06.2018 ж. қол қойылды.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Қаріп түрі DS SchoolBook.

Пішімі 700 x 100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Баспа табағы 12,9.

Таралымы 150 000 дана. Тапсырыс № 0001252-01.

«Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және  
сауықтыру орталығы

«Интеллсервис» ЖШС-нде басылды  
B64E9X5, Талғар қаласы, Промышленная к-сі, 5 үй

[www.intellservice.kz](http://www.intellservice.kz)

